Cap-cat, Videoleap, Windows Live Movie Maker, InShot видеоредакторлары арқылы жасалған видеофильмдер мен слайд-шоулардың көмегімен («Түрлі-түсті апта», «Бөбекжайдағы өмір», «Рөлдік ойындар және т.б.») ата-аналарға балаларының бөбекжайда (топ ішінде) болып жатқан қызықты өмірлерін көруге мүмкіндік береді.

3. Желіде өзара онлайн әрекеттесуді ұйымдастыру.

* Электрондық поштаны пайдалану. Электрондық поштаны пайдаланудың артықшылықтары ата-аналардың назарына ақпараттың үлкен көлемін жеткізуге болады, отбасымен жеке қарым-қатынасты жүзеге асыруға болады. Біз өз тәжірибемізде электронды пошта арқылы конкурстарға материалдар, ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар сценарийлерімен алмасу үшін қолданамыз.

* Ұялы телефонмен байланысы. Әрбір ата-анада тәрбиешінің ұялы телефоны бар, сонымен қатар топта барлық ата-аналардың телефондарының тізімі бар. Балалардың ата-аналары тәрбиешіге қоңырау шалуға, SMS хабарлама жіберуге, өздерін мазалаған сұрақ қоюға немесе мәселе туралы хабарлауға болатынын біледі. Ұялы телефонды қолданудың артықшылығы ата-аналармен тікелей диалогты жүзеге асыру, ақпараттың жедел жетуінде.

* ВК-дағы әлеуметтік желісінде топтың беті. «Вконтакте» әлеуметтік желісі ақпараттық және танымдық қызмет атқарады.

* «Ер Төстік» бөбекжайының <https://balkhash.goo.kz> жеке сайты.

Интернетте балабақшаның жеке сайтының болуы ата-аналарға мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өмірі туралы, барлық іс-шара, жетістіктер, хабарламалар ресми ақпараттарды жылдам алуға, нормативтік құжаттармен танысуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балалардың отбасыларымен өзара әрекеттесуде АКТ-технологияларын қолданудың артықшылықтары келесідей:

* ата-аналарға ағымдағы бағдарламалардан хабардар болу мүмкіндігі беріледі;

* ата-аналардың ақпаратқа қол жеткізу уақыты барынша қысқарады;

* оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін, баланың дамуындағы жетістіктер мен проблемаларды жедел хабардар ету қамтамасыз етіледі;

* тәрбиешінің балабақшадағы баланың іс-әрекетіне қатысты фотоматериалдарды көрсету мүмкіндігі іске асады;

* оқушылардың ата-аналарына жеке көзқарасты қамтамасыз етеді,

* тәрбиеші мен топтың ата-аналары арасындағы виртуалды диалог;

* Ата-аналар балабақша тәрбиешісімен қарым-қатынас жасауға ынталы.

Коммуникациялық және ақпараттық технологиялардың әртүрлі түрлерін тәжірибеге енгізу арқылы ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысу дәрежесі айтарлықтай артқанын көре аламыз.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының №319-ІІІ «Білім туралы» Заңы (7 шілде 2020 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен). 2007 ж.

2. Калмурзина Р.С. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану». Астана. 2019 ж.

3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи әдістер мен технологияларды қолданудың жаңа үрдістері». №1 Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана. 2022 ж.

Азимова А.А., Гофман М.А.

КТГКП «Ясли-сад «Алтын сақа» город Караганда

ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ФИЗКУЛЬТУРОЙ

В наше время дети мало двигаются и не занимаются спортом. А, ведение здорового образа жизни, это основной фактор влияющий на здоровье человека.

Дошкольный возраст является периодом развития ребенка во всех направлениях и, в том числе, определения состояния их здоровья. Именно в дошкольном возрасте закладывается основа здоровья, правильного физического и психического развития, формируются двигательные способности, проявляется интерес к физической культуре и спорту, воспитываются личностные качества. Поэтому так важно в дошкольном возрасте прививать у детей любовь к физической культуре, занятиям спортом, закаливающим процедурам. И если сформировать эти навыки, то и в школьном возрасте дети будут с удовольствием продолжать заниматься спортом.

А каким образом повысить у детей дошкольного возраста интерес к занятиям спортом, желанию больше двигаться?

Стремительное развитие информационных компьютерных технологий и их внедрение в образовательный процесс дошкольного учреждения, наложили определенный отпечаток на деятельность современного педагога. Одним из важных условий обновления организации образовательного процесса бесспорно является использование информационных компьютерных технологий в работе с детьми дошкольниками. Педагогам, повышая свой уровень мастерства и профессионализма, необходимо владеть, использовать, разрабатывать и применять такие технологии в своей практической деятельности.

В настоящее время, когда в жизни каждого ребенка наблюдается большое разнообразие игрушек и гаджетов, педагогам, работающим с детьми, становится все труднее найти интересные и увлекательные формы работы с детьми. Так как каждый педагог стремится к тому, чтобы занятия с детьми в дошкольном учреждении проходили интересно и приносили пользу детям, возросла необходимость в применении информационных технологий в работе. Они дают большие возможности в организации физкультурно-оздоровительной работы в дошкольном образовательном учреждении.

Бесспорно, что в современном образовании ИКТ не решает всех проблем, а является лишь вспомогательным средством обучения. Важными также остаются другие современные

используемые педагогические технологии, практики и инновации в процессе обучения, которые позволяют применить к воспитанникам дошкольного учреждения большой запас знаний, а также создать условия для проявления познавательной дошкольников.

Таким образом, информационные технологии позволяют сделать физкультурное занятие более интересным и динамичным, помогают «погрузить» ребенка в предмет изучения, создать на занятии иллюзию соприсутствия, содействовать становлению объемных и ярких представлений.

В своей работе больше всего мы используем слайды, выведенные на большой экран. Такой способ применения ИКТ является прекрасным наглядным материалом, который не только оживляет занятие, но и формирует интерес и вовлеченность каждого ребенка в учебный процесс. Например, слайды на тему «Зверобика», дети смотрят на экран, видят изображение какого-либо животного и имитируют его движения (ползание на четвереньках, прыжки, бег и т.д.).

Также используем мультимедийные презентации и видео-уроки. С ними мы разучиваем комплексы общеразвивающих упражнений, дыхательную гимнастику, наглядно дети смотрят на выполнение различных спортивных упражнений, правильную технику, комплексы пальчиковой гимнастики. На экране появляются картинки – символы различных упражнений. Выполняемые упражнения сопровождаются движением глаз, что также является полезной двигательной гимнастикой для профилактики нарушений зрения у дошкольников. Детям очень нравятся такие занятия, они с желанием выполняют задания, проявляют интерес к изучаемому материалу.

Также используем мультимедийные презентации на различные спортивные темы. Например, «История олимпийских игр», «Зимние виды спорта», «Летние виды спорта», «Спортивные игры», «Спортивное оборудование», «Казахстанские спортсмены» и так далее. Презентации позволяют подавать материал в яркой, динамичной форме, что особенно привлекает внимание детей. За счет высокой динамики эффективно проходит усвоение учебного материала, тренируется память, активно пополняется словарный запас, развивается воображение и творческие способности детей. Чередование демонстрации красочного материала и беседы с детьми, помогают в большей степени добиться поставленных целей. Безусловно, такие тематические занятия благотворно влияют на развитие детей, ведь дошкольники не только слышат информацию от педагога, а наглядно ее видят на экране, соответственно по окончании занятия имеют более глубокие и полные знания по изучаемой теме.

Важным направлением в работе является взаимодействие с родителями. Из своего опыта работы с ними, могу с уверенностью подтвердить, что если родители проявляют интерес к физическому развитию в семье, принимают активное участие в спортивных мероприятиях ясли-сада, то и дети будут стремиться к ведению здорового образа жизни.

Современные информационные технологии в работе с родителями создают огромный образовательный и воспитательный ресурс для инструктора по физической культуре. С помощью мессенджеров, инструктор может передавать важную информацию для родителей, а также информировать их о проводимых занятиях и спортивных мероприятиях в ясли саду. Тематические презентации, ролики, рекомендации для родителей на различные темы, например, «Как заинтересовать ребенка занятиями физкультурой?», «Упражнения для профилактики плоскостопия у детей», «Гимнастика для глаз» и т.д.

В своей практике стала чаще прибегать к использованию компьютера на своих занятиях, а также давать родителям задания через онлайн. Применяю для ознакомления родителей с новой информацией через презентации, в инстаграмме выкладываю для них отрывки наших мероприятий и интересных проведенных видов физкультурных упражнений, подвижных игр, утренней гимнастики и других.

Использование информационных технологий на занятиях физкультурой в дошкольном учреждении, в совокупности с правильно подобранными технологиями обучения, создают

необходимый уровень качества, вариативности, дифференциации и индивидуализации обучения и воспитания.

Таким образом, на основании изложенного можно заключить, что ИКТ помогают инструктору по физической культуре повысить мотивацию обучения детей и их стремление заниматься спортом.

Использованная литература:

1. Желобкович Е.Ф., «Физкультурные занятия в детском саду», изд. «Скрипторий 2003», 2010г.
2. Адашкявичини Э.И. «Спортивные игры и упражнения в детском саду». Изд. Просвещение, 1992г.
3. Картушина М.Ю. «Оздоровительные занятия с детьми 6-7 лет». Изд. «Сфера», 2010г.

Аринбаева Ш. К.

Қарағанды қаласы, «Балақай» КМҚК бөбекжайы

«БӨБЕКЖАЙҒА АРНАЛҒАН ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ»

*«Жақсы салынған суретте көп сөздің түйіні бар»
деп бабаларымыз сурет өнері маңызына үлкен мән берген.*

Қазіргі жағдайда мемлекеттердің даму деңгейі табиғи ресурстардың байлығымен ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық және шығармашылық әлеуметімен, ғылым мен өндірісте жаңа технологияларды игеру мен енгізу табыстарымен анықталады.

Мен кішкентай жасымнан сурет салуды ұнатамын. Менің сурет салуға деген құштарлығым, өнерге деген құлшынысым арта түсті. Сурет салу- адамның ойын, өмірдің мәнін, ішкі жан-дүниесін суретпен түсіре алу болып табылады. Көп жағдайда сөзбен айту қиындық туғызғанда, суретпен жеткізе аласың. Өз тәжірибемде балалармен жобамның «Сиқырлы саусақтар» атты таңдауы арқылы, жұмысты іске асырып келе жатырмын.

Заман талабына сай жаңа тәсілдер баланың бойында өзгешілікті ойлап табуға қазіргі озық технологиялар арқылы заманында тың дүниелер ойлап табуға, ізденімпаздыққа, іскерлігін, мақтаныш сезімін ұялатуға, жетістікке жетуге септігін тигізетін негізгі құрал болып табылады. Инновациялық білім беру құралдары уақытты тиімді және ұтымды пайдалануға мүмкіндік туғызады: яғни біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар, түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді.

ІТ саласы бойынша компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу істерін қамтамасыз ететін техникалық құрал жиыны.

Электрондық байланыс балалардың қызығушылығын арттыра, түсінбей қалған сәттерін қайталап көріп тыңдауға мүмкіндігін береді.

Интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, бірлесіп шешуге әкелетін-ұйымдастыруды ұсынады. Интерактивті құралдардың бірі проектормен және компьютермен бірге қолданылатын интерактивті тақта, онда көптеген бағдарламалық жасақтамалар бар. Виртуалды ақ парақ кескіннің үстіне сурет салып, жұмыс нәтижелерін сақтап, түрлі бейне фрагменттерін қосуға мүмкіндік береді.

Мен үшін балалармен жұмыс істеу процесінде мультимедиялық технологияларды қолданудың пайдасы орасан зор, соның ішінде проекциялық экрандар арқылы аудио, бейне, анимациялық эффекттерді пайдалануға болады. Ол балалардың ақпаратты визуалды

кабылдауына, сенсорлық жүйенің жетілуіне, практикалық және логикалық іскерліктерін дамытады.

Мультимедиялық бағдарлама арқылы көптеген заттарды геометриялық фигуралар арқылы саламыз (сызықтар, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, сопақша). Мұнда кез-келген қиялды жүзеге асыруға болады – көк мұхит, жасыл шөп, сары күн, т.б.

Балалардың өзіндік іс-әрекеті мектепке дейінгі білім беру жүйесінде үлкен маңызға ие. Сурет салу барысында мектеп жасына дейінгі бала байқау, эстетикалық қабылдау, көркемдік талғам, шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады.

«Эбру» әдісі - су бетіндегі қызықты суреттер.

Жабдықтар: арнайы желімдер, қылқаламдар, таяқшалар, арнайы , акрил бояулар, ақ қағаздар, арнайы тарақтар, құрғақ және дымқыл майлықтар, ыдысқа құйылған су, балаларға арналған алжапқыштар.

«Эбру-суда сурет салу» деп аталады, яғни су бетіндегі қызықты суреттерді шығару болып табылады. «Эбру» деген сөзді аударғанда, «бұлт», «теңіз толқыны» деген мағынаны білдіреді. Қылқаламды бояуға малып, судың бетіне жай ғана шашыраңқы түрде сілкіді. Өртүрлі түрлі-түсті бояулармен бірнеше тамшы нүктелер түсіруге болады. Таяқшамен әр жерден өз қалауларынша өрнектер жүргізеді. (гүлдер, пейзаж, балық, ағаш, күн, т.б.)

Ақ қағазды алып, (қағаздың көлемі ыдыстың көлеміндей) судың бетіне жайлап батырмай түсіреді. Қағаздың шеті қайырыла бастаған соң, қағаздың бір шетінен көтеріп шығарады. Қағаздың бетінде әдемі өрнектер шығады.

«Пескография» Алақан бейненсін саламыз. Бұл жарықтандырылған әйнекке жұқа құм қабаты салынған жарық үстелі. Онда барлық әрекеттер қолмен жасалады. Дегенмен қылқаламдар, қарындаштар, таяқшалар және трафареттерді қолдануға болады.

«Дақтар» – бұл мектеп жасына дейінгі баланы дақтармен (қара және түрлі-түсті) сурет салуға үйрету. Тіпті кіші мектеп жасына дейінгі бала дақтарға қарап, суреттерді, заттарды немесе жеке бөлшектерді көре алады. «Сенің дағың неге ұқсайды?», «Ол сізге кімді немесе нені еске түсіреді?» - бұл сұрақтар өте пайдалы, өйткені олар ойлау мен қиялды, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеуін дамытады. Осыдан кейін, баланы мәжбүрлемей, бірақ көрсете отырып, келесі кезеңге өту керек – дақтарды сызу немесе аяқтау. Нәтижесінде толық сюжет пайда болуы мүмкін.

«Түрлі-түсті ағаш үгіндісі». Жабдықтар: түрлі-түсті ағаш үгіндісі, қатты картон қағазы, гуашь, акварель бояулары, қылқалам, ПВА желімі.

Балалар ою-өрнекті бейнелеу арқылы кеңістікті бағдарлауға үйренеді және олардың аттарын есінде сақтайды. Түрлі-түсті ағаш үгіндісі көмегімен, салынған бейнеге ерекше кесе үлгісінің эскизін жасауға немесе ұлттық ою-өрнектерден сәндік композициялар құрастыруға болады.

«Қатты және жартылай құрғақ қылқаламмен ұру» Жабдықтар: қатты қылқалам, гуашь, кез-келген түсті және форматтағы қағаз немесе жануардың пішінін қолдануға болады. Мектеп жасына дейінгі бала қылқаламды бояуларға батырады және оны тік ұстап қағаз бетіне түсіреді, жұмыс кезінде қылқаламды суға батыруға болмайды. Сонымен бүкіл қағаз парағы, контур немесе шаблон толтырылады.

«Ұшталған қарындаштан жапсырма». Жабдықтар: түрлі-түсті ұшталған қарындаштар, канцелярлық н/е ПВА желімдері, картон, ақ қағаз, жаз мезгіліндегі әдемі гүлдер мен көбелектің суреттері.

Ақ қағазға немесе картонға қалауынша суреттің элементін қарындашпен салады. Салынған суретке жұқа қабатпен желімді (ПВА немесе канцелярлық) жағып, әр элементке таңдаулы түрлі түсті ұшталған қарындаштарды жапсырамыз. Осы тәсілмен пейзаждық суреттер, ою-өрнектер құрастыруға болады. Құмыраның сыртын да көрнекілікке қарап, түрлі-түсті ұшталған қарындаштарпен әсемдеп, жапсыруға болады.

«Саусақтарыңызбен сурет» салған кезде келесі материалдар таңдалады: бояулар, кез келген тығыздалған қағаз, кішкене парақтар, майлықтар. Бейне баланың саусақты бояуға батырып, нүктені, дақты қағазға жағу арқылы алынады.

«Алақанмен сурет» салған кезде біз дақ, түс, фантастикалық силуэт түрінде кескін аламыз. Сурет бала алақанды бояуға түсіргенде немесе оны қылқаламмен бояғанда, қағазда із қалдырғанда алынады. Олар оң және сол қолдарымен сурет салады.

Шығармашылық процесте дәстүрден тыс әдістердің қолдану нәтижесі:

- балалардың қорқынышын жеңілдетеді;
- өз қабілеттеріне деген сенімдікті арттырады;
- кеңістікте ойлауды қалыптастырады;
- балаларды шығармашылық ізденістер мен шешімдерге итермелейді;
- әр түрлі материалдармен таныстырады;
- композиция, ритм, түс қабылдау, пішін мен көлем сезімін дамытады;
- қолдың ұсақ моторикасын дамытады;
- шығармашылық пен қиялды дамытады;
- эстетикалық қабылдау қалыптастырады.

Шығармашылық жұмыстарды меңгеру барысында шығармашылық қабілеттері жоғары деңгейде дамиды. Дәстүрден тыс сурет салу әдістері балаларды жалықтыртпайды, одан олар тұрақты белсенділікті сақтайды.

Осы өнерді өзім жалғастырып үйреніп келемін. Қорытындылай келе, балалардың арасындағы жаңаша қатынас, дамыта үйретудің нәтижелі болуы арқылы ғана өз жемісін берері анық.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Акуненко Т.С. «Дәстүрден тыс сурет салу техникасын қолдану» Мектепке дейінгі тәрбие, 2010ж.
2. Грибовская А.А. «Балалар шығармашылығы», Просвещение, 2009ж.
3. Е. Першина «Креативные техники рисования для детского сада»
4. Электронды ресурстар:
 - Білім айнасы.kz/балабақша
 - Balabaksha.kz
 - BARINBILKZ
 - Источник: <https://zvetnoe.ru/club/poleznye-statii/risovanie-na-vode-eburu/>
 - MAAM.RU/

Асабуева С.Ж., Манжосова В.Г.

Қарағанды қаласы, «Аққу» КМҚК бөбекжайы

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бұл тақырыптың өзектілігі: Балаларды жан-жақты дамытып мектепке дайындау. Әрине кәзіргі заманда технологиялар дамыған, әліде даму үрдісінде. Тек, барлық мектепке дейінгі ұйымдарға қол жетімді болып табыла бермейді. Мемлекеттің тарапынан алып қарасақ, ауылдарда, шалғайларда технология аздық етеді. Қалалардың өзінде мектепке дейінгі ұйымдарда жеткіліксіз. Ақпараттық технологияға: интерактивті тақта, ноутбуктар, магнитофон (радио), теледидар, бағдарламалар, бейнесабақтар жатады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға топта не болмаса, музыкалық залда ертегілер көрінісін қойса, бүлдіршіндердің ойлау, есту, көру, есте сақтау, қабілеттері дамиды. Сонымен қоса сөздік қорлары, байланыстыра сөйлеу тілдерін жетілдіреді. Бұл көріністі тамашалаудың өзі бір театр әлеміне саяхат болып табылады. Тәрбиелік мәні де зор. Ал осы маңызды тәрбиелік жағын алып қарасақ, балалардың театрда, көріністерде өзін-өзі ұстаулары, дұрыс, тыныш отырулары, ертегіні тамашалап, тыңдап көріп-естулері. Ертегі кейіпкерлері мен сахна актерларына қол шапалақтап сый құрмет көрсетулерінің тәрбиелік мәні зор. Енді бұл ертегілерде табиғаттың дыбыстарымен, жануарлардың дауыстарын естіртсек, музыка әуенімен сүйелдемесек міне технологияны қолдану болып саналады.

Мысалы, біздің балабақшаны алып қарасак:

Ұлттық сауға ең ірі,

Балалардың серігі.

Құлақ қойып тындаса,

Көтерілер көңілі.

Әр қазаққа біреуден,

«Ұластың» ұлттық өнімі! дегендей

Электронды қазақ үйі бар. Бұл электронды қазақ үйінде 1200 шығарма бар.

Олар: *Қазақ ертегілері

*Балалар әндері

*Күйлер

*Дәстүрлі әндер

*Терме толғаулар

*Бесік жырлары

*Абайдың қара сөздері

FM радиосы бар, тілді дамытып, рухты көтеретін заманауи тәрбие құралы. Бұл электронды қазақ үйі Қазақстан Республикасы Мәдениет министірлігі, Тіл комитетінің тапсырмасы бойынша шығарылған құнды, керемет дүние.

Кәзіргі заманда қазақ тілінде ойыншықтар санаулы. Ол әліппе, сотик ана тілімізде (ойыншық телефон). Бірақ жүректі шаттыққа кернейтін сәттердің бірі: ол мемлекеттік қазақ тілінде кітаптардың, ертегілердің болуы.

Дикан жаңбыр тілемес, астық жатса қырманда.

Басқа қамын түк емес, тілдің қамы тұрғанда.

Тілсіз келген білімнің, түбі шаттық қиғылық.

Көсегесін тілімнің, көтеремін ту қылып.

Ақын көзі жұмылмас, жырдың көзі жұмылмайды.

Елдің туы жығылмас, тілдің туы жығылмай. (Татьяна Бургамистрова)

Сондықтан жас програмист мамандарға ұсынамыз: қазақша бағдараламалар, қазақша ойындар, мультхикаялар, ойлап тапса.

Біздің «Аққу» бөбекжайының логопедтері «Ерекеше білім беру қажеттілігі бар мемлекеттік тілде оқытылатын топ балаларының сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын интерактивті ойындар мен электронды презентациялар арқылы қалыптастыру» атты тақырыпта конференцияда ойындармен таныстырды. Бұндағы жұмыстың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың лексикалық дағдыларын ойын арқылы қалыптастыру. Ал міндеті: балалардың жас ерекшелігін ескерту; оқыту принциптерін басшылыққа алу; сөлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту, яғни сөздегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; ойын арқылы сөйлеу тілінің лексикалық құрылымын қалыптастыру.

Логопедтің негізгі міндеті: артикуляциялық аппараттарын дамыту және сөздер мен барлық дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау; білімдерін тереңдете және қоршаған әлем туралы түсініктердің негізінде балалардың сөздік қорларын байыту және белсендіру; диалогтік тілдесу дағдыларын жетілдіру, әңгімелеп айту және қысқаша пікірлерін ату, біліктерін дамыту; ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу мәдениетінің дағдыларын жетілдіру; балаларды практикада фразалық тілді пайдалана білуге үйрету, яғни тілде негізгі грамматикалық, лексикалық категорияларды дұрыс пайдаланудан, сөзді практикада жекелік, көптік, септік, шақтық, жақтық формалармен түрлендіру дағдысын қалыптастырудан тұратын себебі сол. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін логопед топтық және жеке арнайы түзету іс-әрекетінде грамматикалық, лексикалық ойындарды жас ерекшеліктеріне сай жүргізеді. Біздің «Аққу» бөбекжайының логопедтері септік жалғауларын, көптік жалғауларын, қарама-қарсы мәндес сөздерді, кеңістікті бағдарлау,яғни үстеу, жаңа сөздер құрастыру, заттың белгісі (сын есім), еркелетіп айту бойынша ойындарды ұсынды. Бұл ойындар қазақ тілінің лексикасына сәйкес жасалынды.

Сонымен қоса жас, жалпы логопед мамандар тәжірибелерімен алмасса: білімдерін арттырады, қоржындарына тәжірибе жинайды, жаңа көп дүние меңгереді.

Қорыта айта кетсек, иновацияны бейнесабактар мен тапсырмаларды тек індет кезінде қолдана ғана қоймай, бала жиі не болмаса ұзақ уақыт ауырып балабақшаға келмей жүрген жағдайда, ауа райына байланысты, боранды, қатты аязды күндері, демалыс кезінде де пайдаланған тиімді. Сонымен қоса, бала белі бесіктен шықпай жатып, құлақ қыршынына бесік жырын айтып тыңдату. Үйде радио қосып қою. Қазақша дәстүрлі әндер мен терме-жырлар тыңдату. Көлікпен жол жүрсекте осы әндерді балаларға тыңдату. Домбыра шерте білсеңіздер күй ойнау. Күй тыңдату. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қара сөздерін оқып, айта жүру. Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болып, еліміз тыныш, халқымыз аман болғанда жас ұрпағымыздың бойына сіңіріп тәрбиелеу, атадан келе жатқан ата мұра салт дәстүрімізді ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе берейік.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 ІІ Заңы.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).

3 «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы.

Касымжанова Ж.М

Қарқаралы қаласы, әдістемелік кабинеті КММ

Абзал М.Е.

Қарқаралы қаласы, «Жас терек» КМҚК бөбекжайы

Робототехникамен ІТ-технологиялар платформасын пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың ғылыми-зерттеу қызметін дамыту

Қазіргі заман балалары белсенді ақпараттандыру, компьютерлендіру және робот жасау дәуірінде өмір сүреді. Техникалық жетістіктер адам өмірінің барлық салаларына тезірек еніп, балалардың заманауи техникаға деген қызығушылығын оятады. Техникалық нысандар бізді барлық жерде, тұрмыстық техника мен аппараттар, ойыншықтар, көлік, құрылыс және басқа да машиналар түрінде қоршайды. Кішкентай кезінен бастап балалар қозғалатын ойыншықтарға қызығушылық танытады. Мектепке дейінгі жаста олар оның қалай жұмыс істейтінін түсінуге тырысады. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі жаста балаларды техникалық объектілер құрылымының негіздерімен таныстыру мүмкіндігі пайда болды. Іс-әрекетке бағытталған тәсіл алдыңғы қатарда: проблемалар мен міндеттердің шешімін өз бетінше іздеуге, баланың өз бетінше міндеттер қою қабілетін дамытуға, оларды шешу жолдарын жобалауға, олардың жетістіктерін бақылауға және бағалауға бағытталған ілім. Ол үшін моторлы LEGO модельдері және қарапайым бағдарламалау қолданылады. LEGO модельдері баланы сұрақтар қоюға шақыратын және күнделікті өмірдегі мәселелерді шешуге арналған құралдарды ұсынатын практикалық, "ойлау" жаттығуларының шешімін ұсынады. Робототехника автоматтандырылған техникалық жүйелерді құрумен айналысатын қолданбалы ғылым болып табылады. Робототехника (ЛЕГОТЕКА) балалардың тек

логикалық ойлау қабілеті жетіліп қана қоймай, сонымен қатар балалардың танымдық қабілеттерінің дамуына зор ықпал етеді айқын. Атап айтқанда: ІТ технологиялармен қолдануды үйрене отырып, математикалық, алгоритмдік жалпы қабілеттері мен электронды сызбаларды түсіну, өз ойын нақты және дұрыс жеткізу, проблемаларды түрлі жолдармен шешу, топпен жұмыс жасау секілді басқа да ғылыми-зерттеушілік біліктіліктерін де дамытады. Нәтижесінде келешекте балалар өз жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады.

Тәрбиеленушілер сұрақтар қойып, мәселелерді шешеді. Бұл материал балаларға білуі керек нәрсенің бәрін бермейді. Керісінше, олар білгендері туралы ойланады және әлі игерілмеген сәттерді зерттейді. Сонымен қатар, балалар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді.

Робототехника арқылы мектеп жасына дейінгі балаларда техникалық шығармашылықты дамыту және ғылыми-техникалық кәсіби бағдарлауды қалыптастыру дағдысы дамиды. Қойылған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1. Робототехника, оның адам өміріндегі маңызы, техникалық құралдарды ойлап табумен және өндірумен байланысты мамандықтар туралы алғашқы идеяларды қалыптастыру.
2. Ғылыми-техникалық шығармашылыққа баулу: техникалық тапсырма қою, қажетті ақпаратты жинау және зерделеу, мәселенің нақты шешімін табу және өзінің шығармашылық идеясын материалдық тұрғыдан жүзеге асыру қабілетін дамыту.
3. Өнімді (жобалау) қызметті дамыту: балалардың робототехникалық құралдарды құрастыру мен бағдарламалаудың негізгі әдістерін игеруін қамтамасыз ету, алынған деректерді талдау және көрсету қабілетін дамыту.
4. Өз өмірінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру: робототехникалық модельдерді жобалау үшін қажетті компьютермен, материалдармен және бөлшектермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы түсінік қалыптастыру.
5. Өз еңбегіне, басқа адамдардың еңбегіне және оның нәтижелеріне құндылық қатынасын тәрбиелеу. Ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру: ұжымда, командада, шағын топта (жұпта) жұмыс істеу.

Өз қолыңызбен ойыншықтарды схема бойынша немесе күн сайын өз дизайныңызбен жасау – кез-келген баланың арманы. Және оны заманауи дизайнерлермен бірге жүзеге асыру оңай. Сондықтан, бізде жеке тәжірибемізде балабақша бойынша ересек топтарында робототека жобасын бірнеше жылдан бері қолданып келе жатырмыз. Жаңа материалда бағдарламалау дағдыларыңыз 12 түрлі ойыншық үлгісін жасауға мүмкіндік беретін Uaro робототехникасы туралы айтсақ... UARO-робототехника мен интерактивті бағдарламалауды біріктіретін балабақша мен бастауыш мектепке арналған инновациялық дизайнерлер. 4-7 жастағы балаларға жарамды және жануарлардың, заттардың және көліктің әртүрлі үлгілерін жобалауды қамтиды, пластикалық болттар мен бұрағыштармен жалғанған жарқын бөлшектер, Lego Duplo кірпіштерін бекітуге арналған бөлшектер бар, арнайы өріске орналастырылған түрлі-түсті текшелермен бағдарламалау, бағдарламалауға арналған uaro мобильді қосымшасы, жиынтықта электр қозғалтқышы, LED дисплей, әуен ойнатқышы, қозғалыс сенсоры (инфрақызыл), қосқыш бар балалар мен педагогтерге арналған сабақтары бар тегін дәптерлер және құрастыру схемалары қамтылған. Сол себептен балалармен дәл осы Lego-мен айналысуға шешімге келдік. Бөлшектерден 12 түрлі роботты құрастырылады, соның ішінде: кран, әткеншек, Робот, машина, жираф, көбелек, бақа және т.б;



Схема бойынша 12 роботтан басқа, балалар роботтың жеке моделін жинап, онымен бірге көрмелерге, білім беру мекемелері арасындағы робототехника жарыстарына қатысып, тәжірибие алмаса отырып жүлделі орнындарды иеленген. Сондай-ақ легоның қарапайым түрлері де бастапқы кезеңдерде қолданылады, атап айтсам Lego education және Learning Resources конструкторы. Конструктор элементтері Lego-мен үйлесімді және FGOS-қа толық сәйкес келеді. Жинақтар педагог жұмысын жеңілдететін егжей-тегжейлі схемалар мен құрастыру нұсқауларын қамтиды. Аталмыш жобаны жүргізу барысында баланың робототехника туралы алғашқы білімі мен қарапайым идеялары пайда болады, бала робот

модельдерін дербес жасайды, бала өзінің білімі мен дағдыларына сүйене отырып, өзінің шығармашылық-техникалық шешімдерін қабылдауға қабілетті болаалады, бала ойларды нақты логикалық дәйектілікпен жеткізе алады, өз көзқарасын қорғай алады, жағдайды талдай алады және логикалық пайымдау арқылы сұрақтарға өз бетінше жауап таба ала отырып, командада жұмыс істей алып міндеттерді тиімді бөле алады.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Қ.С.Шоланов, Ж.Т.Жумашева .Мехатроника және робототехника негіздері. Алматы. 2010ж
2. Д.Э.Добриборщ, А.А.Бобцов, К.Артемов,, С.Чепинский. «Основы робототехники на Lego. Издательство Лань. 2021
3. <https://obrsnab.ru/lp/uaro/>

Жоба негізінде қолданыстағы құралдар



Жоба бойынша балалармен жұмыс



«ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУМЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі уақытта адамзат дамуының философиялық және өркениеттік-технологиялары өзгеріп жатқанда, цифрлық өркениет индустриалды өркениеттің орнын басып жатқанда, қазіргі қоғамда білім дегеніміз не, ол қалай дамып, қандай формаларда білім алу керек деген сұрақ бұрынғыдан да көп туындап отыр. Бұл тұрғыдан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру қажеттілігін талап етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қыркүйек айындағы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында ұлт сапасын жақсартуда «мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» деп мектепке дейінгі кезеңнен сапалы білім беруді меже етіп қояды. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы)

«Баланың жасына және деңгейіне сәйкес келетін ресурстардың мол таңдауы бар жоғары сапалы білім беру кеңістігі баланың өзіндік оқуындағы белсенді ролінде маңызды құрамдас болып табылады» делінген. Аталған құжаттың негізінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты өзгерді. Не өзгерді? деген сұрақ туындайды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты, міндеттері және бала тұлғасын дамытатын бағыттары: физикалық дамыту, коммуникативтік дағдысын, танымдық-зияткерлік, шығармашылық-зерттеушілік, әлеуметтік-эмоциональдық дағдысы деп қарастырылады. Осы бағыттарды жүзеге асыруда педагогтердің басшылыққа алатын ойын арқылы оқыту, балалардың түрлі әрекетін кіріктіре отырып ұйымдастыру қағидалары ұсынылды. Балалардың қызығуы, қажеттілігін ескере отырып, қабілетін дамытуда өзінің таңдауымен әрекет етуге мүмкіндік беріледі. Баланың мектептегі оқушыдай партада, үстелде отырып оқытудан шығып, еркін ойынына жағдай жасалады. Енді сұрақ туындайды: қалай педагог қалай жоспарлайды? Қалай жобалайды? Осы тұста қазіргі педагогика ғылымында қалыптасқан мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ІТ мүмкіндігін пайдалану қажеттілігі туындайды.

ІТ қазіргі білім беру ресурстарын тиімді пайдалануға, оларды оқу-тәрбие процесіне қосу мүмкіндігіне негізделген өте кең мәселе. «ІТ Білім беру технологиясы – бұл сәйкес технологиялық процестер мен ресурстарды құру, пайдалану және басқару арқылы оқуды жеңілдету және оқу жетістіктерін арттырудың зерттеу және этикалық тәжірибесі». Қазіргі білім беру жүйесінде оны толық ақпараттандыруға байланысты практикалық педагогиканың жеке саласы – оқу-әдістемелік алғышарттар қалыптасты.

ІТ-оқытудың ескі әдістері өзінің тиімділігін жоғалтып, қоғам талабына төтеп бере алмаған кезде, білім беру тар шеңбердегі адамдардың артықшылығы болудан қалып, барған сайын қолжетімді және бұқаралық сипат алады.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың өмірін, танымдық әрекеттерін, ұйымдастырылған іс-әрекетін құрудың тиімді жұмыс істемейтінін түсіну бар, бірақ «Не істеу керек?» деген сұраққа әлі де жауап жоқ. Оқыту мен тәрбиелеуде ІТ қолдану бұл сұраққа қалай және нені оқыту керектігін көрсете отырып, тәжірибесі мен білімін қолдануда ізденуді ұсынады. Осылайша, ол педагогтерге көмектесу үшін жасалады және ұсынылған формалар

мен кезеңдерге негізделген жеке деңгейде олардың нақты балалар үшін білім жолындағы қызықты және тәрбиелік жолға айналатын мазмұн, әдістеме құруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны қолдану мәселелері педагогикалық, психологиялық ғылыми зерттеулерде біршама қарастырып келеді. Өткен ғасырдың 80-90 жылдары ресейлік ғалым Б.С.Гершунский мектепке дейінгі білім беруді ақпараттандырудың проблемалары мен перспективаларын қарастыра отырып, компьютерлік техниканы білім беру мен ғылыми-педагогикалық қызметте, педагогикалық болжамдау мен басқару жүйесінде тиімді қолдану жағын, компьютерді оқу объектісі мен құралы ретінде пайдаланудың философиялық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және психологиялық-педагогикалық алғышарттарына тоқталды.

Оқытудың ақпараттық технологиясының оқу үдерісінің барлық құраушыларына мәнді әсері бар. Компьютердің оқу мақсаттарында пайдаланылуы баланың жұмысын жеңілдетіп, ұзақ уақытта орындалатын қызметтен босататыны қажетті ақпаратты өзі іздеп табуға мүмкіндік алатыны, қателесу қорқынышынан құтылатыны Б.С. Гершунский, С.А. Бешенков, Е.И. Машбиц, С.Г. Григорьев, С.А. Ждагнов, А.С. Лесневский, И.В. Роберт, А.П. Сейтешов, Н.Т. Ермеков, К.З. Халықова, Ко Ен Чоль, А.А. Қалыбекова, Д.М. Жүсібалиева, Ш.Х. Құрманалина, Ж.Ж. Нұржанова, Н.Ғ. Даумов т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Ақпараттық технологиялар жағдайындағы оқыту процесі тұлға теориясына сүйенеді. Әрбір тұлға өзін қоршаған ортаға көзқарсымен және өзіндік моральдық талаптарымен, белсенділіктің, түрлі сатысымен және басқа да маңызды қасиеттерімен сипатталады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты ұрпақ тәрбиелеу мүмкін емес. Ол тікелей мектепке дейінгі білім беру саласына қатысты. Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «балаларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Бүгінде елімізде жаңа инновациялық әдістермен оқыту, аудио және бейне материалдарды, компьютерлік мультимедиялы бағдарламаларды қолдануға мол мүмкіндіктер ашылды. Көптеген білім беру мекемелерінде ақпараттық құрылғылармен жабдықталып, компьютерлік базалары толықтырылып, жетілдірілу үстінде. Ақпараттық технология арқылы баланың шығармашылық ізденістері дамиды. Демек, сапалы, тиімді, нәтижелі жүргізілген әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет - тәрбиешінің үздіксіз еңбегінің айғағы. Әр бір ұйымдастырылған іс-әрекет уақыт талабына сай көрнекі құралдарды пайдалануды қажет етеді. Атап айтсақ, компьютердің мүмкіндіктері, ақпараттық тақта, слайдтар, видеоролик, электронды оқулық.

Ақпараттық технологияны қолдана отырып өткізгенілген әр іс-әрекет, балалардың белсенділігін артып, өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, диалогты сөйлеу іскерліктері артады. Ж. Аймауытовтың: «Баланың ынтасын арттыру үшін, оқытатын нәрседі бір жаңалық болу керек» деп айтқанын ескерсек, іс-әрекеттердің қозғаушы күші, қызығушылықты тудыратын-компьютердің, электронды оқулықтың, компьютерлік бағдарлама мен ойындар, ақпараттық тақтаның ролі балалар үшін ерекше екені белгілі. Сабақта жиі қолданылатын графикалық (сызба, кесте, диаграммалар), бейнелеу (фото, картина, сурет, кинолар), табиғи (зат пен құбылыстың суретін көрсету), түрлі көлемдегі көрнекіліктерді ақпараттық технология соның ішінде кең көлемде қолданылатын компьютермен көрсетудің ауқымдылығы мен тиімділігі оқулық және үрдіске жаңа сипат береді.

Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану – отандық педагогиканың ең жаңа және көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мен тәрбиелеу ретінде, оның

тұлғасының қалыптастыруда және ақыл-ой кеңістігін дамытуда дербес компьютерді қолдану мұғалімнің мүмкіндігін кеңейтіп, балаларды дербес компьютер бағдарламаларына жақын тарту базасын құрады. Әр затты өз атауымен атап, орынды пайдалануды үйренеді. Оң, сол, алды, арты, ұзын, қысқа, жуан, жіңішке және т.б қысқа ұғымдармен танысады. Мұғалім ұсынған бейне үзінділерді ұсыну арқылы әр балаға сол бойынша әңгіме құрастыртады. Қазіргі кезде бар бағдарламалар балалардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуына орай, «бала мен компьютер» жүйесі барлық қоғам мүшелеріне қатысты болып келетін үлкен мәселеге айналууда. Компьютермен, ақпараттық түрде балаға әсер ету мектепке дейінгі білім ордасымен қамсыздандырылуы тиіс. Біз бұны ертерек қолға алсақ, біздің қоғам да дамуын ертерек бастайды, себебі заманауи қоғам компьютермен жұмыс істей алуы талап етеді, анимацияларды құру, дыбыстармен жұмыс жасау, мультфильмдерді ойластыру үрдісіне қатыстыру, сурет салу және арнайы міндеттерді шешу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- видеофильмдер мен бағдарламаларды қарау;

- қарапайым Power Point бағдарламасын пайдалана отырып, балаларды оқу үрдісіне белсенді түрде тарту;

Ақпараттық-коммуникация технологияларын, соның ішінде ақпараттық технологияларды мектепке дейінгі білім беруде қолдану мұғалімнің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді және бастауыш сынып оқушыларының психикалық дамуының әр түрлі тұстарына оң әсерін тигізеді. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ұйымдастырылған әр сабақ бала және мұғалімдер үшін өте тиімді. Бұндай сабақ үлгілері болса да оқу-тәрбие жұмысын сапасын жоғарлатуға және жұмыс уақытын мәнді түрде үнемдеуге мүмкіндік беретіні белгілі болды. Ақпараттық технологиялар көмегімен керек құжаттарды әр компьютерде файл түрде сақтауға және қажет кезде әр балаға жеке-жеке алдына таратып беру кезінде қағаз бетіне басып шығаруға болады. Кез келген сабаққа даярланған көрнекі суреттер мен тапсырма.

Компьютер, ақпаратты өңдеудің заманауи құралы болып келеді, оқытудың мықты техникалық құралы ретінде қызмет етеді. Балалардың психикалық дамуы мен және жалпы тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Неге? Себебі, компьютер жаңа ойыншық тәрізді балаларды қызықтырады, дәлірек айтқанда көп жағдайда олар экранына қарау арқылы ойнайды.

Біздің ойымыша, ақпараттық технологияны қолданудың ең маңызды тұсы оның оқытушылық функциясы болып табылатындығы. Ақпараттық технологияны қолданғанда бала тек бір ғана түсінік не болмаса нақты бір оқу жағдаятын меңгеріп қана қоймайтын, яғни жалпы барлық тапсырмалар мен жағдаяттардан жалпылама түсінікті алуға болатындай құрылған себебі бұл технология баланың өзін өзі бағалауын жоғарлатады. Балалардың өздері қол жеткізген жетістіктері мұғалім назарынан тыс қалмайтынды. Балалар ойлаудың шынайы-көрнекі түрін меңгере отырып, өздеріне деген үлкен сенімділікті сезінеді. Сабақ барысында балалар мұғалімнің көмегімен әр сабақ бойынша орынбасар ретіндегі жобаларды құруды үйренеді. Мұндай жобалар сандық түсініктерді көрнекі түрде елестетуге мүмкіндік береді:

Сонымен, ақпараттық технологияны дұрыс пайдалану оқушының тұрақты білімінің қалыптасуына көмектеседі, балалардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға, сөздік қорын байытуға нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын тұжырымдар жасауына көмектеседі.

Білім мен ғылым - бәсекеге қабілетті мемлекеттердің даму, өркендеу көрсеткіші. Осы орайда егемен ел атанған сәттен бастап білім, ғылым саласын әлемдік өркениет талаптарына сай қалыптастыру мәселесі бой көтеріп, айрықша даму жолына түсті. Білім беру саласында жүргізілген нәтижелі реформаларға сәйкес, бірқатар игіліктерге қол жеткіздік.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ә.Табылдиев Халық тағылымы
2. Алтаева Ж. «Отбасы және балабақша» журналы
3. Джаксыбекова А. «Орталық Қазақстан» Алматы 2021 ж.

Адамбекова Г.Г.

ГУ «Отдел образования города Шахтинска»

ИНТЕРАКТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ В УПРАВЛЕНИИ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ

Перспектива развития Республики Казахстан неразрывно связана с развитием цифровых и интерактивных технологий. Стремительное развитие цифровых технологий оказывает влияние на модернизацию развития общественного сознания и общества в целом. В последнее время образ жизни людей и общества непосредственно связан с развитием цифровизации. Особое значение развития приобретает в сфере образования и управления. Так на сегодняшний день образование не может существовать без цифровых технологий. Цель педагога стала научить ребенка обучаться не зависимо от степени его развития, будь то это воспитанник детского сада или студент института, ему прививают навыки самообразования. Педагог на равне с ребенком приобретает знания в постоянном саморазвитии и совершенствовании своих способностей в IT технологиях.

Дошкольное сообщество как первоначальная ступень образования закладывает элементарные навыки цифровой грамотности. Способствует развитию детской любознательности и творческому потенциалу ребенка.

Вместе с тем, сама дошкольная организация как структурное подразделения системы образования, тоже не осталась в стороне от развития цифровых технологий. За последние годы, развитие цифровизации в сфере оказания услуг в дошкольном образовании совершило значительный рывок. Для оказания услуг населению в сфере дошкольного образования, а в частности зачисления детей в детский сад была проведена большая работа по улучшению деятельности электронных систем «постановка на очередь», «личный кабинет родителя», «электронные счета», «электронное табелирование» и многое другое было введено в детские сады. Данные модули позволяют родителю самостоятельно без участия третьих лиц выписать направление, произвести оплату за детский сад не выходя из дома. Реализация данных функций позволяет не только родителю своевременно быть информированным о деятельности дошкольной организации, но и директору дошкольной организации осуществлять контроль за деятельностью детского сада. Конечно данные системы были запущены не в одночасье. Для полноценного функционирования электронных модулей было проведено достаточно работы по апробированию с учетом индивидуальных особенностей региона. Однако результат порадовал всех пользователей.

В деятельности дошкольной организации информационные технологии не только предусмотрены для зачисления детей и управления дошкольной организацией, но и для ведения воспитательно-образовательного процесса. К примеру оформление воспитателем дошкольной организации внутренней документации: перспективного планирования, циклограмм и мониторинга. В настоящее время развитие цифровых технологий позволяет черпать материал для воспитательно-образовательного процесса прям из интернет ресурсов. Существует множество платформ предлагающих образовательный контент для детей любого возраста и в частности для детей дошкольного возраста. На данных платформах размещен материал: дидактические игры, презентации, пособия для построения образовательной деятельности с детьми дошкольного возраста.

Для развития IT технологий в дошкольных организациях и качественного управления необходимо создать определенные условия, которые будут способствовать современному построению образовательного процесса такие как: обеспечение компьютерами, мультимедийными проекторами, электронными досками, планшетами, сканерами, принтеры и т.д.

Вместе с тем, необходимо чтобы кадровый потенциал сотрудников в сфере IT технологий постоянно развивался. Для современного внедрения и полноценного функционирования цифровых технологий необходимо, чтобы персонал владел современными технологиями управления системами информатизации. Так, к примеру для осуществления качественного мониторинга усвоения программного материала воспитанниками дошкольной организации воспитателю и методисту необходимо знать программу Microsoft Excel. Автоматизация процессов анализа и контроля за результатами образовательной деятельности будут эффективны в том случае, если педагоги заполняют данные качественно и без ошибок. Педагогический персонал, а также директор дошкольной организации должны владеть базовыми прикладными программными средствами к которым относятся: текстовые и табличные процессоры (редакторы, программы), почтовые и другие средства связи, поисковые системы. Данные навыки позволят педагогам, так и администрации дошкольной организации добиться автоматизации организации и управления образовательно-воспитательным процессом.

Не нужно забывать еще и о том, что перевод ранее примитивных способов ведения документации в цифровой и интерактивный формат, позволяет систематизировать и расширить диапазон управленческой деятельности. Так, к примеру на современном этапе развития информатизации был автоматизирован процесс кадрового делопроизводства, который в свою очередь позволяет выставить вакансию, принять на работу сотрудника, вести его электронное личное дело и не затрачивать лишние ресурсы, а также позволяет в максимально короткое время собрать и обработать большое количество информации.

Очень важным для дошкольной организации остается использование и совершенствование работы в информационной среде. Для организаций образования актуальным остается вопрос информирования родительской общественности о своей деятельности. Для этого в постоянно активном формате необходимо поддерживать работу сайта дошкольной организации, а также обеспечивать своевременное обновление информации в социальных сетях Instagram, Facebook, YouTube и других платформах. Данная работа направлена на уменьшение временных затрат на подготовку документальных отчетов, создание электронного архива и повышения имиджа организации образования.

Таким образом, управленческая деятельность современного директора дошкольной организации становится все более наполненной цифровыми технологиями, становится все более интеллектуальной и разнообразной по своему содержанию. Поток информации не оставляет времени для того, чтобы остановиться подумать, необходимо принимать решения молниеносно «здесь и сейчас». Функции директора дошкольной организации в значительной степени превращаются в управление информационными потоками. Требуется от руководителя постоянного саморазвития и самообразования во всех областях, в том числе и в цифровой.

Использование цифровых и интерактивных технологий благотворно скажется на управленческих функциях директора и в целом на развитии дошкольной организации.

Литература:

1. Акперов, И.Г. Информационные технологии в менеджменте: Учебник / И.Г. Акперов, А.В. Сметанин, И.А. Коноплева. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 400 с.
2. Балдин, К.В. Информационные технологии в менеджменте / К. В. Балдин. – М.: Академия, 2012. - 283 с.
3. Веряев, А.А. Педагогика информатики / А.А. Веряев. - Барнаул.:БГПУ, 2010. – 140с.

ПЕДАГОГТАРМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ІТ ҚОЛДАНУ

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде еліміздің мәдени құндылықтары және салт-дәстүрлері, рухани-өнегелік сапаларды жас ұрпақ бойына сіңіруді, патриотизмге тәрбиелеуге, ұлттық ар-намысы, абыройды сезінуі білімсіз дами қоймайды. Сондықтан да қоғам адамдардың бірігіп тіршілік ету ортасы адамдар қарым-қатынасында және жалпы өмір сүру барысында топтасқан (еңбек ету, оқу әрекеті), бірлескен іс-әрекетте ұжымның әрбір мүшесіне белгілі бір істі тұрақты атқарып тұру жүктеледі.

Сондықтанда жаңа технологияны тиімді пайдалануда педагогтар қауымынан іскерлікті, ізденімпаздықты, кәсіби деңгейлерінің жоғарылығын талап етсе, сонымен қатар қоғамның басты мәселесі бүлдіршіндердің денсаулығын нығайта отырып, тәрбие үрдісін жаңа технологиялар негізінде жетілдіру және бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр.

Инновациялық қызмет – мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының факторы [1].

Ата – аналарды балабақша өміріне кеңінен араластыру бүгінгі күні замануи талаптарының бірі, біртұтас ақпараттық білім беру кңістігінің көзі. Біздің балабақша тәрбиешілері білім беру процесінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны пайдаланады. Осы тұрғыда көптеген жұмыстар атқарады. Ата – аналармен бірігіп «Қыс қызықтары», «Денсаулық» ойын – сауықтарын ұйымдастырып, білім жетілдіру институтының тыңдаушыларына өз тәжірибелерімен бөлісіп ойын іс – әрекеттерін «Онлайн – балабақша» виртуалды сайтқа жіберіп отырады. Тәрбиеленушілермен жобалау – зерттеу қызметтерін ұйымдастыруда педагогтерге ақыл – кеңестер, көмек беріп, оның нәтижесі іс-тәжірибеде талқыланады.


Педагогикалық процестің жаңа үлгісін құру арқылы тәрбиеленушілердің басты құзырлықтарын қалыптастыру жұмыстары алға қойылып, телекөпір, «Мультстудия», бейне жазу арқылы «Болашақ интеллектуалдар», «Балабақша жұлдыздары», «Бала тілі бал» атты ойын – сауықтар ұйымдастырылады. ІТ құралдарыды қолдану арқылы ойын іс- әрекетін ұйымдастырады [2].

Мобильды ойындарды қолданады. Слайд, презентациялар ойын – іс әрекетінде қолдану арқылы тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын арттырады. Интерактивті ойындар оның ішінде флипчартты көбірек қолданады. STEM элементтерінде қолданады.

1. Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы/ А.А.Байтұрсынова. – Алматы 2008 ж.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2022-2023 ж.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи әдістер мен технологияларды қолданудың жаңа үрдістері 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МУЛЬТИМЕДИА – ТЕХНИКИ В ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ «ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІСІ»

С 2020 года наш детский сад работает по проекту «Әжемнің ертегісі». Целью проекта является: разработать модель ознакомления детей с культурой родного края на основе использования казахских народных сказок.

Задачи, которые взяли для реализации данного проекта:

1. Проанализировать программно-методическое обеспечение по ознакомлению детей с культурой родного края.
2. Раскрытие творческого и интеллектуального потенциала дошкольников, ориентированных на диалогическое взаимодействие детей, родителей и педагогов и способствующих само пониманию и саморазвитию всех участников педагогического процесса на основе приобщения детей к традиционной культуре родного края.

Основываясь на данных задач приняли решение интегрировать данный проект с IT технологиями для детей старшего и дошкольного возраста.

На начало внедрения проекта у воспитанников был низкий процент в коммуникативном развитии. Встретились с такими трудностями, как, неумение пересказывать прочитанную сказку, отсутствие связной речи при составлении сюжета прочитанных сказок педагогом.

С августа 2022г внедрили проект Мульт-студия «Мультфильмдер фабрикасы», в котором планируем достичь и развить у своих воспитанников:

-Использование инновационных технологий

- IT технологии

- Критическое, креативное мышление

- Коммуникативное развитие

-Развитие патриотических навыков

Основная цель данного группового познавательного проекта – это формирование коммуникативного, познавательного интереса и воспитание эмоционально-положительного отношения к культуре родного края на основе использования казахских народных сказок.



На данной диаграмме продемонстрированы первоначальные результаты развития детей и те, которые в процессе работы по проекту хотим достичь.

В рамках ГОС ДВО РК № 348 от 03.08.2022г. главной задачей стоит развитие компетенций, которые мы в данном направлении развиваем, а именно:

- коммуникативная - где дети учатся слушать, обобщать, воспроизводить, пересказывать;
- познавательная - развивают воображение, образное, критическое и логическое мышление, память.

Перед началом реализации нашего проекта, мы продумали и организовали предметную среду в группе, чтобы она была «фоном» к познавательной деятельности детей. В книжном центре поставили разнообразные яркие книги, иллюстрации казахских сказок. В группе оформили иллюстрации сказочных героев, детские рисунки с изображением героев казахских сказок, утвари и элементы быта казахского народа.

Данный проект позволяет раскрыть потенциал каждого ребенка. В постановке одной сказке задействованы сразу 15-25 детей. После знакомства со сказкой дети выполняют обязательно творческую деятельность, следующий этап пересказывание сказки с использованием мнемотаблиц, технологии В.Воскобовича, интеллект карты, далее переходим непосредственно к созданию мультипликации самих сказок. Мультифильмдер фабрикасы использует технологию создания сказок – в мультформате:

1. прочитывание и обсуждение сюжета: выбираем известную сказку, вспоминаем последовательность сюжета или придумываем историю сами
2. создаем персонажей и декорации
3. съемка мультфильма: в среднем 40-50 кадров (фотографий), статичный фон, обсуждение детализации движения персонажа, фиксированный фотоаппарат.
4. Монтаж мультфильма: программа CyberLink Power Director 12
5. демонстрация готовых продуктов родителям на собраниях.

Дети создавали героев сказки с помощью игр В.В.Воскобовича, дополняли к изготовленным персонажам декорации, изготавливали из творческого материала убранство юрты, казахскую посуду, одежду, проговаривали отрывки казахских сказок с произношением казахских слов. Воплощались в самих героях, инсценировав отрывок из любой понравившейся им сказки и дети-зрители отгадывали, вспоминали и составляли название просмотренного произведения. Так же использовали игры В.В.Воскобовича «Теремки», «Кубики», «Шнур – затейник» в составлении названий просмотренных казахских сказок.

В связи с данной проектной деятельностью, у детей меняется содержание самой игровой деятельности, где игра становится для них более сложной и разнообразной. Дети начинают проявлять интерес друг к другу и это будет в дальнейшем способствовать успешному обучению детей.

В процессе выполнения данного проекта Мульт-студия «Мультифильмдер фабрикасы» позволило значительно повысить эффективность обучения детей, а также развивающий эффект обеспечивался доступностью получаемых знаний, соответствием возрастных особенностей, развития и интересам. Ведь, когда дети слышат и видят одновременно, то они наиболее эффективно воспринимают и запоминают всю информацию.

Таким образом данная фабрика развивает все компетенции, задачи, которые мы для себя поставили в начале реализации данной работы.

Исследование показало, что при использовании мультимедийной студии у детей повышается эффективность восприятия информации, повышается интерес как к изучаемому материалу, так и к самому процессу обучения, умение критически мыслить и умение работать в команде. В процессе формирования мультфильма, дети задействуют большое количество технических средств: фотокамера, компьютер, диктофон. Дети учатся пользоваться необходимой в процессе создания мультфильма техникой. Занятия построены таким образом, чтобы дети побывали в разных ролях (сценаристов, мультипликаторов, декораторов, режиссёра, оператора, звуорежиссёра).

К данному проекту были подключены и родители, которые принимали активное участие. Помогали изготавливать атрибутику к созданию мультфильма. Проговаривали с детьми в домашних условиях пройденные казахские сказки и просматривали на ютуб-канале смонтированные и созданные мультфильмы. Помогали раскрыть творческий и интеллектуальный потенциал, ориентированный на диалогическое взаимодействие детей.

Использованная литература:

- 1 «Казахские народные сказки» Составитель: Ф. Жанузакова. Алма- Ата, «Жазушы» - 1977 2. Государственный стандарт дошкольного воспитания и обучения.
- 3.Л.Б.Фесюкова: «Воспитание сказкой».
- 4.О.Алябьева: «Нравственные беседы с детьми».
- 5.А.Нургазин: «Язык- ключ мысли».

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ІТ ҚОЛДАНУ

Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан -жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңа технологияларды тиімді пайдалану тәрбиеленушілердің қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық материалдармен жұмыс жасауға көмегін тигізеді.

Ал міндеттерінің бастысы ұжымның бірлескен күшімен баланың ерекшеліктерін оның өмір сүру жағдайымен, оның тәрбиелену тарихын есепке ала отырып, түсінуге тырысу және осы негізінде келешек жұмыстың бағдарламасын анықтау. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тәрбиешінің мүмкіндігін жоғарылататын құрал. Компьютердің мүмкіндіктерін психологиялық және дидактикалық тұрғыда талдап, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолдану, ішкі тиімділігіне көңіл бөлу тәрбиешінің шеберлігі болып табылады. [1, б. 40].

Мен өзім қызмет жасап отырған кіші топтағы балаларға компьютерден әртүрлі мағлұматтар, қосымша ақпараттарды анимациялармен көрсететін көрнекі құрал ретінде пайдаламын. Көбіне баланың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында, ойын іс-әрекеттерге белсенді, тіл ұзарту қабілеттерін арттырумен қатар жағымды мінез-құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Танымдық ойын әрекеттерінде бала дараланып өз еркімен ойлануға, есте сақтауына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға әсерін тигізеді. Мысалы: мультимедиялық қосымшаларды қолданып дайындаған ертегі роликтер балалардың ерекше сезімдерін оятатынын байқаймын. [2, б. 32].

Балалар жануар кейіпкерлерді жақсы танып, олардың қимыл-қасиеттерін танып қайталап отырады. Жануарлардың дауыстары жазылған таспаларды қимыл-қозғалыс ойындарында, таңертеңгі және сергіту сәттерінде пайдаланамын.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның көмегімен ойын әрекетін қалай өткізуге болады?»-деген сұраққа өз тәжірибемнен мынандай бағыттарын ұсынар едім:

- иллюстративті (насихаттық) көрнекіліктер;
- ақпараттық бейнероликтерді көрсету;
- слайд шоу, ертегілер;
- электронды ойындар;
- электронды логикалық тапсырмалар;
- электронды дыбыстар;
- презентация жасау,
- аудио бейне сюжеттер.

Білім берудегі мультимедия таным үдерісінің жоғарлауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал. [3, б. 87].

Қазіргі таңда айтылған ақпараттық құралдарды үнемі өз тәжірибемдегі ойын әрекетімде пайдаланып келемін. Мысалы бір ғана «Сыңарын тап» ойынын балаларға карточка арқылы немесе дайын пазылдармен ойнатылғанда балалар, сыңарын тауып оны орындайды, ал енді осы ойынды экраннан көрсетіп, қимыл-қозғалыс енгізіп (анимациялап), әуенмен көркемдеп ұсынған кезде балалар көңілденіп, барлығы түгел қатысып, сөйлесе отыра қызықты өткенін байқаймын.

Анимациялық ойындардың құндылығы, балалар олардың көмегімен заттардың қасиеттерімен, белгілерімен (түсі, көлемі, пішіні, сапасы) танысады, сәйкестендіреді.

Ойындарда салыстыруға, классификациялауға тапсырмаларды шешеді, тапсырмаларды шешуде реттілікті белгілейді. Мысалы: барлық суреттердің ішінен екі ұшақты табу. Суретте бейнеленген ұшақтар түсі, пішіні бойынша әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оларды ұқсатып, заттардың бір түріне жатқызып біріктіреді.

Мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламасы көмегімен берілген материалдан 75%-ы есте сақталады екен. Материалды түсіндіруде мультимедиялық көрнекілікті қолдану баланың көрі, есту, эмоциялық қабілетін арттырады. АКТ құралдарын кеңінен пайдалана отырып, балалардың жас ерекшелігіне сай дидактикалық ойындарды құрастырып, тиімді қолданамын. [4, б. 12].

«Жоғарыда-төменде, биік-аласа».

Мақсаты: жоғары-төмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.

Қажетті құралдар: көгілдір аспан, жасыл алқап бейнеленген сюжетті суретті слайд (интерактивті тақтада), ұшақтың, көбелектің бейнесі.

Ойын барысы: Интерактивті тақтада балалар экрандағы бір бейнені алып, атын атап, орнын анықтап сюжетті суретке іледі.

Мысалы: ұшақ-жоғарыда, көбелек төменде-ұшады, деп сипаттап айту керек.

«Дұрыс қой».

Мақсаты: заттың санымен (аз-көп) таныстыруды жалғастыру; аз зат қайда, көп зат қайда тұрғанын ажырата білуге үйрету.

Қажетті құралдар: интерактивті тақта, үлкен және кіші екі тәрелке, кәмпиттердің (4 дана) суреттері бар слайд.

Ойын барысы: Балалардың назарын интерактивті тақтадағы тәрелкелердің суретіне аудару. Балаларға бір кәмпитті кішкентай тәрелкеге, ал көп кәмпитті үлкен тәрелкеге орналастыруды тапсыру. Кіші топта осындай өңделген мультимедиялық ойындарды пайдалану мақсатым балаларды ортаға әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Егер мектеп жасына дейінгі бала оң қарым - қатынас жасай алса, бұл болашақта оған адамдар қоғамында жайлы өмір сүруге, қарым-қатынастың арқасында табысты болуға мүмкіндік береді, ол ересек адам мен оның құрдасы болсын, басқа адамды ғана емес, өзін де таниды. Өзіне деген оң көзқарас қалыптасады, дербестік, өз іс-әрекеттерін мақсатты және өзін-өзі реттеу дамиды. Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтенуі ойын арқылы жүзеге асырылады деген қорытындыға келе отырып, дидактикалық ойындардағы инновациялар тәрбиешілер үшін де, мектепке дейінгі балалар үшін де үлкен маңызға ие деп айтуға болады. АКТ келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі дарынды, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашуына тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқан болмақ. [5, б. 102].

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Досжанова Б.А. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері. Түркістан, 2007ж.
2. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары. Алматы, 2013ж.
3. Никишина И.В. Инновационная деятельность современного психолога. Волгоград, 2006г.
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. Алматы: Жазушы, 2004ж.
5. Ембергенова Ә.С. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық құзіреттілігін дамытуға ықпал ететін ойындар.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Еліміздің болашағы бүгінгі ұрпаққа байланысты. Оларда патриотизм мен азаматтық сезімдерін тәрбиелей отырып, біз өз мемлекетіміздің тіліне терең құрметпен қарауға тәрбиелейміз. Бүгінде елімізде тұратын барлық ұлт өкілдері қазақ тілін білуі керек теп ойлаймын.

Сондықтан бұрын жұмыс тәжірибеммен бөліскенде, қазіргі таңда Қазақстанда қазақ тілін үйренуге қалай және қандай көңіл бөлініп жатқанына назар аудардым. Ал қазақ тілін меңгеру, түсіну үшін оқу-тәрбие ісін бала өз еркімен алғашқы қадамын балабақшаға келген кезінен бастау керек. Ал тілді тиімді дамытудың маңызды шарттарының бірі – тілді оқытудың толыққанды жүйесін ұйымдастыру және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, және инновациялық технологияларды енгізу.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету ауызша сөйлеуді меңгеруді көздейді, ол сөйлеуді құлақ арқылы түсінуді қамтиды, бірақ қазақ тілінің ерекше дыбыстарын айту қиын. Ал бұл мәселені шешу үшін мен балаларға ұнайтын оқытудың ойын түрін қолданамын және бұл өте қызықты әрі пайдалы, өйткені есте сақтау дағдысы жаттығады. Сондай-ақ ән материалдарын, бейне және аудио жабдықтарды, көрнекі құралдарды кеңінен қолданамын:

- дұрыс айтылуды үйрену, жай сөйлемдер құрастыру; сызбаларды, тірек сызбаларды, мнемоникалық кестелерді қолданамын (олар тезірек есте сақтауға, шағын әңгіме құрастыруға көмектеседі).
- тіл үйренуге деген қызығушылықты арттыратын В.В.Воскобовичтің паносын және «Игровизор» ойынын пайдаланамын.
- лото, ойын жаттығулары, тақырыптарды бекітуге арналған бейнероликтер.
- буклеттер (әртүрлі тақырыптар бойынша шағын диалогтар)

Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дамуының негізінің маңызды шарты ата-аналармен тығыз қарым-қатынас болып табылады. Олар «Алғашқы ұстаз ата-ана» жобасы бойынша жұмысын тиімді жұмыс түрлерін ізденіс арқылы бастадым. Интерактивті жабдықтар біздің өмірімізге белсенді түрде еніп, ата-аналардың өмірінің қажетті және маңызды атрибуты ғана емес, сонымен қатар балаларды оқыту құралы болып табылады. «Алғашқы ұстаз ата-ана» жобасы аясында балаларға қазақ тілін оқытуда жас ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және ата-аналарды балалармен бірлескен іс-шараларға тарту мақсатында сауалнама жүргіздім.

Ата-аналардың ұсыныстары:

- үй тапсырмасын беру;
- айтылым бойынша жұмыс;
- баланың қызығушылығын арттыратын жаңа технологияларды енгізу;
- идеялар мен ұсыныстар үшін пошта жәшігін ұйымдастырыңыз.

Пошта жәшігіндегі идеялардан біз ата-аналар үшін ең танымал болып табылатынын білдік: Буккроссинг арқылы қазақ тілінде кітап оқуды насихаттау, балалар мен ата-аналар бір-бірімен көбірек араласуға, алған әсерлерімен бөлісуге, көптеген жаңа қосымша ақпарат алуға мүмкіндік алады, сөйлеу және қиялы жақсы дамып, сөздік қорлары молаяды. QR-код – отбасымен жұмыс жасаудың заманауи технологиясы, қазақ тілін өзімізге ыңғайлы уақытта үйренуімізге өте ыңғайлы, жаңа мүмкіндік. Телефонды QR-кодқа бағыттасаңыз жеткілікті және үйде балалармен қазақ тілін үйренуге болады. Біз әртүрлі тақырыптар бойынша кодталған ақпаратты веб-сайтта, ақпараттық стендтерде, топтық кеңістікте орналастырамын.





Мен ата-аналардан мұндай сөздерді жиі естимін - «Өлеңдер есімізде жоқ!» Мәтінді тез есіне түсіре алмайды, жолдарда шатасады, сөздерді орындарынан ауыстырады. Сондықтан ата-аналарға да мнемотехниканы ұсынамын. Баспалдақта мен екі тілде өтілген материалдың суреттерін орналастырамын. Балалар мен ата-аналар психикалық және эмоционалдық жүктемесіз қызықты ойын түрінде үйренеді.



Қорытындылай келе, айтқым келеді әрбір мұғалім – технологияны жасаушы. Шығармашылықсыз технологияны жасау мүмкін емес. Бәрі өзімізге байланысты. Ал сауатты және дұрыс білім беру балаларымыздың кез келген әңгіме ортасына коммуникативті бейімделуіне мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС. Астана, 2016 ж.
2. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Интернет ресурстар.

Байдарова И.П.

КГКП я/с «Колокольчик» г. Сарань

ПРИМЕНЕНИЕ ИТ ВО ВЗАИМОДЕЙСТВИИ С РОДИТЕЛЯМИ И МУЗЫКАЛЬНОМ ВОСПИТАНИИ ДОШКОЛЬНИКОВ

Сегодня применение ИТ открывает огромные возможности для использования информации в различных областях образования. Мы все научились пользоваться QR кодом в повседневной жизни. Это стало удобно и эффективно. Огромное количество людей не могут начать день без прослушивания любимой музыки или аудиокниг. Поэтому многие создатели музыки, аудиокниг находят новые способы, чтобы звук их был услышан людьми. И одним из технологических средств, которые они используют это QR - коды [2]. Современная музыкальная развивающая среда должна носить проблемный характер и позволять детям фантазировать, творить, сравнивать, моделировать, размышлять, решать проблемные ситуации.

Мы же хотим видеть детей творческими, креативными и гибкими? И да, я не осталась в стороне от технологий и активно использую QR - код в работе с детьми и родителями для развития музыкально – эстетического вкуса, музыкальной грамотности и прослушивания различной музыки здесь и сейчас. Одним из направлений, где я использую технологию QR -

код в детском саду, является организованная деятельность «Музыка». QR – это сокращение от Quick Response, что означает «быстрый отклик» [3]. Все просто! Сканирую смартфоном QR код на информационной карточке, и наслаждаюсь, вместе с ребятами, нежными звуками «Казахского вальса» Л. Хамиди, стремительной и ритмичной музыкой кюя Құрманғазы «Сары арқа» [1, с.9], или вообще слушаем world music. В общем, слушаем и творим под музыку!

В музыкальной лаборатории, в рамках реализации проектной деятельности мы с детьми создаем игровые модели «Игра в снежки», «Я иду на горку на санках кататься», «Поворота», «Сели мы в автобус», «Астатаяк звучит, звенит» и многие другие. Когда начинается всплеск детской фантазии и творческой импровизации, использую данную технологию, как помощника для реализации детских идей и цели проекта.

Еще одним направлением работы применения технологии QR - код это работа родителями. Родители стали ответственно подходить к образованию своих детей, они научились сравнивать и выбирать, готовы активно помогать и включаться, они стали прислушиваться к личности ребенка и чутко реагировать на то, что ему хочется, нравится, к чему есть предрасположенность и интерес.

Я создала подборку музыкальных произведений и песен, к ним информационные карточки с соответствующими музыкальными инструментами, на которых исполняется музыка. Прикрепила на карточки соответствующие QR - коды. При наведении смартфона на QR - код карточки, автоматически происходит открытие ссылки на You Tube и можно познакомиться с творчеством композитора, отгадать музыкальную загадку или, с удовольствием, прослушать музыку. Дома мама, папа, бабушка, используя предложенные мною карточки с QR - кодом, могут включить любую музыку или песню, и тем самым с пользой занять ребенка. Информационные карточки родители берут домой, используют некоторое время, а затем возвращают мне, для дальнейшего обмена информацией. Систематическая работа использования данной IT уже дает положительные результаты, и родители проявляют заинтересованность во взаимообмене информационным ресурсом.

Мы же хотим видеть детей счастливыми и современными? Технология QR кода - комфортная познавательная игровая среда для погружения в музыку. Мы общаемся, ритмизируем, двигаемся, ищем у себя голос и слух, слушаем разную музыку, проводим звуковые опыты, размышляем и фантазируем, создаем свои музыкальные инструменты, экспериментируем с восприятием музыки через беспрепятственную распаковку данных, используя QR коды.

Мы же хотим видеть детей позитивными и активными! И, да, я снова не осталась в стороне. 3D-ручка — инструмент для рисования пластиком, позволяющий создавать трёхмерные объекты [4]. Эта технология – находка для меня. И снова идем в Музыкальную лабораторию – творить под музыку. Как познакомить детей с танцевальным движением «Құс қанатты», «Қос - мүйіз» «Қамшы» и т.д. А давайте поиграем! Нарисуем танцевальное движение, используя новые технологии 3D ручку. И начинаем экспериментировать. Сначала я знакомя с техникой безопасности при работе с 3D ручкой, затем начинаем креативить и фантазировать. Как летит птица? Как она машет крыльями? Ребята и покажут, и помашут, и даже попрыгают в процессе, а затем (с помощью и под контролем взрослого) появляются, очень даже веселенькие, крылья птицы. А как красиво украшена домбра! Давайте повторим такой же орнамент! И снова творим и экспериментируем.

Я предлагаю детям на празднике 8 марта игру с мамами «Наряди маму». И тут внезапный креатив от детей.

- А давайте сами изготовим украшения для игры - бусы, броши, браслеты. И снова безудержная детская фантазия, радость общения и совместные переживания. Праздник украшен детскими поделками и радостными улыбками бабушек и мам.

А ведь все это – игра! Игра - почти волшебное слово для детей. Если вы хотите чем – то заинтересовать, привлечь внимание, предложите ему – поиграть. Игровой метод обучения способствует созданию заинтересованной, непринужденной обстановки, установлению

физиологически и психологически адекватной возрасту ситуации общения. В игровой деятельности раскрывается индивидуальность каждого ребенка, формируются чувства коллективизма, взаимопонимания, способности детей [5].

Новые подходы к музыкальному образованию требуют использование абсолютно новых, наиболее эффективных педагогических технологий в развитии музыкальности детей. А ИТ в помощь нам - педагогам дошкольникам!

Использованная литература:

1. Максяткина Т.А «Слушание казахских музыкальных произведений», Кокшетау ТОО «Келешек – 2030», 2010
2. <https://www.qrcode-tiger.com/ru/mp3-qr-code>
3. <https://www.kaspersky.ru/resource-center/definitions/what-is-a-qr-code-how-to-scan>
4. <https://shop.plexiwire.com.ua/ru/blog/3d-pen-in-life-child/>
5. <https://alldoshkol.ru/deyatelnost/igrovaya-deyatelnost-doshkolnikov>

*Байманасова А.Д., Нуркадирова К.М.
Шет ауданы «Нұршуақ» КМҚК бөбекжайы*

ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ

Қазіргі қоғамның дамуы ғылыми-техникалық прогресспен тығыз байланысты. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам өмірінің барлық салаларына берік енгізілген, ол мектепке дейінгі мекемелердің оқу-тәрбие процесіне де әсер етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің негізгі мақсаты – білім беру мекемесінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру, білім беру процесінің барлық қатысушылары: әкімшілік, мұғалімдер, балалар және олардың ата-аналары ақпараттық деңгейде тартылатын және байланысатын жүйе.

АКТ құралдары педагогтерге оқу-тәрбие процесін қолдау формаларын әртараптандыруға, педагогтер ата-аналарымен жұмыс сапасын арттыруға көмектеседі, ал бұл технологияларды білу педагогке жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өзін жайлы сезінуге әсерін тигізеді. Әрине, мектепке дейінгі білім беру мекемесінде, қазіргі жүйеде ата-аналармен жұмыс істеуге көп көңіл бөлінеді. Оларды мекеменің міндеттеріне сәйкес балаларды тәрбиелеу процесіне тартуға мүмкіндік береді. Ол үшін әртүрлі формалар қолданылады: ашық есік күндері, ата-аналар жиналысы, көрнекі ақпарат, бос уақытты өткізу, ата-аналар клубтары, жарыстар сияқты іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Осының барлығына дерлік АКТ-дың көмегі орасан зор. Біз ата-аналармен балаларының жетістігіне қызығушылық танытатындай және отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығын ұйымдастыру арқылы біртұтас білім беру кеңістігін құруда мектепке дейінгі білім беру мекемесіне жан-жақты көмектесуге тырысатындай етіп ата-аналармен тығыз жұмыс жасау көзделген. Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекемелердің қызметін талдай отырып, ата-аналармен жұмыста педагогтердің АКТ-ны қолдануы жоғары деңгейде емес екенін атап өткім келеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және электрондық дидактикалық ресурстарды құру әдістемесін меңгеру, АКТ және ТМД-ны пайдалана отырып сабақтарды жоспарлау және модельдеу қабілеті мұғалімдерге нақты оқу міндеттерін шешуге, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі мен ынтасын арттыруға көмектеседі.

Өздеріңіз білетіндей, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту әдістерін білім көзі мен танымдық іс-әрекеттің сипатына қарай бөлуге болады. Мектеп жасына дейінгі балаларды білім көзіне қарай оқыту әдістемесі ретінде біз демонстрация әдісін, иллюстрация әдісін, жаттығуларды қолдануды ұсынамыз.

Зерттелетін объектілерді, құбылыстарды, процестерді мектеп жасына дейінгі балалардың зерделеуі үшін көрнекі түрде көрсету үшін демонстрациялық әдісті қолдану керек. Иллюстрация әдісі объектілерді, процестерді, құбылыстарды олардың символдық бейнесінде (фотосуреттер, сызбалар) көрсетуді қамтиды.

Практикалық әдістер дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, оларға жаттығулар кіреді. Жаттығулар сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, танымдық қабілеттерді, жеке қасиеттерді дамытуға және оларды қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді, мысалы, жаттығулар ретінде графикалық редакторды пайдалануға болады. Paint суретті құру және өңдеу тапсырмасын, сонымен қатар «Ulead GIF Animator», Adobe Flash бағдарламаларында анимациялық мультфильмдер жасау тапсырмаларын беру.

Танымдық іс-әрекеттің сипаты бойынша оқытудың келесі әдістерін қолдануға болады: көрнекілікті тарата отырып, ауызша түсіндіруді қамтитын түсіндірмелі және иллюстрациялық; есеп шығару әдісі, ішінара іздеу әдісі, компьютерлік дидактикалық ойындар әдісі. Проблемалық мәлімдемені қолдану кезінде балалар есептерді шешу жолдарын табуға шақырылады. Ішінара іздеу әдісі педагогтің мектеп жасына дейінгі балалармен бірге тапсырманы шешуін қамтиды.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға түсінікті ережелерді және ойынның қызықты сюжетін әзірлеу (зерттелетін материалдың мазмұнына нұсқаларды таңдау, жұмыс режимін таңдау мүмкіндігін беру).
2. Қорытынды жасаңыз, онда әрекеттер алгоритмін сипаттау керек (барлық әрекеттерді көрсеткілермен, жыпылықтайтын белгішелермен, ерекшелеумен, нысанның өлшемін үлкейтумен көрсету. Бұл баланың назарын қажетті нысанға аударуға, әрекеттердің ретін есте сақтауға мүмкіндік береді).
3. Ойынның мақсаты мен оқу міндеттерін анықтау.
4. Мектеп жасына дейінгі баланың оқу мәселесін шешуге бағытталған ойындағы іс-әрекетін анықтаңыз.
5. Ойын мотивациясын орнату (біз не істейміз, кім үшін және не үшін).
6. Мектеп жасына дейінгі балаларға тапсырманы орындау жолын көрсету (қалай орындау керек).

Ойын ережесін жақсы меңгерген, ойынды қайталағысы келетін балаға ойынның басындағы слайдқа өтуге мүмкіндік беру керек. Заманауи ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалану балалардың оқуға деген ынтасын айтарлықтай арттыруға болады. Нақты заттарды немесе құбылыстарды ажыратуға, қозғалыста және дыбыстауды қайта жасауға мүмкіндік береді. Бұл олардың қабілеттерін кеңінен ашуға, ақыл-ой қызметін белсендіруге ықпал етеді.

Қазіргі қоғамның дамуы ғылыми-техникалық прогресспен тығыз байланысты. Ақпараттандырудың ерекшелігі – ақпаратты жинау, жинақтау, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану басым әрекет болып табылады. Бұл операциялардың барлығы ақпарат алмасудың әртүрлі құралдарының негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру процесінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру – психологиялық-педагогикалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған заманауи ақпараттық технологияларды әзірлеу және оңтайлы пайдалану үшін білім беру саласын әдіснамамен және тәжірибемен қамтамасыз ету процесі. Оқыту мен тәрбиелеу. Динамикалық өзгермелі әлем жағдайында технологиялардың үнемі жетілдірілуі мен күрделенуі, білім беру саласын ақпараттандыру принципті мәнге ие. Жоғарыда айтылғандардың барлығынан қорытынды жасауға болады:

Қорытындылай келе, балабақшада оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде АКТ-ны қолдану мүмкін, қажет және мақсатқа сай екенін атап өткім келеді. Педагогтың балалармен бірлескен ұйымдасқан іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі бар, ол эмоционалды, жарқын, үлкен иллюстрациялық материалды тарта отырып, аудио және бейне жазбаларды пайдалану. Мұның барлығын бізге компьютерлік технология өзінің мультимедиялық мүмкіндіктерімен қамтамасыз ете алады.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология./Оқулық/ -Тараз:ТарМУ, 2003.
2. «Бала мен балабақша» журналы № 11,2011жыл
3. <http://bilimdiler.kz/balabaksha/15272-mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciya-lyk-tehnologiyalaryd-koldanu.html>
4. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».– Алматы, 2001.

Байменова Н. Т.

Ақтоғай ауданы «Аққыз» КМҚК бөбекжайы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНДАР

Балабақшадағы зияткерлік ойындар бірқатар маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Олар шығармашылық ойлауды, өз көзқарастарын ойлау және қорғау, білімді практикада және стандартты емес жағдайларда қолдану қабілетін дамытады, логиканың, зейіннің, табандылықтың дамуын ынталандырады.

Интеллектуалды ойын баланың процеске толық енуін қамтиды. Тапсырманы орындау кезінде балалар шоғырланған, мұқият және мүмкіндігінше тәртіпті. Балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту-қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Интеллектісі дамыған мектеп жасына дейінгі балалар материалды тезірек есте сақтайды, өз қабілеттеріне сенімді, жаңа ортаға оңай бейімделеді, мектепке жақсы дайындалады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуын тек ойын әрекеті негізінде жүзеге асыруға болады, оның барысында балалар сананың қиялын және символдық қызметін қалыптастырады, құрдастарымен қарым-қатынас тәжірибесін алады, қоғамдағы адамгершілік құндылықтар мен мінез-құлық ережелерін түсінеді. Дидактикалық немесе білім беру ойындарын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту процесі қол жетімді және тартымды түрде жүреді, дамуға қолайлы жағдайлар жасалады.баланың интеллектуалды және шығармашылық әлеуеті.[1]

Ойын баланың өмірінде ерекше мәнге ие, ересек адамның іс-әрекеті, жұмысы сияқты маңызды. Ойындағы бала қандай, ол өскенде жұмыста болады. Сондықтан болашақ «адамды» тәрбиелеу, ең алдымен, ойында жүреді.

Ойын мәдениетке бейімделу құралы болып табылады. Ол баланы болашақ тәуелсіз өмірге дайындайды. Онда бала, ең алдымен, адам болуды үйренеді. Ойын еліктеуден түбегейлі ерекшеленеді. Ойын әрекетінде әрдайым қиял бар, ол еліктеу объектісімен біріктіруге мүмкіндік бермейді, оған қатысты белгілі бір қашықтықты сақтайды. Ойын мен қиял бір-бірімен тығыз байланысты.

Барлығы ойнамайтын баланың ата-аналардың, тәрбиешілердің және дәрігерлердің алаңдаушылығын тудыратын нормадан гөрі аномалия екендігімен келіседі. Балалық шақ-бұл ересек өмірге дайындық қана емес, сонымен қатар ерекше және өзін-өзі бағалайтын құбылыс, шынайы болмыс, шынайы өмір, ол кейінгі өмірге қарағанда әлдеқайда маңызды болуы мүмкін.[2]

Балабақшадағы интеллектуалды ойындар ұсынылуы мүмкін: қиялды, жылдам реакцияны, қоршаған әлемге байқауды дамытатын жұмбақтар. Баланың сөздік қорын жақсартуға, бейнелі ойлау мен есте сақтауды дамытуға бағытталған кроссвордтар. Баланы қарапайым математикалық шындықтар арқылы күрделі ұғымдармен таныстыратын математикалық жаттығулар.

Коммуникативті дағдыларды дамытатын және жеңіске деген ұмтылысты дамытатын жарыс ойындарымен. Балалар заттарды жіктеуді, ортақ белгілер мен айырмашылықтарды табуды үйренетін ауызша тапсырмалар қоршаған әлем туралы білімді тереңдетеді.

Балабақшадағы зияткерлік ойындар апталығын жоспарлау мысалы, аға топ: дүйсенбі – «жас полиглот» КВН, Никитиннің ойындары, сәрсенбі-математикалық сақина, логикалық сүйектері бар Ойындар, «не? Қайда? Қашан?», бейсенбі – «неге және неге» викторинасы, жұма-ата-аналармен үстел ойындары турнирі.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу формалары:

«Ойын — маңызды іс» жадынамасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім беру ойындары».

Ең маңызды ереже-ойын рахат әкеліп, қуанышқа бөленуі керек. Егер бала ойнағысы келмесе, онда ол нашар қызығушылық танытты. Ойын кезінде балалар бір-біріне құрметпен қарауы керек. Қорлау мен ренішке жол берілмейді. Балаңызға тапсырма ұсынбас бұрын, оны өзіңіз аяқтаңыз. Егер бала жеңе алмаса, қиындыққа тап болса, сіз оны дұрыс бағытқа бағыттай аласыз.

Бастапқы тапсырмалар қарапайым болуы керек. Ойын әрекетінің басында сәттілік маңызды. Баланы одан әрі тапсырмаларды орындау үшін ынталандыру қажет. Мектеп жасына дейінгі балалар сабақтың басында жарияланған ережелерді сақтауы керек. Ойынның соңында қорытынды жасалуы керек, ал жеңімпаздар мақтау/естелік дипломдармен / медальдармен марапатталады.[2]

Балабақшадағы интеллектуалды ойындар.

Құрылыс материалы бар ойындар балалар құрылыс материалымен үлкен қуанышпен ойнайды. Геометриялық фигуралардан кескіндер жасауға арналған ойындар. Дойбы. Математикалық планшет «Геоборд», «Таңғажайып лабиринттер», Басқатырғыштар.

Үстел үсті-дидактикалық интеллектуалды ойындар.

Балабақшада үстел-дидактикалық ойындар кеңінен қолданылады. Оларды топтық іс-шаралар үшін де, еркін ойын әрекеттері үшін де пайдалануға болады. Барлық жұмыс үстеліндегі зияткерлік құралдар бірнеше ұқсас қасиеттерге ие: олар ойыншылардың жас ерекшеліктеріне арналған: бүлдіршіндер мен қарт адамдар үшін қызықты болуы мүмкін. Ойындар «қарапайымнан күрделіге» негізделген, өйткені оларда тапсырмаларды орындаудың бірнеше деңгейі бар. Тапсырмалар әмбебап және өзгермелі, яғни бірнеше сюжеттік желілерді қамтиды. Тапсырманы орындау соңында бала нақты, материалдық нәтиже алады. Біз мектепке дейінгі мекемелерде сұранысқа ие үстел-дидактикалық ойындар туралы айтып береміз.

Руденконың зияткерлік ойындары жақында пайда болды, сондықтан балабақшаларда жаппай пайдалану әлі жоқ. Алайда, бұл жеңілдіктер ойындары перспективалы және балалар «жарылыспен» қабылданады. Жұмбақтарды шешу механизмі қарапайым-белгілі бір манипуляциялар көмегімен блоктарды қажетті ұяшықтарға жылжыту керек. Тапсырмалар осылай шешіледі: қасқырды айналып өтіп, әжеге Қызыл қалпақ әкелу; шифрлау матрицаларын құру; ұя салатын қуыршақтарды көшіру.

Никитиннің интеллектуалды ойындары ерте дамуға негізделген. Оларды балабақшада бір топпен де, бүкіл топпен де ойнауға болады. Әр ойын-бұл баланың кірпіш, текшелер, пластиктен және картоннан жасалған квадраттар арқылы шешетін тапсырмалар жиынтығы. Ең танымал: «үлгіні бүктеңіз», «Unicub», «шаршыны бүктеңіз», «жақтаулар мен лайнерлер».

Дьенеш блоктары-түсі, пішіні, өлшемі және қалыңдығы бойынша ерекшеленетін 48 логикалық блок. Барлық бөлшектер ерекше. Көптеген тапсырмалар бар: текшелерді түстерге қарай сұрыптаудан бастап, белгілі бір сөздерді қоюға дейін. Балабақшадағы ұжымдық интеллектуалдық ойындар «Теңіз шайқасы» ойыны.

Балабақшадағы ұжымдық ойындар-бұл мұғалімнің қиялына және шығармашылық іске асырылуына арналған кең қызмет саласы. Біріншіден, мектепке дейінгі мекемелерде викториналар жиі өткізіледі - интеллектуалды жарыстар, онда жеңіс ең дұрыс жауаптарды атаған ойыншыға беріледі. Викториналар «Ғажайыптар өрісі», « Не? Қайда? Қашан?», «Брейн-Ринг», «Өз ойыны». Викториналардың тағы бір түрі - балалар ертегі кейіпкерлерінің рөлін көруге мәжбүр болған кездегі сюжеттер. Телевизиялық кейіпкерлер- «Тарих дөңгелегі», «Жарты жер».[2]

Екіншіден, балалар ерте жастан бастап өз іс-әрекеттерін жоспарлауды, стратегия ойындары, монополиялар арқылы ойластырылған әрекеттерді жасауды үйренеді. Мысалдар: дойбы мен шахмат, «Менеджер», «Сатушы» үстел үсті ойындары.

Үстел ойындары арқылы балалар санау дағдыларын үйретеді, есте сақтау, логика және сөйлеуді дамытады.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. «Мектепке лейінгі тәрбие», 2019
2. Сластенин В. А., Подымова Л.С. «Педагогика: инновациялық қызмет». М., 1997.

Бақтыбаева Қ.Д.

Шет ауданы «Балбөбек» КМҚК бөбекжайы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІ БАСҚАРУДА ІТ ҚОЛДАНУДЫҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Білім беру мекемесін ақпараттандыру бұл білім беру қызметінің барлық бағыттары мен түрлеріне ақпараттық технологияларды (ат) енгізу процесі. Ақпараттандырудың негізгі мақсаттарына мыналар жатады:

- ☐ білім беру сапасын арттыру;
- ☐ білім берудің қолжетімділігі мен икемділігін арттыру;
- ☐ басқару тиімділігін арттыру;
- ☐ ақпараттық мәдениетті қалыптастыру.

Білім беру мекемесінде аталған мақсаттарды іске асыру басқарушылық және педагогикалық процестерді автоматтандыруды, ақпаратты келісілген өңдеуді және пайдалануды, толыққанды ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, ақпараттық және кадрлық ресурстарды қамтитын бірыңғай ақпараттық орта құрылған кезде ғана кешенді көзқараспен ақпараттандыруға ғана мүмкін болады.

Жоғарыда келтірілген схемадан көріп отырғанымыздай, оқу-тәрбие жұмысында ақпараттық технологияларды қолдану мектепке дейінгі білім беру мекемесінің (Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің) ақпараттық ортасының бір бөлігі ғана. Мектепке дейінгі білім беру мекемесін ақпараттандыру АТ-ны әкімшілік, қаржы-шаруашылық, педагогикалық және әдістемелік қызметте қолдануды қамтиды. Бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларына әсер етеді: тәрбиеленушілер, ата-аналар (оларды алмастыратын адамдар), педагогикалық және әкімшілік қызметкерлер.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиеленушілерімен жұмыс кезінде компьютерлік технологияларды қолдану әртүрлі себептерге байланысты жаппай таралмады, олардың бірі балалардың жасы. Компьютердің балалардың әл-ауқатына, жұмысқа қабілеттілігіне және денсаулығына тигізетін әсерінің нәтижесінде. Қауіпсіз режим анықталды, балабақшада компьютерлерді қолдана отырып сабақтарды ұйымдастырудың ұзақтығы мен әдістемесі нормаланды, баланың «жұмыс орнын» ұйымдастырудың тиісті шарттары, үй-жайларды жарықтандыруға қойылатын талаптар, техниканы сатып алу, орнату және ұстау бойынша ұсыныстар ойластырылды және әзірленді.

Дербес компьютерлерді пайдалану және соның салдарынан қазіргі мектеп жасына дейінгі балалардың көзіне үлкен жүктеме жылдан жылға артып келеді. Көптеген балалар шектеусіз теледидар көреді, басқалары оқиды және жазбалармен жұмыс істейді. Баланың көзінің аккомодациялық жүйесі жоғары жүктемеге дайын болғанымен, визуалды белсенділіктің күрт өсуі қауіпті: шамадан тыс жүктеме көру органдарының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

Компьютермен қарым – қатынас кезінде көзге түсетін жүктеме көру әрекетінің басқа түрлерінен-оқу, теледидар көруден айтарлықтай ерекшеленеді. Аталған проблемаларды болдырмау үшін 5-6 жастағы балаларға арналған компьютерлерді қолданатын сабақтар аптасына екі реттен артық жүргізілмеуі керек. Компьютермен үздіксіз жұмыс істеу

ұзақтығы-10 минуттан аспайды. Компьютерлік жаттығулардың әсерінен шаршауды азайту үшін компьютерде жұмыс орнын гигиеналық тұрғыдан ұтымды ұйымдастыру өте маңызды: жиһаздың баланың өсуіне сәйкестігі, оңтайлы жарықтандыру, электромагниттік қауіпсіздікті сақтау.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде қолданылатын компьютерлік техникада оның балалар үшін қауіпсіздігін растайтын гигиеналық қорытынды (сертификат) болуы керек. Балаларды дербес компьютерлерге орналастыру жеке жұмысты немесе шағын топтарда жұмыс істеуді қамтиды. Әдетте, сабақтарды өткізу үшін дайын қолданбалы бағдарламалық құралдар немесе мұғалімнің жеке әзірлемелері қолданылады. Мұндай сабақтар барысында білім беру, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіледі. Балабақшада психологиялық-педагогикалық және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін компьютерлік бағдарламалар мен ойындарды ғана қолдануға болатындығын ескеру қажет.

Мультимедиялық проектор мен проекциялық экранды пайдалану. Жабдықтың бұл түрін пайдалану балалармен жұмыс істеудің топтық түрін қамтиды және шаршаудың әртүрлі түрлерінің пайда болу қаупін айтарлықтай төмендетеді. Сабақтың ұзақтығы дербес компьютерлердегі жұмыспен салыстырғанда 2-3 есе ұлғайтылуы мүмкін. Сабақтарды ұйымдастырудың бұл түрі дәстүрліге жақын. Балалардың барлық назары проектордың көмегімен сабақ материалдарын көрсететін тәрбиешіге бағытталған. Бұл көрнекі құралдар, бейнелер, қолданбалы бағдарламалық құралдардың үзінділері және т. б. болуы мүмкін.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Интерактивті тақта экраны бар проектор сияқты барлық функцияларды орындайды, тек оларға құрылғымен бірге жеткізілетін бағдарламалық жасақтаманың нақты мүмкіндіктері қосылады. Интерактивті тақталардың көптеген түрлері бар және олардың әрқайсысының өзіндік бағдарламалық жасақтамасы бар. Дегенмен, олардың көпшілігінде ұқсас функциялар бар:

- ☐ қолмен салынған нысандарды дұрыс пішінді пішіндерге түрлендіретін «ақылды қалам»;
- ☐ экранның бір бөлігін жасыруға мүмкіндік беретін перде;
- ☐ бейнені қарау, Интернет желісінде жұмыс істеу кезінде бүкіл экранның немесе бөлектелген бөліктің суретін түсіруге мүмкіндік беретін «фото экран» функциясы;
- ☐ қолмен жазылған сөздерді баспа таңбаларына түрлендіруге мүмкіндік беретін мәтінді тану функциясы; суреттер жинағы;
- ☐ секундомер;
- ☐ интерактивті тақта кеңістігінде объектілерді жылжыту мүмкіндігі;
- ☐ кез-келген бағдарламаларға, құжаттарға, бейнелерге аннотация жасау мүмкіндігі.

Оқу материалымен интерактивті режимде жұмыс істеу үшін келесі жабдық қажет: компьютер, проектор және интерактивті тақта. Оқу материалы ретінде презентацияларды, бейнефильмдерді, флэш-анимацияларды, қолданбалы бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Б.Р. Айтмамбетова . Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы, 1991.
2. Калинина, Т. В. Информационная компетентность педагога ДООУ
3. Зелман, М. Измерение грамотности в информационных и коммуникационных технологиях, Компьютерные инструменты в образовании. – 2007.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ІТ ҚОЛДАНУ

Ертеңгі келер күннің бүгіннен гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш – тек білім. Педагогикалық технология мен жанаша әдістер арқылы балаға білім беруде тәрбиешінің іс-әрекеті бірінші орында. Тәуелсіздік туын берік көтерген еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңа бағыт, тың көзқарас бүгінгі таңда жұмыстың белсенді әрекеттерін жүргізуді көздейді.

Қазіргі жылдам ақпараттар ағынына толы цифрландырылған қоғамда адам баласының дүние танымы мен өмірге көзқарастары, құндылықтары мен мінез-құлқы да өзгеруде. Осыған орай, қазіргі заман педагогикасы креативті, яғни, тапқыр, ұтқыр, жасампаз ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған мәселеге байланысты «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында: «Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» – деп атап көрсеткен. [1].

Мен қазіргі кезеңде білім берудің оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық-педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл педагог, зерделі бала болу қажет деп ойлаймын. Балабақшада ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әдіс-тәсілдер тәрбиешінің шығармашыл, жаңа технологияны жетік меңгеруімен бағаланып дәлелденеді деп түсінемін. Түрлі бейнематериалдар, қызықты жұмыс –баланың назарын бір арнаға тоғыстырып, ұйымдастырылған іс әрекетті нақтылай түседі деп ойлаймын.

Қазіргі таңда балалар көп уақыттарын гаджеттер немесе теледидармен өткізеді. Балабақшада білім мен тәрбие құстың қос қанатындай қатар берілу керек, сондықтан балаларды қызықтырақ көңілін аулау, ойын технологиясына негізделеді. Ойын үстінде баланың сұранысы мен тәрбиешінің тапсырмасы ұштасады. Баланың ойынға деген ынта-ықыласы артады. «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, фантазиясыз толық мәндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды»- деп бекер айтылмаса керек.

Ойынның ой дамытатынын ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекетте мақсаты мен мазмұнына қарай ойын түрлерін іріктеп, жүргіземін. Демек мектепке дейінгі кезеңдерде тәрбиеші балалардың қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл қозғалыстарын дамыту маңызды, өйткені баланың тек сөйлеу тілін ғана дамытып қоймай, баланың қолын қаламмен жазуға машықтауға үйрету де педагогтердің еншісінде.

Ойындар мен жаттығуларды жас ерекшелігіне, яғни мектепке дейінгі балаларға лайықтап оңайдан күрделіге қарай ұштастыра отырып еңбектенсе, өнімді қабілет қалыптасады деп ойлаймын. Ең қарапайым және маңызды ұсақ қол моторикасын жылдамдататын ойындарды balakai.kz, zhasorken.kz сияқты интернет-ресурстарды пайдаланып, өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекетімде қолданамын /1-сурет/



Сурет №1. Balakai.kz, zhasorken.kz, «Балапан» арнасы арқылы
IT құзіреттілікті қалыптастыру

Пазл, мозайка, құрастырғыш леги, моншақпен жұмыс жасау, саусақпен ойындар, қол білезігі мен саусаққа массаж, мүсіндеу, илеу, жапсыру сияқты ойындарды «You tube» желісі арқылы қайталап, осы ойындарды ойнау нәтижесінде баланың бойында байқағыштық, төзімділік, табандылық секілді қасиеттер көрініс тапты.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалармен «Санамақ», «Ұшты-ұшты» сияқты үйрену ойындарына баулу, ойлау қабілетін арттыру, және т.б. балаларға ән, дене шынықтыру ойындары («Тепкіш», «Атаман доп») күш сынасу арналған қызықты, күлдіргі ойындарды да ойнатамын. Таңертеңгі қабылдауда, ұйымдасқан іс-әрекет барысында, жобалау жұмыстарында, күннің екінші жартысында, серуен кезінде ұлттық ойын түрлерін қолдануға болады.

Өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекетімде ұлттық ойындарды оқыту-тәрбиелеу үдерісінде мақсатты және жүйелі түрде «Play market» қосымшасынан «Ұлттық ойындар» жүктеп қолданамын /2-сурет/. Қолдану барысында бұл мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетінің қарқынды дамуына әсер ететіндігін байқадым.



№2 сурет. «Play market» қосымшасы арқылы «Ұлттық ойындар» ресурсын қолдану

Ойын адамның өміртанымындағы алғашқы қадам. Бір қарағанда қарапайым ғана құбылыс, іс әрекет іспетті көрінгенімен, мазмұндық, рөлдік, ұжымдық ойындар баланың зейінін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда үлкен маңызды рөл атқарады. Баланың тапқырлығы мен байқағыштығын осы ойындар арқылы жетілдіремін. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында жиі пайдаланатын ойынның мазмұндық түрлеріне: түрлі ойын жаттығу, дидактикалық мақсаттағы ойындар, грамматикалық ойындар, сөздік, логикалық ойын есептер, сергіту сәттерін жатқызамын.

Бала бойындағы қабілет, дарын, талант, бақша ағаштарындай бабын білсе, жайқалып өсетіні анық. Адам көңілінен орын алатын әдістемедегі тамаша әдіс-тәсілдер бала болашағының жарқын болуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға лайықты ұлттық ойындардың ішіндегі заманауи ойындар қатарына компьютерлік ойындарды қосып отырмыз. Ғылым мен техниканың қарыштаған заманында асыл мұрамызға қызықтырудың бір жолы – мектеп жасына дейінгі балаларға икемделген ұлттық ойындардың компьютерлік нұсқаларын ұсыну деуге болады. Бұл мәселеде компьютерлік ойындарды жасап, әлемге таратудан алдына жан салмайтын елдермен теңесе алмасақ та, ойындарымыздың компьютерлік нұсқалары арқылы жас ұрпақтың ұлттық дүние танымының қалыптасуына, соныменқатар, тапқыр да ұтқыр

ойлайтын, креативтік әлеуеті дамыған тұлға тәрбиелеуге ықпал етер едік. Тағылым мен тәрбиеге толы ұрпақ тәрбиелеу әр педагогтің алдындағы зор міндет.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Қ.К.Тоқаев Қ.К. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Қазақстан Президентінің жолдауы/Тоқаев Қ.К. 2021ж 1қыркүйек URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2018ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығы
3. Алимбекова А.А., Нурбекова С.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың «креативтік әлеуетін» дамыту мәселесі Қазақстанның Педагогикалық Ғылым Академиясының «Хабаршысы»

Бекбенбетова А.Ж.

Теміртау қаласы, «Дельфинчик» КМҚК бөбекжайы

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ІТ ҚОЛДАНУ**

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, білім беру мазмұнын жаңарту, болашақ ұрпақ тәрбиесін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті тұр. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда басты назарда ұстанатын мәселенің бірі – білім мазмұнын жаңарту.

Мектепке дейінгі кезеңдегі білім мазмұнын жаңарту негізінен білім мазмұнының мәнін ашу және оны дұрыс тандай білу, білім мазмұнын жүйелеу, білім сапасын арттырумен және оны қалыптастыруда дәстүрлі әдіс – тәсілдердің орнына жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана білумен де тығыз байланысты.

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық өзгерістер мен жаңа білім беру кеңістігінде жаңартуларға қатысу маңызды жауапкершілік жүктейді.

Мектепке дейінгі тәрбие педагогының біліктілігіне өз мамандығын толық біліп қана қою емес, оның тануға деген талпынысы, шығармашылық қасиеті, сол сияқты, педагогикалық тұтас процесті ұйымдастырып, оған сын көзімен қарап талдай білуі, балабақша жұмысындағы тәрбие – білім берудің сапаларын көтеру жолдры мен құралдарын белгілеу жатады. Бұл міндеттерді шешудің неғұрлым тиімді түрі оқытудың белсенді формасы мен әдіс – тәсілдерін қолдану болып табылады.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан – жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Замана алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңалыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталатыны орынды.

Сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін үнемі өзгеріп және жетіліп отыратын ақпараттық ортада тиімді жұмыс істеу қабілеті бар, жаңа формациядағы педагог қажет. Білім беру саласын ақпараттандыру жетістігінің басты талабы – педагогтардың жаңа компьютерлік техникамен жұмыс жасаудың тәсілдерін меңгеріп, алған білімдерін педагогикалық тапсырмаларды шешуде тиімді қолдану шеберлігі.

Педагогикада 50-ден астам педагогикалық технологиялар бар, бірақ ХХІ ғасырдың негізгі технологиясы ақпараттық технологияларды (АТ) пайдалану болып табылады. АТ адам өмірінің барлық салаларына, әсіресе білім беруді қамтитын ақпараттық қызметке әсер етеді. Сонымен қатар, АТ ақпараттық процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді: ұзақ мерзімді және ықшам етіп сақтау, жылдам іздеу, жылдам өңдеу, жаңасын шығару, кез келген қашықтыққа жіберу және мультимедиялық (ММ: мәтіндік, кестелік, графикалық, анимациялық, дыбыстық және бейне) ақпаратты қажетті көлемде ұсынуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны дамыту бірқатар бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейін күшейту (ғаламтор желісіне қосылу, компьютерлерді, интерактивті тақталарды және т.б. қамтамасыз етілу);
- Білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың (оқушылар, ата-аналар, педагогтар, жетекшілер) ақпараттық мәдениетін меңгеру;
- АТ білім беру саласында қолдану, онда олар бүкіл білім беру жүйесі төңірегінде құрылған интеграциялық өзекке айналады;

- АТ оқу процесінде қолдану, әр түрлі іс-әрекеттер, қосымша білім беру, оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға мүмкіндіктер беру (олимпиадалар, конкурстар, форумдар және т.б.);
- Басқару қызметінде АТ қолдану.

Қазіргі білім беруді ғаламторқайнар көздерісіз елестету қиын. Ғаламтор білім беру қызметтері үшін үлкен әлеуетке ие. Электрондық пошта, іздеу жүйелері, электронды конференциялар заманауи білім берудің ажырамас бөлігіне айналуда. Ғаламторда ерте білім беру және дамыту мәселелері, инновациялық мектептер мен балабақшалар, шетелдік ерте даму институттары туралы ақпаратты таба аламыз, білім беру саласындағы жетекші сарапшылармен байланыс орната аламыз. Сондай-ақ, компьютер ұйымдастырушы бағдарламалардың көмегімен барлық іс-шаралар жоспарын құрастыруда, баланың жеке күнделігін жүргізуде, ол туралы әртүрлі мәліметтерді жазуда, сынақ нәтижелерін жазуда, графиктер құруда, баланың даму динамикасын бақылауда, жалпы алғанда, тәрбиешілер мен ата-аналарға баға жетпес қызмет көрсете алады.

Сабақ барысында компьютердің мүмкіндіктері шолуға ұсынылатын материалдың көлемін арттыруға мүмкіндік береді, жарқын экран назар аудартады, балалардың аудио қабылдауын визуалды түрге ауыстыруға мүмкіндік береді, анимациялық кейіпкерлер қызығушылық тудырады, нәтижесінде шиеленіс жеңілдейді. Бірақ бүгінде, өкінішке орай, ерте жастағы балаларға арналған жақсы компьютерлік бағдарламалардың саны жеткіліксіз.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне ақпараттық технологияны енгізудің негізгі шарттарының бірі – компьютердің техникалық мүмкіндіктерін білетін, олармен жұмыс істеу дағдысы бар, компьютерді пайдаланудың санитарлық нормалары мен ережелерін қатаң сақтайтын, техниканы меңгерген мамандардың болуы. Мектеп жасына дейінгі балаларды жаңа ақпараттық технологиялармен таныстыру үшін балалармен көп жұмыс жасау керек. Ендігі басты міндет – педагогтардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, бағдарламалық оқу кешендерімен, ғаламдық компьютерлік желінің қайнар көздерімен жұмыс істеуді меңгеру. Мультимедиялық проекторды, компьютерді пайдалана отырып сабақ жүргізетін, ғаламторға қосылған мұғалімнің тек дәстүрлі технологиялар аясында жұмыс істейтін әріптесінен сапалық жағынан басым болатыны анық. Дамудың барлық бағыттары бойынша компьютерлік оқыту бағдарламалары негізінде жүргізілетін мультимедиялық сабақтар әртүрлі формада (бейнефильм, анимация, слайдтар, музыка) ұсынылған аудиовизуалды ақпаратты біріктіруге мүмкіндік береді, мүмкіндігіне байланысты балалардың еріксіз зейінін ынталандырады, динамикадағы құбылыстар мен объектілер ерекше әсермен қабылданады. Сонымен қатар, электрондық тасымалдаушылар мен ғаламтордағы қолжетімді деректердің арқасында пән мазмұны мен әдістемелік мәселелер бойынша ақпарат ағынын арттыруға мүмкіндік береді.

Заманауи технологияның қарыштап алға басып, өмірдің барлық саласында бізді қоршап алғаны баршаға аян деп ойлаймын. Заманауи педагог, сонымен қатар, барлық жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, жұмыс барысымен, қашықтықтан біліктілікті арттыру курстарымен және т.б. қоршалған. Педагог жыл өткен сайын ақпараттық мобильді және сауатты болуы керек, себебі, жаңа технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды жылдамырақ меңгеру қажеттілігі күннен күнге артып келеді.

Біздің бөбекжайымыз бірнеше жылдан бері педагогтардың ақпараттық құзыреттілігін арттыру бағытында жұмыс істеп келеді. Ұстаздарымыз қашықтықтан байқауларға, бейнефильмдер байқауларына, бейнежұмыстарға белсене қатысады, оқу шеберлік сыныптарын түсіреді, сонымен қатар ата-аналармен қашықтықтан жұмыс істеу үшін әртүрлі интернет қызметтерін пайдаланады, қашықтықтан байланыс орнату алаңдарында әріптестермен кездесулер өткізеді.

Жасыратыны жоқ, әрбір білім беру мекемесінде мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ресми сайты, сондай-ақ әлеуметтік желілер жұмыс істейді, әлеуметтік желілер арқылы мекеменің имиджіне көп уақыт бөлінеді. Әрбір педагог өзінің жеке педагогикалық тәжірибесін мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ресми әлеуметтік желілерінде де, әртүрлі білім беру порталдарында да таратады.

Қорытындылай келе, қазіргі педагог – заман ағымына ілесетін, ақпараттық технологияны өз ісінде көптеген тапсырмаларды жеңілдету, ата-аналар мен балалардың сұранысын қанағаттандыру үшін пайдаланатын, өз тәжірибесін бүкіл әлемге тарататын, әріптестерінің тәжірибесін қабылдай алатын тұлға дегім келеді. Бірақ, ең алдымен, заманауи педагог – жаңа білім мен міндеттерді меңгеруге әрқашан дайын адам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Н. Солоневичева. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ақпараттық технологияларды қолдану: Әдістемелік нұсқау. Санкт-Петербург, 2008 ж.
2. С.В. Гурьев. Балалардың білім беру мекемелерін компьютерлендірудің мақсаттылығы. Мәскеу, 2014ж.
3. Г.К. Селевко. Ақпараттық-коммуникациялық құралдарға негізделген педагогикалық технологиялар. Мәскеу: Мектеп технологияларының ғылыми-зерттеу институты, 2005 ж.
4. М.К. Антошин. Компьютерде жұмыс істеуге үйрету. – М.: Ирис-пресс, 2007 ж.

*Егорова Н.Г.
«КШЯС «Бахыт» г.Сарань*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ РОБОТОТЕХНИКИ В ИГРЕ, В ТОМ ЧИСЛЕ С ДЕТЬМИ С ООП

Воспитание и обучение детей начинается с младенческого возраста. Первыми учителями и источником информации для ребенка являются родители. Чем старше становится ребенок, тем больше у ребенка проявляется интерес к новым знаниям. В дальнейшем к обучению подключаются педагоги дошкольных организаций. В детском саду дети обучаются через игры, в которые их вводит педагог. Педагог выступает в роли носителя информации для детей. Сейчас очень трудно представить современное общество без информационных технологий, с помощью которых можно пробудить интерес к обучению, повысить качество знаний, и умений ребенка. Прежде чем ребенок сможет самостоятельно применять информационные технологии в обучении, познании новой информации необходимо его подготовить, дать первые знания, умения работать с компьютером, планшетом.

При работе с детьми от 5 лет, на занятиях я использую «Набор Learning Resources Robot Mouse». Данный набор повышает интерес к занятию, помогает развивать первые навыки программирования, считать, ориентироваться на плоскости и в пространстве, решать логические задачи, примеры, просчитывать, продумывать маршрут движения робот-мышы, а также составлять программу с помощью карточек пиктограмм, программировать, используя кнопки на спине робота. В дальнейшем эти знания и умения помогут ребенку освоить работу с планшетом и компьютером.

Обучение работы с набором проходит в несколько этапов.

Первый этап-это умение правильно собирать модульное поле, что позволяет нам закрепить умение ориентироваться на плоскости и в пространстве.

Второй этап – знакомство с робот мышью, и карточками программирования- закрепление умений ориентироваться в пространстве.


Третий этап- составление маршрута движения робот-мышы. Этот этап помогает нам научить детей составлять программу с помощью карточек пиктограмм, программировать робота.

После того как ребенок получит первый опыт играя с данным набором, его можно использовать на занятиях. Так же данный набор можно использовать на занятиях с детьми с особыми образовательными потребностями, при индивидуальной работе. Важно помнить, что задания для детей должны быть разработаны в более легкой и доступной форме.

На занятии по Основам математики используя набор «Набор Learning Resources Robot Mouse» при закреплении состава числа. Дети образовывали число 7 из меньших чисел. С помощью робота –мыши ребята должны были спаровать карточки чисел так, чтобы в результате получилось число 7. Сырок в данной игре выступал в роли числа 7. Робот-мышь выступала в роли доставщика карточек.

На модульном поле в определенной последовательности были разложены числовые карточки, карточки располагались на определенном расстоянии, которое измеряется шагами робота мыши. Например, до карточки с числом 1 необходимо сделать 1 шаг, до карточки с числом 6, необходимо сделать 6 шагов, в результате мы получаем число 7. Данная игра помогла не только закрепить состав числа 7, но и умение ориентироваться на плоскости и в пространстве, с помощью карточек выкладывать маршрут движения, программировать, а также прощитывать шаги. Так же ребенок наглядно может проверить, правильно ли выполнено задание, если нет, исправить ошибку.

Диаграмма 1



Данная диаграмма показывает нам уровень интеллектуального, творческого, коммуникативного развития, логического мышления, первые навыки программирования, повышение интереса детей к обучению через игру с использованием набора «Набор Learning Resources Robot Mouse». Подводя итоги, могу с полной уверенностью сказать, что данный набор можно и необходимо использовать как в Организованной деятельности, так и в любых познавательных играх. Это дает нам возможность получить положительные результаты в обучении детей через игру, повысить интерес не только к обучению, но и к программированию.

Использованная литература:

1. «Методические рекомендации к набору «Learning Resources Robot Mouse».

*Зурдеева М.С., Щаева С.В.
КШ-Я-С «Бахыт» город Сарань*

ВНЕДРЕНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ НЕЙРОУПРЖНЕНИЙ В ОРГАНИЗОВАННУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

После проведенного анализа мониторинга в сентябре 2020 года, заметили трудности в развитии детей в коммуникационной и познавательной деятельности, в следствие чего приняли решение разработать и внедрить полезные, инновационные технологии, которые будут помощниками для детей с младшего возраста. Одним из выборов пал на кинезиологический и нейропсихологический подход. Нейро-кинезиологические методы в использовании с детьми позволяют сформировать навыки внимания, памяти, мышления, речи, а также эмоциональный интеллект через движения. Но, чтобы все дети были заинтересованы в игровых нейроупражнениях, мы создали их в электронном сборнике. Всей нейроупражнения выполняют дети со сказочными героями.

Нейрогимнастика - это инструмент упражнений, которые могут использоваться детьми всех возрастных групп. Все игровые нейроупражнений направлены на «движение»

нейронов в ЦНС (центрально –нервной системы), которые оказывают положительную динамику на развитие двух полушарий. На организованной деятельности с детьми, а в группах до5 лет в игровой деятельности.

Нейрогимнастика является компонентом направления «образовательная кинезиология», развитие мыслительных способностей человека за счет выполнения заданий для обоих полушарий мозга.

При работе с детьми в КШ-Я-С «Бахыт» мы стали замечать, что некоторые дети используют в практической деятельности только краткосрочную память, в связи с эти стали искать инструмент для качественной усвояемости детьми знаний через игру.

С помощью внедрения нейроупржнений были решены такие проблемы как:

- краткосрочная память;
- рассеянность;
- потеря концентрации в движении и в деятельности;
- плохо развита мелкая моторика рук;
- проблемы с ориентацией в пространстве и на листе бумаги;
- снижение способности к обучению, которая поступает в процессе игры.

Начав внедрение нейроупражнений мы сделали картотеку игр по навыкам и компетенциям, в которой расписали цели и задачи для развития детей и способы использования и внедрения в любую деятельность с детьми. Далее на ОД педагогами были апробированы нейроупржнения на таких играх как, «Геовизор», «Игровизор», «Кубики Зайцева».





Рис.1

В данной диаграмме (рис 1) мы видим, что развитие детей через использование нейроупражнений повышается, т.е. качество полученных знаний увеличивается. При этом в группе, где не используют нейроупражнения показатели ниже. (рис 2)



При проигрывании нейроупражнений «Кулак, ребро, ладонь», «Зима - весна», «Сказки Маршака», «Ливень - ветер» - столкнулись с такими проблемами, как не

чередование руки, хлопков, делают шаги не слышав музыку, после проведенного анализа доработали игры и стали использовать в течении всего дня, а также были разработаны брошюры для родителей, с целью закрепления в домашних условиях нейроупражнения.

Нейрогимнастика одновременно активирует всю нервную систему. *Правое полушарие головного мозга* отвечает за работу центров творчества. *Левое полушарие головного мозга* состоит из отдельных центров, которые отвечают за работу речевого аппарата, логическое мышление и освоение математических наук.

Использование педагогами в работе с детьми нейроупражнений дает возможность повысить уровень взаимодействия левого и правого полушария мозга. Именно в работе педагогов дошкольных организаций стоит задача использовать данные нейроупражнения в игровой и организованной деятельности с детьми всех возрастов, чтобы после завершения обучения в саду, дети смогли легко привыкнуть к программе начальной школы.

Использованная литература:

1. Иванов С.С. 2010 «Нейроупражнения для детей», Москва.
2. Колганова В.С., Пивоварова Е.В. Нейропсихологические занятия с детьми. - М.: Айрис-пресс, 2015.
3. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. М., 1973.

Зыкова Л.И.

КГКП «Ясли-сад «Карлыгаш» город Шахтинск

СТОРИТЕЛЛИНГ В РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКОГО ВОООБРАЖЕНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

В современном мире информационных технологий все чаще встречаются новые для нас слова, выражения. Когда я услышала термин «Сторителлинг», немного растерялась, но заинтересовалась. Прочла много статей, литературы, и решила использовать этот метод в работе со своими дошкольниками.

Проблема развития речи в современном образовании одна из самых острых. В настоящее время технологий, у каждого воспитателя имеется своя копилочка разнообразных средств: игры, иллюстрации, презентации... Конечно, к огромному сожалению, современным детям, очень сложно придумать, или сочинить историю. Может связано это с миром телефонов и гаджетов, может из-за особенностей развития речи.

Что же такое «Сторителлинг»? Этот термин возник от английского слова storytelling, и в переводе означает «рассказывание историй, способ передачи информации и нахождение смыслов через рассказывание историй».

Сторителлинг – это повествование мифов, сказок, притч, былин. Это простой способ заставить работать наш мозг. Сами рассказы могут быть, как о выдуманных (книжных, сказочных, мультипликационных), так о реальных (детях группы, самом педагоге) героях. [№1, стр. 73] Мораль в них скрыта, поэтому они похожи на сказки.

Метод работы с детьми – сторителлинг можно использовать в любом месте и в любое время, он дает огромные возможности в работе с детьми и не требует особых затрат. Это отличный способ разнообразить организованную деятельность, запомнить материал, обогатить устную речь. У детей импровизированные рассказы вызывают очень большой интерес, нежели рассказы и тексты из книги, или заученные истории. Они развивают логику и детскую фантазию. Такие истории остаются в памяти детей надолго.

Метод– сторителлинг подтолкнул нас сделать огромный шаг вперед для того, чтобы дети могли разговаривать, фантазировать, сочинять, придумывать.

В своей работе с дошкольниками, мы решили использовать несколько видов сторителлинга: *классический* – передавая конкретную информацию детям, воспитатель сама рассказывает историю, которая должна быть запоминающейся, простой и понятной. *Активный* – любая история должна заинтриговать детей интересным, необычным героем. Им может быть любой предмет, мультипликационный персонаж, и даже обычные люди... *Правдивая* история о реально пережитом опыте, придуманная о вымышленных героях, рассказанная мною, заинтересовывает детей, повышает результаты лучше и быстрее. Важно, чтобы ребенок мог сопереживать герою, помочь ему, или исправить какую-либо ситуацию. *Цифровой* – это формат, в котором рассказывание истории сопровождается визуально, дополняется картинками, презентациями, видеороликами, QR-код...

Чтобы расширить возможности для развития коммуникативных качеств, расширить возможности детей для развития и обогащения речи, воображения, умения логически мыслить, мы выбрали самые интересные и более доступные для наших дошкольников методы, применяемые в сторителлинге. Такая работа помогает нам разнообразить деятельность с детьми, заинтересовать каждого, облегчить процесс запоминания сюжета.

«Кубики историй» - настоящий праздник воображения! Ведь сочинять истории не только полезно, но и очень увлекательно, это картинки, которые погружают детей в мир фантазий и приключений. Каждый рисунок яркий и понятный, и несет в себе захватывающий и неожиданный поворот событий. Такая техника – сторителлинг, открывает уникальную возможность развития коммуникативной компетенции для детей необщительных, стеснительных, замкнутых. Свои первые открытия мы совершаем вместе с детьми, и им это очень нравится. Оказалось, что готовые, фабричные кубики достаточно сложны: очень мелкие, и картинки на них детям плохо видны. Поэтому в своей группе мы решили изготовить свои кубики историй. По количеству – их 9. Так как наши дети очень любят играть на ковре, для этого мы взяли набор большего размера, а с кубиками меньшего размера – сочиняем истории за столами. Дети стали по желанию делиться группами. Оказалось, что командный дух помогает ребятам сочинять более интересные истории.

Ну и конечно родители наших воспитанников не остались в стороне. Нашу идею поддержали. Ведь это не только увлекательная игра, но и очень полезная. Она учит риторике и детей, и взрослых. А это полезно в каждой профессии и на любом возрастном этапе каждого человека. Мы провели небольшой опрос среди родителей:

- Любит ли сочинять истории ваш ребенок? 62% ответили -да, но не всегда получается, 38% ответили, нет, или не знают.

- Как вы считаете, нужна и важна ли работа с детьми по развитию речи, воображения, фантазии с использованием современных технологий? Каждый родитель ответил на этот вопрос положительно 100%.

- Как вы относитесь к тому, когда ваш ребенок рассказывает, или сочиняет истории, поддерживаете ли вы этот интерес? 89% ответили –да, 11% - нет.

Как оказалось, родители незнакомы с техникой сторителлинг. Поэтому мы организовали мастер-класс для родителей «Знакомство с техникой сторителлинг». Чаще стали проходить совместные встречи взрослых и детей, на которых время проходит фантастически весело и с пользой. Дети не только показывают свои знания и умения, но и с удовольствием обучают своих родителей придумывать истории. Перед началом игры мы с ребятами обговариваем жанр событий (будет ли это фантастическая сказка, или смешная история). Обязательно учитывается детский интерес, возраст. Правила игры просты. Кубики из коробки можно «выбросить» сразу все, можно по одному. Дети между собой могут договориться, кто начнет, кто продолжит и, кто закончит историю. Сначала ребята выбирают кубик, на котором рисунок определяет место события, затем, присоединив нужные детали, предметы, действия, продолжают сочинять, и так далее, пока история не будет закончена.

Для поддержания детского интереса мы используем QR-код. Он есть на определенных гранях кубика. Герои или предметы из народных сказок (Баба-Яга и метла, Алдар Косе и

ослик, ленивый кот и мыши...). После придуманной истории, или сказки, можно задать некоторые вопросы:

- в каких сказках живет Баба-Яга?
- в каких сказках встречается тот, или иной предмет (домбра, ступа...)
- Мог ли петь жадный Бай, как у него это получалось?

Используя QR-код, у детей есть возможность проверить свои ответы: посмотреть иллюстрации, прослушать песенку, или сказочное музыкальное сопровождение и т.д.

Работа с детьми в данном направлении стала приносить свои плоды, поэтому мы решили расширить границы, и для этого еще взяли гладкие камешки с нарисованными картинками. Из камней можно собрать целый зоопарк, придумать фантастическую историю. Оживление камней и сходство с любимыми героями привело детей в восторг.

Конечно же, мы используем визуальный формат рассказывания историй. На экране появляются мультипликационные герои, которые вживаются в сказочную или смешную историю, и доставляют дошкольникам огромное удовольствие и удовлетворение от увиденного и услышанного. Это могут быть сюжеты разного жанра, вылетающие из сундука, и появляющиеся на экране.

Родители наших воспитанников предложили детские истории записывать (в печатном варианте, аудио и видео истории). Эту замечательную идею мы стали воплощать в жизнь. Так в нашей группе появилась «Книга историй».

Каждый ребенок по-своему истолковывает изображение, по-своему видит персонажа, и наделяет его качествами и переживаниями. От того истории получают по-детски уникальными. У нас еще очень много идей по составлению историй, постепенно, шаг за шагом мы будем воплощать их в жизнь в работе со своими дошкольниками.

Использованная литература:

1. ТОО «МЦФЭР» - Казахстан Справочная система «ACTUALIS: Образование» БІЛІМ БЕРУ ұйымының әдіскері Методист организации образования №3 (75) 2021 Осваиваем новый интерактивный метод работы с детьми-сторителлинг-С. 73
2. Федорова С. В., Барчева А. А. Использование техники сторителлинг в работе с детьми дошкольного возраста // Молодой ученый. — 2017. — №16. — С. 515-518.
3. Симмонс А. Сторителлинг. Как использовать силу историй. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. - 177 с.
4. Русакова А.С. Ключи к детской душе. Как рассказывать и сочинять истории и сказки. - М.: Обруч, 2015. -192 с.

Әбжан Г.Е., Спанбетова Г.О.

Балқаш қаласы, «ЕрТөстік» КМҚК бөбекжайы

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Тәрбиенің қайнар көзі, алғашқы бастамасын бала отбасы ошақ қасынан алады. Отбасы аясында түлеп өсіп, оңы мен солын таниды. Отбасы алғашқы адамгершілік әліппесі қалыптасатын аяулы кезең. Өмірдің базарын бала деп білген халқымыз «Жаста берген тәрбие - жас қайыңды игендей» деп аталы сөзді жас ұрпақты тәрбиелеу жолына арнаған. Еліміздің болашағы жас бүлдіршіндерімізді тәрбиелеуде бірінші бесік отбасы, екінші бесік балабақша, мектеп екендігі айқын. Балабақшада балалардың ойы мен санасының қалыптасуына, отансүйгіш ұлтжанды болып өсуіне, патриоттық рухта тәрбиеленуіне жағдай мен мүмкіндіктер жасалған. Балабақшадағы патриоттық тәрбие беруде заман талабына лайық, тәрбие жұмыстарында сандық білім беру ресурстары мен кешенді

ұйымдастыру жаңа технологиялар, инновациялық жаңашылдықты талап ететін кешенді іс-шаралар өткіземін. Себебі, жас ұрпаққа ұлттық патриоттық рухты сезіндіру толассыз өзгермелі қоғамдағы негізгі бағдар мен темірқазық болу керек. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақшаның тигізер пайдасы орасан зор.

Баланың бойында адамгершілік-патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың маңызы зор. Компьютерді неғұрлым қызықты және танымдық іс-шараларға пайдаланудың бір нұсқасы- ол бейнепрезентация көрсету. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейнепрезентацияның өзіндік ерекшелігі бар. Балалардың оқу шеберлігі қалыптаспағандықтан немесе нашар қалыптасқандықтан, презентация ең аз мәтіндік ақпаратты қамтып, мәтіндік материал слайд атаулары немесе слайдқа қысқа сұрақтар түрінде ұсынылуы мүмкін. Слайдтардың негізгі мазмұны, ең алдымен, аудиожазбадан, бейнелерден, фотосуреттер жиынтығынан немесе мектеп жасына дейінгі балалардың визуалды-бейнелі ойлауына жақсы жауап беретін тақырыптық суреттер сериясынан тұрады. Бұл бейнелерді көру барысында балалардың көзбен көру қабілеті дамып, таным белсенділігі де арта түседі. [1,б.12].

Біздің бөбекжайымыз дарынды және білімді ұрпақ тәрбиелеуде, оларды тұлға етіп қалыптастыруда білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отырады. Оқу-тәрбие үрдістерінде Триз технологиясын, В.В. Воскобовичтің дамыту ойындарын, «Кюйюзинер таяқшаларын», интеллектум ойындарын кеңінен қолданады.

В.В. Воскобовичтің технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және ойын іс-әрекетінің нәтижеге бағыттау идеясына негізделген. Кішкентай баланы тәрбиелеудің маңызды міндеттерінің бірі – оның ақыл-ойын дамыту, жаңа нәрсені оңай игеруге мүмкіндік беретін ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыру. В.В. Воскобовичтің дамыту ойындары үнемі күрделенетін дамытушы сұрақтар мен танымдық тапсырмалардан құралады. Бұл ұзақ уақыт бойы білім беру іс-әрекетінің әртүрлі мәселелерін шешу үшін бір ойынды пайдалануға мүмкіндік береді.

Балалардың зейінін, есте сақтауын, қабылдауын, ойлауын, қиялын анықтайтын ойындарды «Power Point» бағдарламасы арқылы жасаймын. Power Point бағдарламасы өте ыңғайлы, бір презентацияға бірнеше ойын түрін жасап, жұмыс жасауға ыңғайлы мультимедиялық құрал. Балабақша баласына электрондық құралдар, біріншіден олардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар, түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік береді.

АКТ-ақпараттық коммуникациялық технологияларын күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметімізде қажетінше қолданып отырамын. Әсіресе, ашық сабақтарда, оқу қызметтерінде, тақырыптық сабақтарды өткенде, мерекелік іс-шараларды ұйымдастырғанда ақпараттық технологияларды қолдану өте тиімді. (Сурет №1, Сурет № 2)



Сабақта АКТ қолдану Сурет № 1, сурет №2

Ыбырай атамның «Әке мен бала» немесе «Бақша ағаштары» әңгімесін балаларға «You tobe» желісі арқылы тыңдатамын, балалар ұйып тыңдаған соң, «Суретті галерея» әдісі арқылы балаларға сурет кесінділерін таратып, оқиғаларды рет-ретімен орналастырамыз, қарапайым деңгейде жүзеге асырылады.

«Бақша ағаштары» әңгімесін оқи отырып, «Білім ағашы» әдісі арқылы ағаштың суретін тақтаға іліп, балалармен ағаштың өсуіне жақсы қасиеттерді ілу арқылы

көмектесеміз. «Бакша ағаштары» шығармасы әке мен баланың сұхбатымен басталады. Баласының бір ағаштың неге қисық, неге түзу деген сұрағына әкесі: «Балам, анау ағашты күткен, суарған, қисық бұтақтарын кесіп тастап, ертелі кеш тәрбиелеген. Сондықтан ол ағаш түп түзу болып, жақсы өскен. Ал мынау ағашты күтушісі болмаған, өз бетімен өскен, тәрбиелемеген. Сондықтан ол қисық боп өскен.» Шығарманың қорындысы да өте ұтымды. Бағу мен тәрбиелеуде көп мағына бар. Мұнан көп ғибрат алуға болады. Қарапайым мысал арқылы шығармаларынан себепсіз жақсылық жасау идеясы жарқын көрініс береді. Ұят, иман сияқты асыл қасиеттерді алға қояды. Бұл шығарманың өзінен кіші түгіл, үлкен адамның өзі зор тәрбие алары сөзсіз. Ұйымдастырылған іс-әрекетте кішкентай балаларға осы қасиеттерді үлгі етіп, ойын арқылы түсіндіруге тырысамын.[2,б.83].

АКТ пайдаланып, өнегелі тәрбиені қалыптастыруда балалар:

- Ізгілік бастамасымен тәрбиеленеді;
- Өз отбасына, туған қала, сыныптастарына, көшесіне қамқорлықпен қарауды үйренеді;
- Табиғатты сүйіп, аялауды үйренеді
- Үлкендер еңбегін құрметтей біледі;
- Рухани, сауатты, білімді тұлға қалыптасады;

Мәңгілік ел идеясын басшылыққа ала отырып, ұрпақ тәрбиесінде отбасы мен тәрбиешінің ортақ міндеті көп. Ұлт педагогтарының қаншама жылдар тарихпен біте қайнасқан ұрпақ тәрбиесіндегі тәжірибелері бізге өнегелі үлгі екені анық. Еліміздің тәуелсіздігінің отыз жылдығында отыз тағылымды білім мен тәрбиені бағдар етіп, бала жанының бағбаны, шамшырағын жағар нағыз тәрбиеші ұстаз болу - біздің парызымыз.[3, б.52].

Пайдаланылған әдебиеттер:

Электронды ресурс.<https://bilimger.kz/53210>

1. «Отбасы және балабақша» журналы №4, 2015 жыл Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал № 12, 2014
2. Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Нұр-Сұлтан – 2020.

*Жаканова Ж.М., Нагиманова Э.Б
Шет ауданы, «Балбөбек» КМҚК бөбекжайы*

ІТ ҚОЛДАНУ - БАЛА ТАНЫМЫН ЖАН - ЖАҚТЫ ДАМУДЫҢ ШЕШУШІ ҚҰРАЛЫ

Балабақшада соңғы жылдары инновацияларды құру, игеру, пайдалану және тарату, жаңа технологияларды енгізу бойынша кешенді іс-шаралар жүзеге асырылатын ІТ технологиялары кеңістіктің кеңеюі байқалады.

Қазіргі мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді ұйымдастырудың өзекті мәселелерінің бірі- ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану болып табылады. Балабақшада оқыту, тәрбиелеу және дамытуды арттырудың әлеуметтік қажеттілігіне мән беру ұсынылады. Тәрбиелеу және білім беру кеңістігі біздің көз алдымызда қалыптасып келеді және компьютерлік технологиясыз іс жүзінде мүмкін емес. Осыған байланысты интернет желісінде пайдалануға болатын оқу ресурстары мен ақпараттың алуан түрлілігі тәрбиеленушілердің білімін кеңейтуге маңызы зор.

ІТ қолдану тәрбиешілерді балалармен қарым-қатынастың жаңа дәстүрлі емес нысандары мен әдістерін іздеуге ынталандырады, білім беру, тәрбиелік және түзету үдерістерінің инновациялық идеяларын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдістемелік әзірлемелерді тәжірибеге кеңінен енгізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, балалардың

интеллектуалдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру - оқуға деген қызығушылығын арттырады, танымдық дағдыларын қалыптастырады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тұжырымдамасына сәйкес дамып келе жатқан ұйымдастырылған іс-әрекетінде ІТ маңызды орыналады. Дегенмен, оны ойыңқырылғысыз түрінде қарастырмай, тәрбиелеу мен білім беру сапасын арттыруда пайдаланатын ақпараттық жүйеретінде қабылдау керек. Нәтижесінде білім беру жүйесін ақпараттандыру тәрбиешіге, оның кәсіби құзыреттілігіне жаңа құрал болатыны анық. Қазіргі дамыған уақытта балабақша тәрбиешілері ІТ технологияны жетікменгеріп, ұйымдастырылған іс-әрекетте пайдалану:

- тәрбиеленушілермен ұйымдастырылған іс-әрекет;
- ата-аналарымен өзара әрекеттесу процесінде;
- тәрбие мен білім беру жүйесінде әдістемелік ұсынымдар, құралдар және әдістемелік әзірлемелер;
- біліктіліктің кәсіби деңгейін көтеруде.

Педагог әрқашан өздерінің іс-әрекет қызметін жоғары кәсіби деңгейде жүргізуге ұмтылуы керек. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балабақша тәрбиешілері перспективалық жоспар жасап, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ІТ қолдануды іске асырып отыру қажет. Сондай – ақ ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық кезінде интернет ресурстарын қолданып, иллюстрациялық материалды таңдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларда көрнекі-бейнелі ойлау басым екенін естен шығармауымыз керек, сондықтан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы басты қағида – көрнекілік принципі. Тәрбиешілер іс-әрекет алдын ала дайындайтын түрлі иллюстрациялық материалдарды пайдалану: суреттерді түрлі – түсті принтерде басып шығару, ламинаттау, алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жету.

ІТ іс-әрекет баланың білім сапсын арттыруға, тәрбиеленушілер мен жеке жұмыс ұйымдастыру тәсілдерін өзгертуге, ұжымда өнімді жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға, балалардың оқуы мен дамуын тиімді түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

Жаңа тақырыпты балаларға түсіндіру мақсатында тәрбиешілер Power Point бағдарламасында презентациялар жасап, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында пайдаланады. Презентацияларды пайдалану іс-әрекетті қызықты, эмоционалды түрде қабылдауға мүмкіндік береді, өйткені слайд материалдары тамаша демонстрациялық көрнекі құрал бола алады. ІТ технологияны қолдануда оқу-дамыту материалын жарқын тірек бейнелер жүйесіне лайық тауысынады, бұл іс-әрекет жаңа материалды сәтті меңгеруіне ықпал етеді.

Тақырыптар бойынша материалды бекітуде тәрбиешілер дамытушы ойын дар пайдаланады. Ойындарды интернетте аңдауға немесе балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып және мектепке дейінгі білім беру мекемесінің бағдарламасына сәйкес дербес құрастыруға болады. Оқу қызметінің ойын түрі балаларды баурапалады, белсінділік танытуға, білімдерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Анимациялық әсерлерді қолдану: графика, мультфильм кейіпкерлерінің қимылдары, дыбыс балалардың материалға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі, соның нәтижесінде олардың танымдық белсенділігі артады. Интерактивті тақтамен жұмыс оқу іс-әрекетін дидактикалық ойындар мен жаттығуларды, проблемалық жағдаяттарды, шығармашылық тапсырмаларды жаңаша қолдануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мектепке дейінгі тәрбиешілер балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік алады. Ата-аналар жиналыстары, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптары немесе семинарлар кезіндесіз мультимедиялық жабдықты пайдалана аласыз және ата-аналарға балалармен өткізілген іс-шаралар туралы бейне роликтер, фильмдер көрсете аласыз, презентация түрінде ақпарат бере аласыз. Мысалы, дұрыс тамақтану, денсаулықты сақтау туралы, балаларының қатысуы мен фото материалдармен сүйемелдеуімен технологиялар және т.б.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кітапшалар жасауға, балаларды дамыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері бойынша кеңестік материалды есімдеуге, ата-аналар бұрышында ақпаратты орналастыруға болады.

Педагогтің коммуникативті ккүзіреттілігі компьютерді және заманауи мультимедиялық құрал-жабдықтарды пайдалану, оларды жұмыста қолдану қабілетін ғана емес, сонымен қатар өзінің білім беру ресурстарын құруды, педагогикалық іс-әрекетте қолдана білуді білдіреді.

Жасалған жұмыстар туралы ақпаратты орналастыруға, тәрбиелеумен блім беру процесін ұйымдастыру есептержасауға, фотосуреттерді ұйымдастыруға болатын жеке интернет-сайтты немесе блогты пайдалана отырып, оларды оқу процесінің толыққанды қатысушысы ету үшін ата-аналарды педагогикалық процескетарта аласыз. Мұның бәрі ата-аналардың балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу мәселелеріндегі құзыреттілігін арттырады, өйткені ата-аналар тәрбиешінің балалармен жұмысын көре алады, серуендер, іс-шаралар өткізу әдістері мен танысады. Тәрбиешілермен ата-аналар арасындағы байланыстың тиімділігін арттыру екені анық.

Тәрбиешілер үнемі кәсіби біліктілігін арттырып отыруы керек. Ол үшін желілік педагогикалық қауымдастықтарда педагогтермен тәжірибе алмасу, іс-шараларды, сабақтарды дайындау және өткізудегі педагогикалық тәжірибе алмасу, түрлі әдістерді, технологияларды қолдану, басқа мұғалімдердің тәжірибесинигеруге болады. Презентацияларды пайдалана отырып, өз жұмыс тәжірибесінен хабарламалар дайындаңыз және педагогикалық кеңестерде, мектеп кедейінгі білім беру ұйымдарында берлікіс-әрекеттерінде сөз сөйлеңіз, облыстық әдістемелік бірлестіктердің отырыстарына қатысыңыз. Осылайша, білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін айтарлықтай байытуға, сапалы жаңартуға және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялар дұрыстандалған оқыту технология әдістерімен мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің сапалығын, өзгермелілігін, саралауын, даралануының қажетгі деңгейін жасауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бүлдіршіндерге арналған компьютерлік сауат ашу бағдарламасы. Алматы, 2015
2. Н. Исабек «Компьютерлік технологияны пайдаланудың оңайлы өлшемдері»
3. Комарова Т.С., Комарова И.И., Туликов А.В. Мектепке дейінгі білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. - М. : МОЗАЙКА-СИНТЕЗ, 2011. - б. 128
4. Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарғаарналған мемлекеттік бағдарламасы //http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988

Жанкина З.А.

Бұқар жырау ауданы, «Балдәурен» КМҚК бөбекжайы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕГІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы бір сөзінде: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжселердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр болады ма деп қорқамын...» деген екен.

Дүние есігін ашқан әрбір нәресте отбасында ата мен әженің, әке мен ананың, жылулық шапағатына бөленіп өседі. Берілетін тәрбие әр отбасыда түрліше, өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары арқылы, үлкендердің өмір жолдары арқылы тәрбиеленеді.

Ертегі-баланың рухани өмірінің қажетті элементі. Ғажайыптар мен сиқырлар әлеміне ене отырып, бала өз жанының тереңдігіне енеді. Халық ертегілері балаларды ерекше оқиғалар, кейіпкерлерімен болатын қиял, өзгерістерін білдіреді. Олар адамдарға жақсы қарым-қатынасты үйретеді, жоғары сезімдер мен ұмтылыстарды көрсетеді. Балалардың ертегі кейіпкерлерімен кездесуі оларды бей-жай қалдырмайды. Қиындыққа тап болған кейіпкерге көмектесу, ертегі жағдайын түсіну - мұның бәрі баланың ақыл-ой белсенділігін ынталандырады, қызығушылықты дамытады. Ертегілерден балалар көптеген білім алады: уақыт пен кеңістік туралы алғашқы идеялар, адамның табиғатпен, объективті әлеммен байланысы туралы.

Мектеп жасына дейінгі балалар өмір мен өлім, махаббат пен жеккөрушілік сияқты күрделі құбылыстар мен сезімдерге тап болады; ашу мен жанашырлық, опасыздық пен сатқындық. Сондықтан, ертегі үлкендер мен кішкентайлар үшін өмір бойы сабақ болып табылады.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің балалар ертегілермен емес, заманауи мультфильмдермен тәрбиеленуде. Ата-аналардың көпшілігінде баламен бірге отыруға және кітап оқуға уақыты болмай жатады. Қазақтың бесік жырын шетелдің даңғазы әуені алмастырса, ертегінің орнын телеарна мен компьютердегі ойындар, түрлі мультфильмдер алмастырды.

Ал әженің орның техника басты. Алайда қазақ халқы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрден ажырап бара жатқаны көрініп тұр. Балалар психологтары бұл балаларды тәрбиелеудегі ересектердің үлкен қателігі деп санайды. Ата-аналар және біздің логопедиялық пунктін балаларына арналған сауалнамасы көрсеткендей, үйде балалар кітаптарын оқуға аз уақыт бөлінеді, ал кейбір ата-аналар тіпті халық ертегілерін атай алмайды. Сондықтан біз балаларымыздың дамуы мен тәрбиесіндегі ертегілерге көбірек уақыт бөлуді шештік.

Сонымен, «Әжемнің ертегісі» атты жобаға қатысып балалар, ата-аналар, педагогтардың арасында қызығушылықтарын тудыру үшін ертегілер арқылы халықтың болмысын тану және оны бүлдіршіндерге таныту, олардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін дарытып, ұлттық қабілеті мен шешендік өнерлерін дамытуы керек болып табылады.

Ертегі—ауыз әдебиетінің асыл мұраларының пікірлерін тыңдайтын болсақ, ертегінің бала тәрбиесінде, оның танымдық қасиетінің жан-жақты жетіуіне, рухын, қиялын, сөздік қорын байытып, тілін дамытып маңызды орын алатын деңгейге жетілдіреміз деп күтілетін нәтиже қойдық.

Логопедиялық пунктін балалардың ертегі арқылы ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге. Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, сүйіспеншілікке, сезімге баулу керек деп мақсат қойдым.

Бірінші кезеңінде жоспар құрып балалармен, ата аналармен және педагог арасында ұйымдастырылған сауалнама, кеңес, жадынама сияқты іс шаралар өткізіліп отырылды. «Баланың өміріндегі ертегі» атты ата-аналарға арналған сауалнамаға белсенді қатысып, сұрақтарға жауаптарын берді.

Осы жоба аясында ата-аналарға рухани-адамгершілік маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Отбасымызбен ертегі оқимыз» кеңесін ұсындым. Сонымен қоса «Шығармашыл отбасы» атты конкурсын ұйымдастырдым. Менің мақсатым ата-аналар мен балалардың шығармашылық жұмысқа деген белсенділігін артыру. Қатысушылар үй тапсырмасын орындап сүйікті ертегілерінің кейіпкерін салып келді. Әр бала өздерінің салған суреттеріне мақтан қарады.

Жобаның екінші кезеңінде ертегі әлемінен әже келіп «Жеті өнерпаз» ертегісін балаларға әңгімелеп беріп еді, балалар мұқият тындап, ертегінің соңында ғажайып әлемге тап болғандай сұрақтарын қойып қызығушылықтарын арттырып отырды.[1]

Педагогтар арасында «Өнерпаз Ханшайымдары» атты семинар-практикум өткізіліп, педагогтарымыз өте белсенді қатысып. «Көңілді тіл туралы» ертегісін айтып отырып артикуляциялық жаттығу жасалынды, өз ойларынан коллаж ертегісін құрастырып және ойдан ертегі құрастырып «Бақытты тапқан қыздар», «Сиқырлы әуенің күші», «Добрый мальчик Айдос» деген ертегілер де жарыққа шықты. Педагогтар шығармашылықтарын артырып «Бақытсыз бай», «Алдар Көсе мен бай», «Қожа мен хан» ертегісін сахналап берді. [2]

Үшінші кезеңінде педагогтар арасында ұлттық ертегісі туралы деңгейін тексеруге мүмкіндік беріліп ертегілерге арналған тест өткізіліп, жауаптары жақсы нәтиже берді. «Өзің оқысаң, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша, /balalaralemi.kz/ интернет жүйесінен оқушы балалар өз ойларынаң құрастырылған елуге жүйік ертегі кітапшаларын жарыққа шығарып, қоғамдық қозғалысқа қатысушылар пайдаланып жүр.[3]

Ата мен әженің тәрбиесі ізгіліктің жарығындай бала жүрегін нұрландырып тұрады. Көпті көрген көнекөздің өмірден алған тәжірибесі мол. Қазақта ата-әжесінің тәрбиесін көрген бала басқаша болады, айналасының да көзқарасы оған ерекше-тұғын. Өйткені ауыл үлкендерінің жанында жүріп, олардың өнегелі әңгімесін тыңдап өскен баланың сана-сезімі басқалардан ерекше болып қалыптасады. Сондықтан әжелерді таптырмас тәрбие мектебі дейміз.

Сонымен, Сіздер үшін бар ынта, жігері мен өмірден алған өнегесін бала жүрегіне құяры педагогтар әжелерімізді қарсалайық деп «Өнерлі әже» атты сайысымызды өткіздік.

Сайыс бес өлшемнен тұрды ол; Сәлемдесу; Сұрақ – жауап; Әженің ертегісі; Салт дәстүр; Қол өнер; Педагогтарымыз өте белсенді қатысып яғни өте жоғары деңгейде дайындалғаны көрініп тұрды, болашақ, жарқын әжелер болатыны анық десек те қателеспейміз. [4,5,6]

Жобамыздың сонында балаларға арналған халыққаралық «Алдар мен Бай» атты ертегісін сахналап бердік. Балалар қызушылықтарын артырып мұқият тамашалады, соңында балалар жарыса отырып қалай Алдар Байды алдап жылы тоның қолына түсіргенің айтып берді. [7]

Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрді өз бойымыздағы ерекше қасиеттерімізді, таланттарымызды, дарындылығымызды, өзгелерден ерекше табиғи қабілетіміз арқылы биіктерден көрсете берейік. Қасиетті ертегілер арқылы бүлдіршіндерімізге тәрбие беріп, салт-дәстүрін сақтап қала берейік. Сонымен қатар еліміз егемендік алғалы мемлекеттік тілде сөйлеуіне, бұл қасиетті ертегілердің халық ауыз әдебиетінде ең маңызды орын алатыны сөзсіз екенін салыстырып көрсете берейік.

Халқымызда «Ізденген жетер мұратқа» деген сөз бар. Яғни, әр нәрсені білуге талпынып, білімнің тереңіне бойлау-дамуды кемелдікке жеткізеді, рухани байытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бала және балабақша» № 6, 2015
2. «Дефектология» № 4, 2013
3. «Логопед в детском саду» № 2, 2012



1.«Жеті өнерпаз»



2.«Өнерпаз Ханшайымдары»



3.Буккроссинг



4.Гран-При

ЕРТЕ ЖАС БАЛАЛАРЫН ДАМУДА ІТ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Бала - біздің болашағымыз. Олардың жан-жақты дамуы мен санасына жүйелі түрде берілген білім кішкентай кезінен санасына берік қалыптасатыны сөзсіз. Бүгінгі таңда балабақшалардың алдына қойған мақсаты, тәрбешіге қойылатын талаптардың маңыздылығы күннен-күнге артып келеді. Күнделікті сабақты жоғары әрі сапалы ету үшін оқу барысында цифрлық ресурстарды, құралдарды және ақпараттық технологияларды белсенді қолдану қажет.

Сабақтың табысты да сапалы болуы ерте жас балалардың қызығушылығын арттыруы оның мазмұны мен ерекшелігіне және тәрбиешінің сабақты жанашылдықпен, ресурстармен толтыратындығына байланысты. Балалармен эмоциялық қарым-қатынас пен ақпараттық құралдар және интербелсенді әдіс-тәсілдердің көмегі ерекше. Ерте жас тобындағы балалар өз мүмкіндіктеріне сәйкес қызығушылықтары басым, әр нәрсеге қызығатын, жаңаны тани алатын ерекше жас кезеңінде қалыптасады. Олардың жан-дүниесін, білімге құштарлығын арттыруда ойын технологиясының, ақпараттық ресурстардың рөлі зор.

Бұл зерттеу жұмысымда мектеп жасына дейінгі ерте жас балаларын дамытудағы ақпараттық технологиялардың рөліне кеңінен тоқталып, іс-тәжірибеммен бөлісетін боламын. Қазіргі таңда балалар көп уақыттарын смартфонмен немесе теледидармен өткізеді. Болашақта зейінді оқушы қалыптастыру үшін, негізгі баспалдақ балабақшада білім мен тәрбие құстың қос қанатындай қатар берілу керек, сондықтан балабақшада балаларды ойын технологиясына негіздей отырып «Qonzhuyq» танымдық қосымшасын пайдаланамын. Бұл танымдық порталды «Play market» қосымшасынан жүктеп қолдана беруге болады.

Бұл қосымшаның ерекшелігі – ерте жас балаларын дамытуға арналған «Түстер мен пішіндер», «Дұрыс жануарды тап», «Жануарларды дауысынан таны», «Жуынатын бөлме заттары» сияқты танымдық ойындар мен сүйікті ертегілер мен мультотпамалардың мол ресурсы топтастырылған. Ойын үстінде баланың сұранысы мен тәрбиешінің тапсырмасы ұштасады. «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, фантазиясыз толық мәндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды»- деп педагог Сухамлинский ойынға ерекше мән берген. Ойынның ой дамытатынын ескере отырып, сабақтың мақсаты мен мазмұнына қарай ойын түрлерін іріктеп, жүргіземін, қызықты әдіс-тәсілдерді пайдаланамын.

Ойын нәтижесінде баланың бойында байқағыштық, төзімділік, табандылық секілді қасиеттер көрініс табады екен. Педагог-психологтардан сұхбат алу барысында: «ұсақ моториканы дамыту арқылы, баланың тілі жетіледі, ми қабаттарындағы зейіннің тұрақталуына ойын әрекеттері көп рөл атқаратындығына» көз жеткіздім. Ең қарапайым қолжетімді гимнастикалардың өзі баланың дамуына тамаша әсерін тигізеді. Мысалы: сегіз қырлы қарындашты алып, қолға үйкелеп, домалату арқылы баланың алақанындағы барлық нүктелерге ықпал етеміз. Бұл жаттығу арқылы ұсақ моторика емес, баланың бойындағы стресс деңгейі мен агрессия деңгейін төмендетуге болады. сонымен қатар, күнделікті түйме тағу, аяқ киімнің бауын байлау, фасоль мен бұршақты араластырып таңдап алу жаттығулары да көмекке келеді.

Кез келген тақырыпты өткенде топтық ойындарға суреттерді жасырып ойнатамын. Ерте жас балаларына тән ерекшелік оларға белгілі бір әнді, тақпақты қайталату арқылы зейінді қалыптастыру. Бұндай уақытта «Ақылды қоян» ойыншығын қолданамын. Ойыншықтың ішінде де танымдық тыңдалым қабілетін арттыратын ресурстар бар. «Бұзық телефон» әдісі арқылы дұрыс тыңдалымды жетілдіріп, айтылымға бағыттаймын. Қысқа ертегілерді ала отырып, шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына әңгіме бойынша бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек, кейін

сөзді ауыстырып жіберген адамды анықтап, сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру әдісі ретінде қолданамын.

Баланың қиялы мен таным түйсігін дамытуда ата ана мен ұстаздың бірлескен әрекеті тұлға қалыптастыруда орасан зор рөл атқарады. Жүрегіміздің бөлшегіне айналған балдай балапандардың ойы мен зеректігін дамытуда алдыға қойған мақсат айқын, жүйе сенімді болу керек. Тәуелсіз елдің жасы ретінде, өз Отанымның кішкентай бүлдіршіндерін жан жақты дамытып, үлес қосуға атсалысамын. Әр маман өз ісінің шебері болуы керек. Бала бойындағы қабілет, дарын, талант, бақша ағаштарындай бабын білсе, жайқалып өсетіні анық. Адам көңілінен орын алатын әдістемедегі тамаша әдіс-тәсілдер бала болашағының жарқын болуына ықпал етеді. Тағылым мен тәрбиеге толы ұрпақ тәрбиелеу әр педагогтің бұлжымас серті. Адамзаттың асыл мұраты, асыл болмыс бітімі, рухани байлығы болған білімді ұрпаққа санасына сіңіруде бағытымызды айқындап, бәкеге қабілетті табысты бала қалыптастыруда еңбек сіңіруіміз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Оқу құралы- А ,1986
2. «Qonzyuq» ақпараттық қосымшасы
3. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. –А, 2011

Жуманова Б. Б.

Теміртау қаласы, «Аққу» КМҚК арнайы балабақшасы»

АТА-АНАЛАРМЕН БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ІТ-ДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.

*Тәрбиелі, білімді ұрпақ,
Елімнің ертеңі мен мақтанышы!
Тәрбиесіз, білімсіз ұрпақ
Ертеңі жоқ- елімнің болашағы!*

Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақ. Бүгінгі ұрпақ ол ертеңгі еліміздің тірегі ақылы мол, мәдениетті, саналы, тәрбиелі азаматы. Ал, сол тәрбиені ең алдымен құрсақтан беріледі, әдет-ғұрып, өнеге, салт – дәстүр ұлттық болмысымызбен келетін тәрбие. Ата-бабамыз айтқандай бала тәрбиесі- бесіктен басталады. Сәби дүние есігін ашқаннан бастап, оған қамқорлық пен тәрбие беру, ата-ананың міндеті мен парызы. Бала үшін дүниедегі ең білімді, жетілген, мәртебесі биік, ол оның ата- анасы. Жанұядан бала мектепке дейінгі ұйымға келеді.

Мектепке дейінгі ұйым – болашақта дәстүрді сақтайтын, инабатты, ибалы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге үйрететін, тәрбие беретін орталық. Болашағымыз, еліміздің тірегін, жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен мектепке дейінгі тәрбиешілердің қасиетті борышы болып табылады. Болашақ ұрпақты тәрбиелеу барысында ата – ана мен мектепке дейінгі ұйым әрдайым тығыз байланыста болуы қажет.

Қазіргі заман талабына сай, ата-ана мен тәрбиешіні байланыстыра отыратын ақпараттық технологиялардың маңызы зор. 2020 жылы ел басына күн туғанда, елімізде болған төтенше жағдайға байланысты бүкіл әлемде коронавирус сырқаты асқынып, карантин жарияланды. Сол жылдары мектепке дейінгі ұйымдар мен ата- ана арасындағы тығыз байланысты аппараттық технологиялар арқылы жүзеге асты. Ақпараттық технологиялардың балабақша тәрбиешілерінің өмірінде маңыздылығы, тигізер пайдасы орасан зор болды. Осы қасірет басымызға түскелі, ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауда біліміміз біршама толықтырып желдірдірдік .

Ел болып сырқатты жеңіп, бұрынғы өмірімізге қайта оралып, ақпараттық технологияларды ата-аналармен жұмыста тиімді пайдалануды жүзеге асырдық.

Ата – ана мен жұмыс барысында ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігі:

1. Ата-ана мен бірлескен топ ашу (whatsapp, telegram). Желі арқылы бала тәрбиесіне қажетті ақпаратпен бөлісу.
2. Түрлі программалар арқылы бала тәрбиесіне байланысты слайд, сұхбат, сауалнама, кеңес құрастырып, ата-анамен бөлісу.
3. Ата – аналар жиналысын өткізу барысында ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану.

В КШЯС «Бахыт» оформляются уголки казахской национальной культуры. Например, домашние животные, казахские народные сказки, юрты, национальная утварь, музыкальные инструменты, куклы в национальных костюмах, символика Казахстана. Активное участие в оформлении уголков принимают родители. Не все дети заинтересовываются такими играми, а, чтобы вовлечь всех детей мы используем игры для флип-чарт доски, а также игры, с которыми дети могут создавать сказки и заканчивать, придумывать завершение любой сказки.

Основной метод-это игра. Особенно важно создать обстановку, способствующую желанию активно участвовать в игровом процессе. В рамках проекта «Әжемнің ертегесі» я использую игровое пособие «На страницах казахских сказок». Данное пособие предусмотрено для детей старшего и дошкольного возрастов. Пособие состоит из кубиков с казахскими сказками на каждой стороне. Его возможно применять как для учебных занятий, так и в индивидуальной работе с детьми. Некоторые игровые действия с использованием этого пособия. Игра «Расскажи сказку».

Цель: распознать произведение по изображению, пересказывать, соблюдая последовательность. На кубиках есть картинки, а действия расположены последовательно в соответствии с содержанием сказки. Дети по очереди собирают кубики в форме пирамиды и пересказывают знакомую сказку. Эта же игра имеется в электронном виде, которую запускаем на проекторе для командной работы.

Игра «По страницам природы Казахстана» игра создана в приложении ActivInspire, в данной игре малыши самостоятельно изучают природу городов Казахстана с главными персонажами.

Игра «В мире сказок». Эта игра состоит из кубиков с изображениями казахских сказок на всех гранях. Дети по очереди бросают кубик. Ребенок должен угадать сказку.

Игра «По страницам сказок». Цель: узнать сказку, собрав целое из частей. В предоставленной игре есть несколько разновидностей ее проигрывания.

1 вариант. Цель: узнавать сказку. Детям необходимо собрать целую картину из отдельных частей. Ребенок должен угадать сказку.

2 вариант. Цель: узнавать сказку, уметь ее пересказать. Те же кубик, но задача усложняется. Ребенок должен не только отгадать сказку, но и пересказать ее.

3 вариант. Цель: узнавать сказку, придумать концовку сказке.

Ознакомившись с изображением, узнает знакомую ему сказку и придумывает ей свой финал.

В диаграмме можно проследить как меняются показатели развития детей при использовании данного проекта, которые доказывают, что критическое, логическое и познавательное развитие детей углубляется и расширяется за счет организации игровой деятельности через использование IT игр в любой деятельности с детьми в течении дня.

В дальнейшем мы планируем создать картотеку электронных игр, которые смогут использовать все специалисты дошкольных организаций.

Использованная литература:

- 1.Алексей Астафьев, 13.07.2022, «Электронные технологии 21 века», Санкт –Петербург.
2. Морозова Т.Н. 2010 г., «Флир – чарт пособие» Москва

Хисамова С.В.

КГКП «Ясли-сад «Еркетай» город Караганда

IT-ТЕХНОЛОГИИ КАК НОВАЯ ФОРМА РАБОТЫ В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Невозможно представить современный мир без применения IT- технологий. Информационные технологии заполнили собой все области жизни человека. Их используют в быту, в науке, в образовании, в производстве. Компьютерная революция вытеснила из жизни человека механические машины, оборудование, технику, значительно облегчила быт людей. Молодое и подрастающее поколение быстро и с интересом осваивают новые предложения компьютерного мира, ориентируются в играх, заданиях, вычислительных операциях.

Информационно-коммуникационные технологии в детском саду – это актуальная тема сегодняшнего дня в дошкольном воспитании. Новое поколение осваивает цифровые технологии, которые являются частью цифрового Казахстана. Информатизация общества ставит перед педагогами задачу не отставать от требований времени, стать для ребенка-дошкольника проводником в мир новых технологий, сформировать у ребят основы информационной культуры. А для этого педагоги сами должны быть компетентны и обладать профессиональными навыками IT- технологий, уметь грамотно использовать цифровые технологии в образовательном процессе, соблюдать требования информационной безопасности.[3,с.5]

К сожалению, на деле все не так просто. Имеются противоречия между желаемым и действительным. Не все педагоги компетентны в информационных технологиях, не умеют пользоваться компьютерной техникой, далеки от профессионализма. Информационная безопасность также имеет слабые стороны. Дети лучше взрослых ориентируются в виртуальном мире, посещают нежелательные сайты, попадают под влияние информационных мошенников. Поэтому так важно формировать у детей информационную культуру, умение отличать хорошее от плохого, полезное от бесполезного. Необходимо, чтобы ИКТ стало инструментом, который человек будет использовать в профессиональной, образовательной и повседневной жизни в благих целях. И никак нельзя допустить, чтобы информационные технологии приносили человеку вред или опасность.

Главной целью и первым направлением информационно-коммуникативных технологий в образовательном процессе является создание единой образовательной среды для всех участников педагогического процесса: администрации, педагогов, детей и их родителей. Это поможет дошкольной организации функционировать и развиваться в формате открытой образовательной платформы.

Второе направление использования информационных коммуникативных технологий – это создание платформы сетевого управления, организация педагогического процесса и методической службы. Цифровые технологии позволяют координировать планирование,

контроль, мониторинг, отслеживать работу всех специалистов, способствует оптимизации деятельности дошкольной организации.

Третье направление – это родители воспитанников. Родители – активные участники педагогического процесса, они также вовлечены в информационно-образовательную среду дошкольной организации. При использовании интернет-ресурсов они имеют возможность отслеживать достижения своих детей на сайтах, следить за жизнью детского сада через интернет-новости, изучать педагогическую литературу, знакомиться с педагогическими разработками самих педагогов, изучать педагогические рекомендации по вопросам сохранения здоровья и воспитания детей. Таким образом, современные интернет-технологии способствуют возрастанию имиджа дошкольной организации в глазах родительской общественности.

Цифровизация образования – это процесс длительный, затрагивающий многие грани образования, ресурсы, процесс многоплановый и объемный. Чтобы создать информационно-образовательную среду в дошкольной организации, необходимо задействовать весь имеющийся потенциал: научный, методический, технологический, информационный, педагогический, организационный.

При планировании и внедрении компьютерных IT- технологий в образовательный и воспитательный процесс, необходимо знать, что успех при использовании любых средств информатизации определяется взаимосвязанными между собой аспектами ее обеспечения: техническим оборудованием, методическим сопровождением и организационными действиями. Важно помнить, что даже новейшее современное оборудование не обеспечит необходимого результата, если информационные технологии будут использоваться безграмотно и неумело, без необходимой минимальной методической подготовки и разработки обучающих и дидактических материалов, с нарушением эргономических, психологических и педагогических требований, то есть методически неграмотно.[4, с.3] Несколько лет назад педагоги и не мечтали о таком инновационном ресурсе, как IT-технологии.

Развивающие пособия, дидактический материал, наглядный материал – все приходилось изготавливать своими руками. Много времени уходило на поиск полезной информации в книгах и других печатных изданиях. В настоящее время для педагога раскрыты большие возможности для использования всего имеющегося развивающего материала, не прилагая больших усилий и не выходя из кабинета. Главное условие - уметь пользоваться компьютером и интернетом. Кроме этого необходимо научиться владеть компьютерными технологиями, которые активно применяются в обучающем процессе детского сада:

- ☐ «Сикырлы калам» - волшебная ручка, с помощью которой объекты, нарисованные от руки, преобразуются в правильные формы;
- ☐ интерактивная доска, довольно часто применяется в дошкольных организациях и позволяет перемещаться объектам в интерактивной плоскости доски;
- ☐ интерактивный пол – дети могут стать участниками происходящего на интерактивной плоскости;
- ☐ мультимедийная студия – это мультимедийный комплекс, с помощью которого можно создать мультфильм в пластилиновой, бумажной или песочной анимации;
- ☐ мультимедийный проектор и демонстрационный экран позволяют проводить работу с детьми в групповом разрезе при этом значительно снижается риск различных видов переутомления.

Цифровые технологии прочно вошли в воспитательно-образовательный процесс детского сада.

- ☐ Ведение документации.

Перспективные планы, циклограммы, мониторинги, отчеты – документация воспитателя, которые оформляются в электронном формате.

Зачисление детей в детский сад и отчисление из детского сада, электронная база питания воспитанников, информация по заболеваемости детей, начисление заработной платы сотрудникам, оплата за питание детей для родителей, формирование отчетов – документация административного персонала.

□ Организация воспитательно-образовательного процесса.

Использование мультимедийных студий, интерактивных досок, интерактивных полов, пишущих ручек, говорящих игрушек, интерактивных комплексов способствует повышению познавательной мотивации дошкольников, росту их личных достижений и ключевых компетентностей.

□ Организация повышения квалификации педагогов.

Через использование IT-технологий педагоги имеют возможность повышать свой образовательный уровень не покидая рабочее место: дистанционно проходить курсы повышения квалификации, изучать новые методики, проводить обмен опытом через ZOOM-платформу. Педагоги имеют возможность общаться не только с коллегами своего города, но всей республики.

□ Улучшение материально-технической базы.

Приобретение интерактивных досок, полов, комплексов, мультимедийных студий значительно улучшат материально-техническую базу дошкольного учреждения, повысят имидж организации.

□ Работа с родителями.

Используя интернет-технологии, QR- код, видеотрансляции педагоги и администрация детского сада всегда могут выходить на связь с родителями воспитанников, отчитываться о работе, представлять вниманию родителей поделки и работы детей, их выступления. Каждый родитель гордится своим ребенком и его достижениями. При такой форме работы авторитет дошкольной организации в глазах родительской общественности возрастает.

Таким образом, можно сделать вывод, что для современного дошкольного учреждения построение модели единого информационного и коммуникационного пространства через использование IT-технологии – это современный механизм эффективного управления организацией и педагогическим персоналом, переход на более эффективные и новые формы работы с родителями и воспитанниками.

Использованная литература:

1. Гирш И.С. «Использование информационно-коммуникационных технологий в воспитательно-образовательном процессе ДОУ» (статья из Интернета).
2. Источник: <http://doshvozrast.ru/metodich/pedoput24.htm>
3. Калинина Т.В. Управление ДОУ. «Новые информационные технологии в дошкольном детстве». М, Сфера, 2008
4. Образование и XXI век; Информационные и коммуникационные технологии. – М.: Наука, 1999.
5. Яковлев А.И. Информационно-коммуникационные технологии в образовании. 2005 г.


Шаймерденова Д.М.

Балқаш қаласы, «Айгөлек» КМҚК бөбекжайы

БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Бала – жан-жүрегіміздің айнасы, көзіміздің нұры, көңіліміздің шуағы.

Бала жанының бағбаны атанып, нұр шуағына бөлейтін тұлға болып қалыптасуға әсерін тигізетін бүгінгі күнгі әдістемелер көптің көкейінен орын алып үлгерді. Бала дамуына,



тұлға болып қалыптасуына негіз болатын бала саусақтарындағы ұсақ моторикаларды дамыту бүгінгі күні өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ал «ұсақ моторика» дегеніміз не? Моториканы дамыту балаларға не үшін керек? деген сұрақты ғылыми негізде саралап көрсем: физиологиялық тұрғыдан қарастырғанда, «ұсақ моторика дегеніміз - қолдың ұсақ бұлшық еттерінің

қозғалысы.

Балаларда ұсақ моториканы дамыта отырып, сөйлеуді, зейінді шоғырландырып, тілдің сөйлеуін жетілдіреміз. Себебі, қолдың саусақ қимылдары мен сөйлеу мүшелерін бақылайтын бастағы ми қыртыстары бір біріне жақын орналасады екен, сол арқылы қол саусақтары арқылы миға импульс жіберіледі де, міне осылайша сөйлеу аймақтары жетілдіріліп, бала сөйлеуге белсенді болады»[2]


Шынымен де ағзадағы барлық қозғалысқа жауап беретін ми қыртыстарының үштен бір бөлігі жүйке нүктелерінің кескіні алақан мен саусақтарда орналасады екен. Сондықтан, ғалымдар алақанды «екінші тіл» деп айтады. Белгілі ғалым, педагог-ағартушы В.А. Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазады. Бала қозғалысының ұшы қаншалықты епті, ісмер болса, соншалықты ойлау қабілеті мен сөйлеуі жақсы дамидыны айқын.[2]

Соңғы кездері қоғамда белең алған балалар арасында сөйлеу тілінің кешігуі, бұзылуы сияқты мәселелер бұл тақырыпқа терең қарауыма әсер етті. Бұл құбылыс баланың белсенді қозғалысының болмағандығынан, соның ішінде саусақ моторикасының жеткілікті дамымағандығынан туындайды. Бұрынғы уақыттарда қолдың моторикасына арнайы назар аударып, дамытуға аса қажеттілік болмаған, себебі балалар жастайынан еңбекке араласты, дақыл тазалады, қоқым терді, таза ауада ауылда құм, топырақпен көп ойнады, осылайша арнайы гимнастикасыз өздерін дамыта түскендігін көруге болады. Бүгінгі күнгі заманауи әлем, өмірлік бағдарымыз ауысып, қол күшінің қажеті болмай, уақытымызды үнемдеп, еңбегіміз еселей түсті, осының барлығы қол моторикасын арнайы гимнастика арқылы дамытуға себеп болып отыр.

Қол моторикасын дамытуды баланың кішкентай, сәби кезінен бастаса оң нәтиже беретіндігі даусыз. Саусақ жаттығуларының сәбиге арналған ең қарапайым әдістері: саусаққа арналған массаж, «Қуыр қуыр, қуырмаш» ойындары. Баланың танымы мен ерекшелігін кеңейту арқылы, «мына жерде май бар, мына жерде қант бар» деп әндетіп отырып, қолын созып, саусақтарына саялы массаж жасау арқылы, ең соңында қытықтау арқылы жарқын күлкіге ұласатын осындай жаттығу түрлері бекер тұрмысымыздан орын алмағандығын көрсетеді.

Балабақшада қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл қозғалыстарын дамыту маңызды, өйткені біз тек сөйлеу тілін ғана дамытып қоймай, баланың қолын қаламмен жазуға ашықтаймыз. Осы мақсатта қол гимнастикасын дамытудың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтарына бағытталған ойындар мен жаттығуларды ақпараттық технологияларды, смартфонға жүктелетін «Саусақ ойындары» қосымшасын пайдаланамын. (№1 сурет)

№ 1 сурет «Саусақ ойындары» АКТ пайдалану



Тәжірибемде ең қарапайым және актуалді ұсақ қол моторикасын жылдамдататын тәсілдерді ұсынамын:

Бірінші: Пазл, мозайка, құрастырғыш леги, моншақпен жұмыс жасау

Екінші: саусақпен ойындар

Үшінші: қол білезігі мен саусаққа массаж

Төртінші: мүсіндеу, илеу, жапсыру

Белгілі психолог, ми зейінін шоғырландыру және жылдам оқыту әдістемесін өз ерекшеліктерімен жеткізе білген Шамиль Ахмадуллиннің [1] логикалық және зейін

шоғырландыру курстарын «YouTube» желісі арқылы ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығуларды пайдаланамын (№2 сурет)



№2 сурет. Балабақшадағы IT құзіреттілік

Бірінші. «Баладан саусақпен сандарды көрсетуді сұрау» жаттығуы. Бала оң қолымен екі санын, сол қолымен үш немесе төрт сандарын көрсете алу керек. Бұл саусақ бұлшықеттерін дамытуға, есте сақтауға көмектесетін ерекше тәсіл. Осылайша дауыс екпінін үдете, жылдамдата отырып, тез сандарды көрсету жаттығуын жасауға болады.

Екінші. «Допты лақтыру» жаттығуын жасау. Бір қолға допты ұстай отырып, екінші қолды 15-20 см қашықтықта ұстайды. Доп екінші қолға барғанда, алақанмен жұмып, кезек-кезек екі қол арасында, қысып жұма отырып лақтырады. Алғашында допты 10-15см аралығында жіберіп ойнап, арақашықтықты ұзарта беруге болады.

Үшінші. «Қолға жаттығу» жасау. Екі қолды жұмып, жұдырық түйіп бірнеше рет қайталау керек. Римтге келген соң, оң қолды ашып, сол қолды жұмып, оң қолды жұдырық түйіп бірнеше рет гимнастиканы қайталау.

Төртінші тәсіл. «Екі қолмен бір мезетте жазып жаттығу» Ақ қағаз немесе кез келген қағаздың ортасына қарындашпен ұзын сызық жүргіземіз. Баланың екі қолына да фломастер мен қалам бере отырып, кез- келген әріпті дауыстап оқимыз. Алғашында бала оң қолымен әріпті дұрыс жазса, сол қолымен керісінше жазады, кейін оң қолымен керісінше, сол қолымен дұрыс жазып көреді. Бұл да қол моторикасын дамытуда өзіндік рөл атқаратын жаттығудың бір сипаты.

Қолмен қаламсап ұстауды үйренудің ерекше тәсілдерінің бірі «Үшке дейін санаймын» әдісі. Үшке дейін санап үлгергенше бала қарындашты өте жылдамдықпен алып үлгеріп, қағаз түзу бір сызық сызып, жылдам ғана қаламды қайта орнына қою керек. Осылайша сізде баламен бірге жарысып жазып көруіңізге болады. Бұл жаттығу қаламсапты баланың дұрыс ұстауына көмектеседі.

«Суретті аяқтап салу» әдісі көбінесе балабақша топтарында жиі жүзеге асатынын білеміз. Бұл да өз алдына ерекше тәсілдердің бірі саналатын ерекше жаттығу. Сізге алты дөңгелек, алты шаршы және алты үшбұрышты фигуралар салынған қағаз қажет болады. Егер бала сегіз жастан кіші болса, фигураларды аз салу керек, сөйтіп әр фигураны өзінің бала қиялымен сурет салу арқылы аяқтау тапсырмасын береміз.

Баланың ақыл-ойының дамуына, тұлғалық ерекшеліктерін қалыптасуына ойынның маңызы зор, әсіресе, қолдың ұсақ моторикасын дамытатын жоғарыдағы аталмыш ойындар бала денсаулығының мықты болуына әсер етеді. Бұл гимнастикалық жаттығулар арқылы баланың бойындағы агрессия басылады, невротик бала шықпайды.[3] Ойын нәтижесінде баланың бойында байқағыштық, төзімділік, табандылық секілді қасиеттер көрініс табады екен. Педагог-психологтардан сұхбат алу барысында: «ұсақ моториканы дамыту арқылы, баланың тілі жетіледі, ми қабаттарындағы зейіннің тұрақталуына ойын әрекеттері көп рөл атқаратындығына» көз жеткіздім. Ең қарапайым қолжетімді гимнастикалардың өзі баланың дамуына тамаша әсерін тигізеді. Мысалы: сегіз қырлы қарындашты алып, қолға үйкелеп, домалату арқылы баланың алақанындағы барлық нүктелерге ықпал етеміз. Бұл жаттығу арқылы ұсақ моторика емес, баланың бойындағы стресс деңгейі мен агрессия деңгейін төмендетуге болады. сонымен қатар, күнделікті түйме тағу, аяқ киімнің бауын байлау, фасоль мен бұршақты араластырып таңдап алу жаттығулары да көмекке келеді.

Баланың қиялы мен таным түйсігін дамытуда ата-ана мен ұстаздың бірлескен әрекеті тұлға қалыптастыруда орасан зор рөл атқарады. Жүрегіміздің бөлшегіне айналған балдай балапандардың ойы мен зеректігін дамытуда алдыға қойған мақсат айқын, жүйе сенімді болу

керек. Бала бойындағы қабілет, дарын, талант, бақша ағаштарындай бабын білсе, жайқалып өсетіні анық. Адам көңілінен орын алатын әдістемедегі тамаша әдіс-тәсілдер бала болашағының жарқын болуына ықпал етеді. Тағылым мен тәрбиеге толы ұрпақ тәрбиелеу әр педагогтің бұлжымас серті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ахмадуллин Ш. Развиваем мозг. Видеолекция
<https://www.youtube.com/watch?v=Nit6yjuT08c>
2. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Оқу құралы- А ,2001
3. Тебенцова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. –А, 2011
4. <https://erketai.kz/bala-densauligi/usak-motorikani-damitudin-bala-densauligina-aseri/>

*Шаймерденова Қ.М.
Балқаш қаласы, «Ер Төстік» КМҚК бөбекжайы*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕБҚЕ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ІТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Өз тәжірибесінде америкалық философ, педагог Джон Дьюи былай деген екен: «Егер бүгін кешегі күндей оқытатын болсақ ,онда біз балалардың ертеңгі күнін ұрлағанмен тең боламыз...» деп, осы сөздерді мақаламның дәйегі ретінде алсам, мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі оқу-тәрбие процесінде заманауи ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдану қазіргі мектепке дейінгі педагогикадағы ең жаңа және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Балабақша жағдайында әр түрлі ойындарда ІТ технологиясын қолдану қажет және орынды деп ойлаймын.

Қазіргі күні балабақшаға келген балаларды қарапайым ойыншықтармен ойнатып, көңілдерін аулап алдандыра алмайтынымызды біреу білсе біреу білмейтіні белгілі. Қарапайым суреттер мен көрнекіліктерді пайдаланып өткізген ойын уақыттарымыз да өз деңгейіне жетпей жатқандықтан әрі қарай ізденуге тура келеді. Қазіргі күнде балаларды тақтаға қарата алмаймыз, «мынаған қарайықшы» деп жатсақ экран іздеп отырған баланы көреміз.

Ал қолыңа телефон алып сонымен ән ойнатып немесе жиі ойнатылатын әуендер естілсе барлық балалардың көңілдері бірден экранға ауатыны барлығымызға мәлім. [1, б. 42].

Қазіргі заман - техника заманы қазір қоғамның өзі гаджетсіз жұмыс бітпейтінін шаруаның барлығы қолдағы экран ішінде екенін күннен - күнге дәлелдеуде. Дәстүрлі әдістерден гөрі маған заманауи ақпараттық технологиялардың, соның ішінде компьютерлік технологиялардың үйлесімі осы қиын мәселені шешуге көмектеседі. Өйткені, бүгінгі бала ол ертеңгі қоғамның бір бөлшегі.

Сондықтан балабақшада баланың білім беру қызметі кезінде белсенді, қызығушылықпен айналысатындай етіп ұйымдастыру өте маңызды. Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие ұйымы болғандықтан тәрбиешілер балаларға ақпараттық мәдениеттілікті қалыптастыруға , білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу жүктеледі. [2, б.83].

Бала тәрбиесі отбасынан басталады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілдермен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін күшейтеді.

Баланы заманына сай тәрбиелеу ол заманауи тәрбиешінің басты қағидасы деп айтар едім. Мен биылғы жылды қосқанда 10 жылдай уақытымды «Ер Төстік» бөбек жайының логопедтік-түзету тобында тәрбиеші болып жұмыс жасап келемін. Бұл топқа келген балаларға барлық әріптестерге белгілі ерекше сезім, ерекше көңіл ,ерекше білім қажет

етіледі. Балалармен өткізген уақытымның барлығын алдын ала дайындап, жоспарлап әр баланың ерекшелігін ескеріп, ойын-тәрбие үрдісін тиімді және жан-жақты ұйымдастырумен айналысудамын. [3, б.175].

Соның ішінде жаңа технологияны АКТ – ны меңгеріп өзімнің интеллектуалдық, кәсіптік деңгейімді көтеріп отырамын. Жан-жақты болу өз-өзімді дамыту, балалардың қызығушылығына мән беру, интернет желісін пайдалану, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруыма үлкен көмегін тигізуде. Күнделікті ойын әрекетінде балалардың білім алу кезінде белсенді қызығушылықпен айналысатындай етіп өтуіне АКТ-ның пайдасы өте зор. Мысалы: таным дағдыларын қалыптастыруға арналған ойындар өткізген кезде түрлі видеороликтерді арнайы дайындап қоямын немесе <https://youtube.com/> каналынан қосымша арқылы дайын бейнероликтер жүктеп көрсетіп отырамын. Түрлі технологиямен оның ішінде АКТ-ны пайдалана өткізілген ойындар, таным сағаттар балаларға оңай түсінікті және ұзақ есте қалады да кейін қайталауға да, есте сақтау қабілеттерін арттыру мақсатында жалғасын табады. [4, б.96].

Интернеттің көмегімен немесе түрлі анимациялық қосымшалар арқылы өткізілген ашық ойын әрекеттері балаларды ерекше еркін сезінуіне, сөйлеу қабілеттері көтеріңкі көңілдерінен сезіліп тұрады. Өйткені көбінесе жаңа тақырыптарды алғанда, балаға сіңімді болу үшін мен осы технологияны үнемі тиімді пайдалануды әдетке айналдырып, басқа әріптестермен бөлісуді жөн санаймын.

«Гүлдер» ересек тобында АКТ технологиясының көмегіне сүйене отырып «Әлемге саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өте жоғары бағаланды. Мен үшін ғаламтор, желі ресурстары және тағы басқа АКТ технологиялары көптеген күнделікті қоршаған ортамен таныстыру немесе зерттеу, бақылау уақыттарында табиғаттану немесе экологиялық жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. (табиғаттағы су айналымы, вулкан, өсімдіктің өсуі.). Ойлау процестерін белсендіруге көмектеседі (талдау, салыстыру және т. б.). [5, б.402]. Экранда ақпаратты ойын түрінде ұсынуым балалардың үлкен қызығушылығын тудырады, тек тыңдап отыратын балаларды белсенді әрекетке тартуға көмектеседі;



Тәрбие жұмыстарымда мультимедиа арқылы зейінді белсендіруге, балалардың білуге деген ынтасы артуына, көрнекі материалмен жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпалын тигізуде, әрбір ойындарда қойылған мақсаттарға қол жеткізуге, міндеттерді шешуге мүмкіндік береді және тұтастай алғанда тәрбиешінің білім беру жұмысын оңтайландырады. Ақпараттық технологияларды қолдану баланың заманымен білім алуы мен дамуына тиімді етуге мүмкіндік береді, бұл технология тек балалар үшін ғана емес, менің де жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіме септігін тигізуде. [6, б.96].

Қозғалыс, дыбыс, мультфильм баланың назарын аударып және олардың зерттелетін материалға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Менің балалармен бірлескен іс-әрекетімде өзіндік ерекшеліктерім, иллюстрациялық материалды тарата отырып, дыбыстық және бейне жазбаларды қолданамын. Мұның бәрін бізге мультимедиялық мүмкіндіктері бар компьютерлік техника немесе ноутбукпен қосымшалар арқылы іске асырамын. [7, б.186].

Қазіргі қоғамда желілік электрондық ресурстар-бұл жаңа заманауи әдістемелік және дидактикалық құралдарды таратудың ең ыңғайлы тәсілі, олардың тұрғылықты жеріне қарамастан педагогтарға қол жетімді. Электрондық ресурстар түріндегі әдістемелік материалдар, ойын әрекеттерді дайындауға, жаңа әдістерді үйрену үшін, тиісті көрнекілік құралдарды таңдау кезінде жиі қолданамын. Педагогтердің желілік қауымдастықтары қажетті әдістемелік әзірлемелерді табуға және пайдалануға ғана емес, сонымен қатар өз материалдарымды орналастыруға, іс-шараларды дайындау және өткізу, түрлі әдістемелер мен технологияларды пайдалану бойынша педагогикалық тәжірибеммен бөлісуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мессенджерлері мен Интернет-сайттарын пайдалану педагогпен мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың тиімділігін арттыруға

мүмкіндік берді. Бөбекжайдың жетістіктері мен тәрбиеленуші балалардың бөбекжайда өткізген уақыттары туралы толық ақпарат алу, чаттар мен электрондық пошта арқылы хабар алмасу – осының бәрі педагогтар мен ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Сонымен қатар ата-аналарды мектепке дейінгі мекеменің өміріне тартып, балалардың болашағы мен тәрбиесінің тікелей қатысушылары екенін міндеттейді. [8, б.205].

Қазіргі ата-аналар топтардағы ақпараттық қалталарға аз көңіл бөле бастады, тәрбиешілер назар аудармайынша хабарландыруларды сирек байқайды. Ата-аналар педагогтармен сөйлесіп, балалары туралы заманауи құралдармен ақпарат алуды жөн көреді: бөбекжай сайты, WhatsApp-тағы чаттар және т. б. Әрине компьютер немесе технология құралдары тәрбиешінің орнын толтыра алмайды, ол тек көмекші құрал ғана бола алады.

Дегенменде, 2020-2021 жылдарда ұзақ уақытқа созылған эпидемиологиялық жағдай кезінде осы технологияны жетік меңгерген педагогтар еш қиындықсыз жаңа тәсілдермен білім алудың жаңа форматына көшті. Үйде оқшауланып отырған балалар мен ата-аналарға қол жетімді және қызықты материалдармен бөлісе отырдық. Осы уақыт аралығында жаңа технологиялар педагогикалық процеске қатысушылардың рөлі мен қызметі өзгерген кезде балаларды бей-жай қалдырмайтын жаңа құралдарына айналды.

Қорытындылай келе, балабақша жағдайында АКТ-ны қолдану қажет және орынды болуы мүмкін екенін атап өткім келеді. Бұл әрине барлық энергиямен жаныңды беріп, шаршағанмен, артынан алғыстарын жаудырған ата-аналардың кері жағымды байланыстары сенің сенімді күшейтіп, қайта қанаттандырады. [9, б.21].

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту» .Алматы-2005ж.
- 2.Елеубай С. «Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары».Алматы, 2001ж.
- 3.Айтмамбетова Б.Р, Бейсенбаева А.А. Жеке адамның дамуы, тәрбиесі. - Алматы. КазПИ, 1991ж.
- 4.Балапанов Е.Қ, Бөрібаева Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқаулық- Алматы 2018ж.
- 5.Бүлдіршіндерге арналған компьютерлік сауат ашу бағдарламасы. Алматы, 2005ж.
- 6.«Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану», Педагогика, психология кафедрасы Калмурзина Р.С. Алматы 2019ж.
- 7.Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Нұр-Сұлтан, 2019ж.
- 8.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ақпараттандыру инфрақұрылымын дамыту саласындағы шетел тәжірибесін сараптамалық шолу». «ҰАО» АО Алматы-2012ж.
- 9.«Мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи әдістер мен технологияларды қолданудың жаңа үрдістері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары Астана, 2016ж.

Шаймұрат Дәмеш

Саран қаласы, «№ 6 жалпы білім беретін мектебі» КММ

STEM ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазіргі уақыттағы білім беру саласында іске асып жатқан шаралардың барлығы болашақ ұрпаққа жалпыадамзаттық, ұлттық жеке игіліктер негізінде білім беру мен тәрбие ісін неғұрлым алдыңғы деңгейге көтеруге бағытталып отыр. Бүгінгі таңда демократияландыру және ізгілендіру қоғамдық жағдайында ұлттық ерекшелігімізді

айқындайтын оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану, арттыру қажеттілігі туындап отыр.

Инновация (жаңалық жарату) - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені жаңарту, өңдеуде бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа тың идеяларды табу, тың нәрсені байқау, бақылауда жаңа заттар, жаңа әдістер, жаңа жолдар, жаңа орта, жаңалықтармен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт сыйлау.

Қазіргі уақытта әлемде технологияның төртінші революциясы болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технология, инновация мен әзірлемелер біздің өмірімізді барлық жағынан өзгеруде. Қоғамдағы сұраныс та, қазіргі уақытта жеке тұлғаның қызығушылықтары, әлемде технологиялық төртінші революциясына айналуға: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары инновациялық технологиялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп, қоғамдағы сұраныс пен бірге жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеруде. STEAM технологиясын ғылым, математика, , өнер және инженерия сияқты бір сөзбен біріктіріп атауға да болады. STEM ағылшын тілінен аударғанда 4 сөздің қосындысы.

Білім саласы бір орында тұрмайды. Дүниежүзілік білім саласында STEM жаңа тренд болып саналады. Бұл бізге енді келіп жатқан технология. STEM қазіргі заман талабына сай инновациялық жобалардың зертханасы деп айтуға болады. Өйткені, STEM қазіргі уақытта шет елдерде қарқынды дамып келе жатқаны бәрімізге мәлім. Сол елдерде STEM дамыған сайын, бәсекеге қабілетті ұрпақ та дамып отырады. Қазақстанда да бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті. Сол арқылы, ғылымға деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

STEAM технологиясы туралы не білу керек? STEAM туралы білу керек? бұл балалардың болашағына салынған инвестиция, бұл білім берудегі сән ғана емес бір маңызды нәрсе, бала онда бірнеше мамандықты игере алады, көпшіл, креативті, аудиторияға тез үйренетін болады және өз жобаларын қолдап, іске асырады. Кез – келген педагог технологияны, әдіс - тәсілді пайдаланғанда бала үшін тиімдісін, пайдасын іздейді. Біреу жақсы түсінсе, біреу өзінің шамасына қарай түсінеді. Бірақ, осы білімді қалай? қайда? қолданамын деп ойлағанмен бала оны түсінбейді, теорияға қызықпайды, сол арқылы теория қиын секілді көрінеді. Бала теория арқылы алған білімін, формуланы, ережені есінде қанша уақыт сақтай алады? Міне осы сәтте STEM ерекшелігі - бұл бірнеше саланы біріктіре отырып, алған білімді бірнеше салаға қоса отырып, жаңа бір қолданбалы зат жасап шығарады.

Сол арқылы бала ойлап, мен білімді қолданып жатырмын дейді . Міне осылай, STEM техникасында баланың жұмыс жасауы, бала үшін оны өмірде қолдана алу өте маңызды болып саналады. Бала өзінің жасаған бұйымын, өнімін көріп, жасау арқылы мотивациясы артады. Ал егер алған білімін қолданып, бір өнім жасай алмаса, оны не істейді? Ал, STEM әрбір балаға алған білімінің нәтижесін көрсетеді. Қазіргі уақытта балаларға арналған инновациялық құрал - 3D принтрлар, саймандар бар. Солардың бәрін қолданып, жоба шығарады. Қазіргі таңда бірнеше жобалар STEM зертханасы, STEM кітапханасы, ойыншық конструкциялар Қазақстанда жасалуда. Нақтылай келгенде, STEM мен функционалдық сауаттылықтың айырмашылықтары мен ұқсастықтары:

STEM мақсаты сабақта алған білімін функционалды сауаттылық өмірде қолданады. Бірақ бір бағыт бойынша жұмысын жүргізеді. Мыс: математикалық сауаттылық арқылы математика пәні бойынша артса, сауат ашу негіздеріі арқылы оқу сауаттылығы алға жылжиды. Бірақ алған білімін басқа пәндермен байланыстырып, бірнеше бағыт бойынша жүргізуге де болады. Олар: ғылым, технология, инженерия және математиканың бірлескен түрі.

STEM арқылы бала мотивация алады, теорияға деген қызығушылығы артып, оның маңызын түсінсе, сабаққа деген қызығушылығы артады, жоба жасай алады, идея ойлап таба алады, жан - жақты болады, бәсекеге қабілетті, сын тұрғысынан ойлай алады, дарынды бала

анықталады. Жаңа жоба жасай алу арқылы, еліне өз пайдасын тигізетін азамат болады. Осы STEM - ді бөлек үйірме ретінде жүргізуге де болады. SAPR грация - 330 бағдарламасы қолдану арқылы оқушыларды компьютерлік модельдеу, және дизайн қабілеттерін дамытуға ықпал етуі. Өлшем бойынша бұйым сызбасын құрастыру және модельдеуге үйрету. Модельдеу арқылы есте сақтауы, ойлауы және, шығармашылық қиялын дамытуы. Стратегиялық ойлауды дамыту. Технологиялық сауаттылықты қалыптастыру. АКТ тиімді қолдана білу мүмкіндігі артады.

SAPR грация бағдарламасында өлшем бойынша бұйым сызбасын дайындап, бұйым сызбасына өзгеріс енгізіп, модельдейді. Бұйымның үлгілерін көлемді пішінде шығара біледі. Бұйым бөлшектерін өңдей алады. Бұл обалаға болашақта алған білімін өмірде қолдануда үлкен мүмкіндік береді. Қазіргі балабақшада заманауи педагог алған білімдері өзгермелі әлемге баланың бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек.

Қорытындылай келе, қазіргі кезде еліміздің өркен жайын кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені, еліміздің болашағын толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі

Президенттің жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту.

Негізгі өзімнің мақсатым, ең кішентай балалар үшін дамыту ойын дайындығы болып есептеледі. Дамуда мектепке дейінгі келесі кезеңді дайындауда баланың жалпы дамуы, жас ерекшелігі мен маңызды, қисынды талдауға, жоспарлауға және қоршаған ортамен дұрыс қабылдауға үйренеді. Балалардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін абстракты ойлауға, әртүрлі мозайкалар, геометриялық пішіндерді ұсыну арқылы таным белсенділіктерін дамуына қолдау көрсетемін. Баланың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма жаттығуларының орыны ерекше.

Соның ішінде ойын –баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы баланың функционалдық сауаттылығын арттыруда өзіне қызықты ықыласы ауып, тыңдап алады. Жалпы баланың ерекше қасиеті сөйлеуі. Сондықтан бала тілінің дамуына ықпал тигізіп, белсенділігін арттырып отырамын. Бақылау, заттарды қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарды ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қорының дамуына ықпал жасаймын. Вариативті «Лего-құрастырушы» бөлімі арқылы құрастыру, эксперименттік және шығармашылық қызмет, математика негіздері арқылы қолданамын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А. К. Меңжанова. Мектепке дейінгі педагогика.- Алматы: Рауан, 1992.
2. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы/ Жұмабекова Ф. Н.- Астана:
3. Эльконин Д. Б. Психическое развитие в детских возрастах // Избранные психологические труды. – М., 1978.
4. Ш. Майғаранов «Мектепке дейінгі ұйымдағы оқушылардың рухани даму мәселелері».

Шаухарова У.К. Ибрагимова Ж.А.

Теміртау қаласы, «Қуаныш» КМҚК бөбекжайы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАР

Мектепке дейінгі білім беру барысы – әр адамның тұлға болып қалыптасуына негіз болатын, маңызды алғы шарттар жиынтығы біріктірілген, жауапты кезең. Сол себепті

педагогтар жан – жақты әдісті басшылыққа ала отыра, заманауи білім беруді жүзеге асырып, бүлдіршіндердің жаңашыл бағытта білім мен тәрбие алуына бар жағдай жасаулары тиіс.

Жалпы, заман ағымы дамыған сайын қоғам көз ілеспес жылдамдықпен дамып, тың бастамалар өзінің өзектілігін байқатуда. Сол себепті, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде IT қолдану аса үлкен қажеттілік.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды балабақша жүйесінде кеңінен қолдана отыра, бүлдіршіндердің танымдық қабілеттерін арттырып, цифрлық қоғамға бейімдеп, болашақта өз – өздеріне сенімді, кез – келген жаңартылған жағдайларға дайын болатын тұлға тәрбиелеп шыға аламыз.

Жалпы, мектепке дейін білім беру ұйымдарының атқаратын қызметі ұшан – теңіз. Ол кемелдеген келешектің қалыптасуына түрткі болып, ел тұтастығын сақтауға жол ашады. Осы орайда, айта кетуі керек, білім алуға, мекеме ұйымында тәрбиеленуге кез – келген бүлдіршін толыққанды құқылы. Инклюзивті білім берудің басымдықтары жаңашылдыққа аяқ басқан еліміз үшін қашан да өзінің өзектілігін байқатпак.

Қазіргі заманғы білім беруді жаңғырту, жаңа стандарттарды енгізу, жас ұрпақтың санасын рухани – адамгершілік бағдарларға аудару ізгілендіру мен білім алудың тең мүмкіндіктерінің идеясы өзектіленуде. Атап айтқанда, идеяларды ізгілендіру, дараландыру «Білім туралы» Заңда ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың және олардың ата – аналарының құқықтары туралы ереженің пайда болуына, білім алудың нысаны мен білім беру ұйымдарын өз бетінше анықтауға алып келді.

Инклюзивтік тәсіл бағытындағы білім беру ұйымы қызметінің негізгі бағыты – бұл ерекше білім алуды қажет ететін балаларды әдетте, құрдастарымен дамитын және «бірдей дәрежедегі серіктестер» құқығындағы ересектер ұжымына қосу болып табылады.

Егер дені сау бала айналамыздағы әлемді тек білім алу барысында ғана емес, сонымен қатар, көбінесе, балалар өздерінің құрдастарымен тікелей қарым – қатынас жасау мүмкіндігіне сабақтан тыс уақытта ие болады, ал үйде оқитын ерекше білім алуды қажет ететін балалар бұл мүмкіндіктен айырылады. Сақталған зият кезінде мұндай балаларда әлеуметтендіру тәжірибесі аз болады, олардың қоршаған әлем туралы тануы үстірт болып табылады, болашақ олар үшін белгісіз болып көрінеді. Көптеген балалар, оқыту мен тәрбиелеу мақсатында отбасы, мамандар және қоғам қабылдаған күш – жігерге қарамастан, ересек адам болып, әлеуметтік – экономикалық өмірге қосылуға дайын емес екендігін көрсетеді. Қазіргі қоғамда инклюзияны түсіну негізгі проблемалардың біріне айналды.

Ерекше білім алуды қажет ететін адамдардың қоғамда өздерін қалай жүзеге асыратыны маңызды емес, ең бастысы, адамзаттың осындай адамдарға деген қарым – қатынасы. Себебі әр адам айналасындағы адамдардың қолдауы мен қабылдауына мұқтаж. Инклюзия ерекше қажеттіліктері бар адамдарға барлық әлеуметтік процестердің формасы мен құралдарын таңдауға және іс – шараларға қатысуға шектеу қоймайды, білім берудің барлық деңгейінде, бос уақытты ұйымдастыру процесінде, барлық жағдайда олардың еркіндігі сақталады.

Қоғамдық ортадағы кедергілерді женетін сананы өзгертетін қолжетімді және жағымды ахуал жасау қажет. Сондықтан да заманауи әлемде инклюзия процесі қоғамдық өмірге, қандай да бір техникалық немесе ақпараттық өзгерістерді енгізу ғана емес, ең алдымен өмірге және оның құндылықтарына деген көзқарастардың өзгеруі.

«Инклюзивтік мектепке дейін» [1] нұсқаулығында мүмкіндігі шектеулі жандардың теңдігін түсіндіру үшін әңгімелерді, әндерді, музыканы, қойылымдарды, рөлдік ойындарды, сурет салуды, теледидарды және фильмдерді қолдану ұсынылады. Адамның онтогенетикалық дамуының әртүрлі кезеңдерінде бұл әдістерді пайдалану жас ерекшелігіне ие болады.

Мектепке дейінгі жас шамасы толеранттылыққа негізделген жеке қасиеттердің көпшілігін қалыптастыруға оңтайлы, себебі бұл кезеңде балалардың қарқынды дамуы орын алады, әлеуметтік қатынастар саласына деген қызығушылық пайда болады, мәдени нормалар мен мінез – құлық ережелерін игере бастайды, өзін – өзі басқару мен өзін – өзі реттеу

басталады, құрбылармен қарым – қатынас бағалы болады, басқа адамдармен ынтымақтасу қажеттілігі бар, оларды тану және құрметтеу, өзара көмек пен қайырымдылыққа, олардың теріс импульстарын шектеуге және конфликт жағдайларын сындарлы түрде шешуге дайындық бар. [2, 61 б.].

Кішкентай білім алушылармен жұмыс істеу әңгімелер, әдеби шығармаларды оқу және талдау, анимациялық фильмдерді қарау және талқылау, анимациялық фильмдерді қарау және талқылау, өнер элементтері мен ертегі терапиясының жаттығулары болып табылады. Заманауи әлемдегі арнайы білім қажеттіліктері бар адамдардың өміріне әдетте дамып келе жатқан балаларды таныстыратын «Мейірімділік сабақтары» циклын, адамдарға көмектесу және олармен қарым – қатынас жасау ережелерін қарастыруға болады. [3].

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке – дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Кез – келген ата – ана өз бүлдіршінінің толыққанды ортада өсіп – жетіліп, өзге балалар секілді дамығанын қалайды. Әрине, туа бітті кемістігі болса да, ол қоғамнан шеттетілмеуі тиіс. Керісінше, өз қатарластарымен бір деңгейде тәрбие мен білім алу, ерекше жаратылған бүлдіршіндердің өздеріне деген сенімділіктерін арттырып, қоғамға оң көзқарас қалыптастыруға түрткі болатыны сөзсіз.

Инклюзивті білім беру әлемдік білім кеңістігінде білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің тиімді механизмі болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ жоғары комиссарының басқармасы атап өткендей, инклюзивті білім беру мемлекет тарапынан адамның құқықтарын шектемей жалпы білім берумен қамтамасыз етудің оңтайлы тәсілі ретінде танылған.

Қазіргі заманда инклюзивті білім беру – бұл барлық дамыған мемлекеттерге қатысты болатын жаһандық қоғамдық процесс. Әлемдік қоғамдастықта сапалы білімге тең қолжетімділікті жүзеге асырудың тиімді механизмдерінің бірі ретінде танылған инклюзивті білім беру білім жүйесінің барлық компоненттерін қайта түсіндіруді талап ететін көп аспектілі процесс болып табылады. [5, 21 б.]

Инклюзивті білім қажет ететін және денсаулығы бірқалыпты бүлдіршіндердің басын біріктіре отыра, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңартылған бағытта жоспар құрып, нақты әдіс – тәсілдерге сүйене отыра жұмыс жасау қашан да өзінің өзектілігін байқатпақ.

Біз озық елдермен иық тіресе дамып, басымдығымызды байқатып келе жатқан мемлекетпіз. Олай болса, жас буын өкілдерін ерте кезден инновациялық технологиялармен таныстырып, оның артықшылықтарын тәрбиелеу құралы ретінде сәтті пайдалана білсек, оң нәтижеге қол жеткізетініміз анық.

Қазіргі балаларды оқыту кезінде ерте жастан бастап өмір бойы білім алу үшін жаһандық дағдылар мен ынталарын қалыптастыру өте маңызды. Осыған байланысты білім берудің мақсаты білім алушылардың үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы, кең ауқымдағы дағдыларға ие білім беру кеңістігін құру болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында бүлдіршіндердің қажеттіліктері мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқытудың нысандары мен әдістерін таңдау тұрғысынан неғұрлым икемді және бейімделген, сонымен қатар, білім берудің жаңартылған мазмұнының бағдарламалары саралау және дараландыру принциптерін ұстануға жеткілікті жеңіл түрде мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда барлық мекеме тиісті құрал – жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жаңартылған үлгіде жұмыс жасауға барынша қолайлы орта қалыптастырылған. Түрлі әдіс – тәсілдермен көкмерілген оқыту мен тәрбиелеу бүлдіршіндердің қызығушылығын оятып, балабақшаға зор ынтамен келуге мүмкіндік беріп, сонымен қатар жақсы дамуына негіз болады. Инклюзивті білім алуды қажет ететін жандар үшін де ақпараттық – технология өзінің көп көмегін тигізеді. Цифрлы сауаттылық қашан да кенже қалмауы тиіс.

Біз талай жылдық тәжірибесі бар тәрбиешілер ретінде үнемі кез – келген тың бастаманы қолдап, практикада іске асыруға тырысамыз. Біліктілікті толықтырып отыру, жаңа көзқарасты игеріп әкету, заман талабына сай болу әр маманның алдына қойған басты міндетіне айналуы тиіс. Бүгінгі бүлдіршіндер – ертеңгі ел іргесінің тұтқасын ұстайтын тұлғалар. Саналы ұрпағымыз көп болсын!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. На пути к инклюзивной школе: пособие для учителей. Разработано в рамках Недели инклюзивного образования 14 – 21 ноября 2005 г. РООИ «Перспектива». М., 2005.
2. Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар = Методические рекомендации по формированию инклюзивной культуры в организациях образования [Мәтін] : әдістемелік ұсынымдар / ; ҚР Білім және ғылым мин-гі ; Ы. Алтынсарин атын. Ұлттық білім акад. - Нұр-Сұлтан : Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ; Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019 . - 319 б.
3. Пособие по проведению «Уроков доброты» со школьниками младших классов /авт. – сос. Е.Выгоская, Ю.А.Симонова, Н.Хлудов, С.Прушинский, М.Перфильева; ред. – сост. О.Пестрякова. – М.; Изд.РООИ «Перспектива», 2012.
4. Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығының ережесі = Положение о ресурсном центре инклюзивного образования [Text] / ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ; Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы - Астана : [б. ж.], 2016 . - 55 с.

Шахаева А.Ж.

Ақтоғай ауданы «Аққыз» КМҚК бөбекжайы

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі балалар ұйымы - жетілдіруге, дамуға ұмтылатын, жаңа мүмкіндіктер іздейтін, баланың, отбасының, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлар жасайтын, мұғалімдердің шығармашылық, кәсіби жұмысына жағдай жасайтын, заманауи талаптарға жауап беретін күрделі мекеме. Білім беру процесіне инновацияларды енгізу - балалармен жұмыс істеудің тиімді түрлерін шығармашылық іздеуге бағытталған уақыт талабы.

Бұл көбінесе мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің сапалы өзгеруіне ықпал ететін инновациялардың қаншалықты тиімді игерілуіне байланысты. Қазіргі уақытта әрбір мектепке дейінгі ұйым инновациялық қызмет саласына енгізілген. Инновациялық өзгерістер жүйелі сипатқа ие болады. Мектепке дейінгі ұйымдардың жаңа түрлері, профильдері мен түрлері, баланың жеке басына және оның отбасының сұраныстарына бағытталған жаңа білім беру бағдарламалары құрылды.[1]

Балабақша ұжымы даму режимінде жұмыс істейді, бұл білім беру қызметі инновацияларға негізделгенін білдіреді.

Инновация (инновация) — әлеуметтік-психологиялық аспектіде — әлеуметтік тәжірибеде маңызды өзгерістер тудыратын әртүрлі инновацияларды құру және енгізу. Балабақшадағы жаңалықтардың себептерінің бірі-педагогикалық ұжымның халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, оларды әр түрлі етуге деген ұмтылысы. Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда қолданылатын көптеген озық педагогикалық теориялар мен әдістер бар:[2]

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне инновациялық технологияларды енгізу, олардың кейбіреулері білім сапасын арттырудың шарты ретінде; "еркін білім берудің"

